



АБАЙ МАРАСЫ

- ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ
ҚАЗЫНАСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБІЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

**АБАЙ МҰРАСЫ – ҚАЗАҚТЫҢ
ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНАСЫ**

(Респубикалық ғылыми-теориялық
конференцияның материалдары)

**Алматы
2009**

Редакция алқасы: Т.Әлібек, Ш.Елеуkenов, Г.Жұмасейітова,
С.Қасқабасов, С.Қирабаев, С.Қорабай,
Ж. Ісмағұлов.

Құрастырушы – жауапты редактор: филология ғылымдарының
кандидаты Т.Әлібек.

А 13 Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы: Респ. ғыл.
теор. конф. материалдары. / Құраст – жауапты ред. Т.Әлібек. –
Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009.
– 128 бет.

ISBN 978-601-7038-47-2

Жинаққа Абайдың «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғылының өлеңі» атты тұнғыш кітабының (Санкт-Петербург, 1909) алғаш рет жарық көргеніне 100 жыл толына байланысты 2009 жылдың 2 маусымында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған «Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары енгізілді.

УДК 821.0
ББК 83.3 (5 Қаз)

A 4603010000
—
00(05)-09

ISBN 978-601-7038-47-2

© М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институты, 2009
© КИЕ» лингвоелтану инновациялық
орталығы 2009

Сейіт Қасқабасов

КІРІСПЕ СӨЗ
(Абай поэзиясының табиғаты туралы тезистер)

Бүгінгі біздің конференциямыз – абайтану тарихы үшін айтуды оқиға. 1909 жылы Абай шығармаларының жеке кітап болып баспадан шыққаны – ұлы ақын мұрасын таныш-блуде, зерттеуде, насиҳаттауда үлкен рөл атқарды. Содан бері Абай шығармалары жеке том болып, бірде академиялық түрде, бірде ғылыми-көпшілік түрде 1916, 1922, 1933, 1939-1940, 1945, 1954, 1957, 1961, 1977, 1995 жылдары он рет жарық көрген екен. Эр басылым сайын ақын мұрасы толықтырылып, жинақтарға енгізілген шығармаларға тиісті дәрежеде түсінік беріліп, ілкі басылымдармен салыстырылып отырған. Олардың біреуі жақсы, біреуі нашар деп бағалау дұрыс болмас еді, әрқайсысының өз орны бар. Дей түрганмен, 1933 және 1957 жылғы басылымдарды Мұхтар Әуезов жүзеге асырғанына айрықша мән беруіміз керек, ейткені бүкіл өмірін Абайды зерттеге, оны ғылыми енбектерінде де, көркем шығармашылығында да насиҳаттауга арнаған Мұхан ұлы ақынның әр сөзіне үніле караған, жан-жақты зерттеген. Оның үстінін Мұхтар Әуезов бала кезінен Абай поэзиясымен сусындаған, хатты сол арқылы таныған. Демек, Абай дүниесі – Мұхаңың рухани әлемі.

Ал, 1909 жинаққа келсек, оның жарыққа шығу тарихы белгілі. Осы 100 жылдықты пайдаланып, біздің Институт сол 1909 жылғы кітапты сол күйінде, факсимиле шартымен қайтадан жариялад отыр. Ғылымның талабы бойынша араб әрпімен басылған мәтіндер еш өзгергілмей кириллицаға аударылды. Эр өлең 1995 жылғы соңғы академиялық басылыммен салыстырылып, ондағы өзгерістер әр бетте көрсетіліп отырды. Енді маマンдар да, жай оқырмандар да Абай шығармаларының алғашқы басылымын сол күйінде оқып, кейінгі басылымдардағы түзетулердің мәнісін ұғуға мүмкіндік алады. Мұның өзі абайтануды дамыта түсуге ықпал етеді деп ойлаймыз. 1909 жылғы жинақты оқып отырып, Абай поэзиясын тағы бір шолып шығу мүмкіндігіне ие болдық. Соның арқасында Абайды басқа бір қырынан тануға, яғни поэзиялық тұлға ретінде түсінуге болатынын байқадық. Абайды көбінесе демократ, гуманист, ойшыл деп әлеуметтік-философиялық жағынан бағалап келсек, енді оны ақын ретінде, оның поэзиясының құдіреті неде деген түрғыда қарастыру қажеттігі туды. Осы ойдың алғашқы көріністерін тезис формасында назарларыңызға ұсынуды жөн көрдім.

Құрметті әріптестер! Абай шығармашылығының ең басты сипаты қандай десек, ол – жаңашылдық, шыншылдық, сыншылдық және сыршылдық. Бұл қасиеттердің жекелеген түрі бұрынғы әдебиетте де болған, айталық, шыншылдық; ол терен түрде болмаса да, жыраулар мен ақындар поэзиясында болды, бірақ ол басқа формада, яғни болмысты көбінесе сырттай сипаттау, яки болмаса өткенмен салыстырма түрінде болатын, сол себепті онда кейде утопия да үшырасатын. Ал, Абайдың шыншылдығы басқа деңгейде, ол жалаң емес, жаңағы аталған жаңашылдықпен, сыншылдықпен, сыршылдықпен біргүтас байланыста, бұлар бір-бірінен нәр алып, біріне-бірі әсер етіп тұрады, сөйтіп ажырамас көркемдік жүйе құрайды. Солай болса да бәрінің түбірі, табан тірер тұғыры, негізі әрі тірегі – жаңашылдық. Оның бірнеше себебі бар: экономикалық, әлеуметтік, тарихи, мәдени.

Бәріміз жақсы білеміз – Абайдың шығармашылық апогейі – XIX ғасырдың соңғы он бес жылына тұспа-тұс келді. Бұл кезең – Ресейге толық бодан болған қазак еліне қайшылығы мол жаңалықтар, өзгерістер экелген дәуір болатын. Ресейдің ішкі администрациялық жүйесі еніп, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын, қоғамдық құрылымын, әдст-ғұрпын бұза бастады, елдің ішкі тіршілігі, адамдардың өзара қатынасы, – бәрі басқаша сипат алды. Мұның бәрі, сөз жоқ, дәстүрлі мәдениет пен әдебиетке жаңа эстетикалық міндет пен мақсат жүктеді. Ежелден келе жатқан халық әдебиеті мен ақындар поэзиясы жаңа үрдісті толықтай қабылдай алмады, әрі оны толыққанды, өзгерген ұғымға сай етіп бейнелей алмады. Өмір жаңа әдісті, жаңа стильді, жаңа түрді, жаңа тақырыптарды талап етті, ал мұның өзі, түтеп келгенде, жаңа әдебиетті туғызды. Бұл тарихи миссия Абайға бұйырды. Ол қазақ қоғамы үшін тарихи қажеттілікті жақсы түсінді де осы миссияны орындауды, бар ауыртпалығымен, киындығымен бірге, мойнына алды. Сөйтіп, Абай жаңа әдебиеттің негізін қалады, жаңа тақырыптарды ашты, оларды тиісті дәрежеде суреттеу үшін жаңа әдісті, жаңа стильді жаңа өлең өрнектерін тапты. Мұның бәрі ұлы ақынды үнемі ізденістерге итермеледі, жаңашыл болуға мәжбүрледі. Әрине, бұл жолда ол өзінің үйіз сусыны – халық поэзиясынан – ақын, жыраулардан және Шығыс пен Батыс классиктерінен үлгі алды, алғанын түтелімен дірменше қайта үтіп, жаңаша шығарды. Жаратушы дарыткан ұлы талантты бұл істе Абайды мұлде басқа, жаңа бағытқа сілтеді, оның бүкіл шығармашылығына жаңашылдық қасиет сыйлады.

Абай мұрасы – қазактың үлттық казынасы

Осы жаңашылдық өз тарапынан шыншылдықты қажет етті. Өз заманының болмысын, күллі тыныс-тіршілігін барлық қайшылығымен, қуанышымен, қүйзелісімен түгелдей терен де жанжакты бейнелеуді ақын өзінің басты міндепті деп білді. Өмірде болып жатқан өзгерістерді Абай екінші түрде қабылдады. Бір жағынан, келіп жатқан жаңалыктардың ұтымды, позитивті жақтарын макұл көрсе, екінші жағынан, зиянды, негативті жақтарын қабылдамай, сынға алды. Сол тұстағы қазақ қауымының тіршілігі мен сана-сезімінде орын алған қайшылықтарды, жағымсыз жайттарды ашы шындықпен, қанын шығара көрсетті. Ресей отарлауының кесірінен болып жатқан қазақ арасындағы жосықсыз мінездер мен іс-әрекеттер, сондай-ақ отаршылдардың озбырлықтары мен аярлығы қазақ қоғамын шірітуге айналғанын ашына, қүйзеле айтты. Бұған бір жағы қазақтың өз ішіндегі алауыздығы мен берекесіздігі кінелі екенін көріп, соның шындығын жаны қинала ашып, жаланаштап көрсетті. Қазақ жұртының айығуы қын дертке ұшырағанын, қазақ өмірінің барлық саласы басқа арнаға түскенін, адамдардың піғылты өзгергенін дәл Абайдай ашық түрде бар шындыкты жайып салған ақын XIX ғасырда болған жоқ.

Абайдың осы шыншылдығы сыншылышқа ұласты. Өзі көріп жүрген күллі жамандықты, куә болған заңсыздықтарды, озбырлықты, ел ішіндегі екіжүзділікті, арамдықты, тағы басқаларды ол шыншылдықпен суреттеп қана қоймай, ашы сынға алды, аямай түйреді. Қазақты дәл Абайдай ешкім сынаған емес. Бұдан ол қазақ халқын жек көрді деген ой тумауға тиіс. Керісінше, ақын өз халқын жанындағы сүйді, қауымның кемшиліктерін сынау арқылы халқын жетілдіргісі келді, ширатқысы келді, сондықтан да ол жана өмірге сай болуға, білімге, рухани өсуге, азаматкерлікке (гражданственность) шақырды. Жеке адамның да, жалпы қауымның да кемшилігін сынауды Абай – қазақ қоғамын түзетудің құралы, амалы деп білді. Жеке адам арқылы бүкіл жүртқа ортақ келенсіздіктерді жою, сөйтіл қазақты жаңа салаға көтеріп, өз жағдайы үшін, әділет үшін күресе алатын, отаршылдармен тең сөйлесіп, керек болса тойтарыс беруге жарайтын азаматты қалыптастыру – Абай үшін үлкен арман, зор мақсат болды. Міне, Абай сыншылдығының детерминдік мәні осында жатқан тәрізді.

Абай поэзиясын ерекшелендіріп тұратын тағы бір қасиеті – сыршылдық. Оған дейнінгі поэзияда адамның ішкі дүниесіне, жан сезіміне терендей бойлап, түкпіріне үніліп, әр сәттегі көніл-куйін сипаттап, өзінің де, өзгениң де басында болатын алуан түрлі психологиялық жағдайды суреттеу болған емес. Автордың және

лирикалық кейіпкердің жан сырын, көңілдегі ойын, жүрек лұпілін, ғашықтық сезімін, күйінішін, ренішін дәл басып, айқа-ра ашып суреттеу – казак поэзиясына сыршылдықтың ең нәзік әрі ойлы түрін енгізу болды. Ақынның сезімге толы өлеңдерін оқыған шақта адамның көкірегінде жатқан шерді де, көңілдегі ойды да, ешкімге жария етпейтін құпия сырды да өзіннін ба-сынан кешіргендей боласың. Осы шығармалардан адамның жан рахаты неде екенін, жан сұлулығы мен тән сұлулығы біртұтас болу керектігін көресің, ойға қаласын және ұғынасың.

Абай шығармаларын оқып қана қоймай, оны түсініп, түсініп ойлансақ, ұлы ақынның тағылымы қандай, одан әрбір ұрпак, соның ішінде біз де нені ұлағат етуіміз керек, нені үйреніп, бой-ымызыға сініруіміз қажет деген мәселе – өте актуальді екенін айтуымыз керек. Меніңше, Абайдың бізге қалдырыған есінеті – ең алдымен адамды, сол арқылы қоғамды түзету, жетілдіру си-яқты. Ол үшін не істей керектігін Абайдан табамыз. Олар:

1. Үнемі іздену, жаңалыққа ұмтылу, өмір талабына сай болу, яғни жетіле түсу, осу;
2. Үнемі өзіңе сын көзбен қарау, кемшилігінді көре білу, соны түзетуге тырысу;
3. Қандай аңы болса да, шындықты айта білу, яғни азамат-керлік (гражданственность) таныту;
4. Адамды, табиғатты аялау. Басқа жанды бағалай білу, оны түсіне білу, оның сезімін, ой-ерісін ұғу, кастерлеу;
5. Қоғамға пайдалы болу, оның лайықты мүшесі болу және оны жетілдіруге жұмыс істей.

Құрметті әріптестер! Абай поэзиясын қайта бір оқып шықканда туған ойлар – осы болды. Бұл жерде мен тезис түрінде айтқан тұжырымдар – ақынға бұрынғыдай саяси-әлеуметтік, идеологиялық тұрғыдан емес, оның поэзиясының табиғаты, ерекшелігі қандай деген шартта негізделген көзқарас. Мен Абайдың гуманизмі, ағартушылығы, демократтығы деген мәселелерге барғам жоқ, себебі менің ойлағаным – Абай тағылымы мен дәстүрін қалай түсінеміз деген проблема еді.

Қадірлі қауым! Абайдың асыл өлеңдерінің топталып, жеке жинақ болып жарыққа шыққанының 100 жылдық құрметтіне арналған конференцияны ашық деп жариялауға рұхсат етініз-дер.

НЕГІЗГІ БАЯНДАМАЛАР

Ж.Ысмагұлов

Қазактың рухын оятқан басылым (Абайдың алғашқы жинағы туралы)

Абай шығармаларының алғашқы жинағының жарық көруі жайындағы оқиғалар қазіргі оқырман қауымға жақын таныс. Ол туралы жазылған естеліктер де баршаға мәлім. Сол естеліктерде кімнін не туралы, кім туралы жазғанына карай, арасында кейбір айърмашылықтар бар екені де бекер емес. Бірақ осы іске тікелей қатысы бар адамдардың өз аузынан айттылған, өз қонымен жазылған деректерден туындағының даусыз анық мағлұматтардың орны өз алдына, ерекше.

Біз соларға сүйенеміз.

Бұл орайда біздің алдымен ауызға аларымыз – Құрметті Әлекеннін, Әлихан Бекейхановтың Кәкітай қайтыс болғанда жазған қазынама мақаласы (Мұнәһит. «Қазақ», 1915, № 105, Орынбор). Онда былай деп жазылған: «1904-інші жылы Абай мархұмның өлеңін кітап қылышп ғасындар деп балаларына хат жаздым. 1905 жылдың әпрел аяғында Кәкітай Абайдың жазба кітабын алып, Омбыдағы маған келді... Кәкітай біздің үйде бірер жұма жатты. Абай, Пушкин, Лермонтов сөздерін бірге оқып, мәз-мәйрам болдық. Анық таныстық. 5-ші майда Семейге қазак пен саясат ісін кеңесуге мен бұғып бардым. Пароходта Кәкітаймен бір жүрдік. Соңан бері саясат ісінде бір одақ болдық» (Бекейхан Әлихан. Таңдамалы. Избранное. Алматы, 1995. 418-бет).

Енді Кәкітайдың баласы Эрхамның өз экесі жөніндегі естелігіне келейік.

«1905 жылы жаз басында, – дейді Эрхам, – Кәкітай Абайдың зор қарызын өтеуге бел байлап, дайындық жасады. Ен әуелі кең етіп «Абылайша» деп аталатын қос жасатты. Соңан соң өз ауылында ескіше бала оқытып жүретін Мұрсейіт Бікі баласы деген молданы босатып алып, бала оқытқаннан табатын пайданды мен беремін деп міндеттеніп, сол қосқа отырғызып, қағаз, қарындаш, қалам, сия сыйылды жазу аспаптарын түгендереп беріп, Абайдың ел аузына тараған, одан әркім жазып алып, сақтап жүрген өлеңдерін, кара сөздерін жинап, өзі қарал, реттеп беріп, Мұрсейітке көшіріп жазуды тапсырады...

Кәкітай, Тұрағулдар жинап берген Абай шығармаларын 1905 жылы жаз айының басынан бастап көшіріп жазуға отырған Мұрсейіт жазу жұмысын 3-4 айдың ішінде аяқтап шықты.

Абай шығармаларының көшірме қолжазбасы дайын болған соң Қекітай Омбы қаласына аттанады» (Қайым Мұхамедханов. Абай мұрагерлері. – Алматы: Атамұра, 1995.).

Қ.Мұхамедхановтың бұл жазғаны – Әлиханның Абай шығармаларын кітап қылыш бастырындар деп хат жолдағанынан кейінгі, сол ұснысты жүзеге асыру жөніндегі алғашқы атқарылған жұмыс. Әлекендиң жоғарыдағы жазған Қекітай туралы естелігіне сәйкес келіп тұр. Жалғыз-ақ айырмасы – Әлихан Қекітайды Омыға «1905ж. сәуірдің аяғында» барды десе, Қайымның айтуында Қекітай Омбыға шілденің аяғында барған болып шығады.

Ә.Бекіханов жаңағы Қекітай жөніндегі естелігінде тағы да мынадай жәйттерді баяндайды: келесі 1906 жылы қантардың бас кезінде ол Керекуден Семейге бара жаткан жолда, Ямышевскі (қазақша Тұзқала) деген жерде тұтқындалып, абақтыға қамалады. Осы хабарды алдын-ала естіген Қекітайлар оны жасылығын тайдышып жібермек болып, алдынан көлік жібереді, бірақ олар үлгермейді, Әлекен полицияның қолына туседі. Ол кісіні қашырып жіберу амалын Тұзқаладағы қазақтар да ойластырган еken, бірақ Бекіханов оған қонбейді. «Мен қашып кетсем, елге отряд шығады, халықта бұлік салады. Сондықтан зан жүзінде өзім айтысамын» дегендегей рай білдіреді.

Бұл жердегі біздің ерекше назар аударып айтпағымыз: ешбір қылмысы жоқ Бекіхановты сонай Петербургте отырған билікші граф Витте мен зан министрі Акимовтың нұсқауы бойынша біраз уақыт бір жерде абақтыға жауып қойып, алдағы Мемлекеттік думаның сайлауына қатыстырмау еken. Бірақ «аққа құдай жақ» дегендегей, полиция оны ешбір себепсіз Тұзқала мен Омының түрмесінде төрт ай ұстағанына қарамастан, Семей облысының халқы Әлекенді бір ауыздан жактап, Мемлекеттік думаға депутат етіп сайлайды.

Бұл орайдағы біз үшін ерекше манызды бір факт: осы сапарда келе жатқанда Ә.Бекіхановтың портфелинде Абай шығармаларының бір дана қолжазбасы бар еken. Тінту кезінде түрмे әкімшілігінің қолына түскен осы қымбат бұйымды (басасын 5 мың сом деп арнайы көрсетіп) жоғалтып жібермеулерін талап етіп, Әлекен прокурорға арнайы шағым жазады.

* * *

Абай мұрасының алғашқы басылымына байланысты оқиғаларды көнірек таратып айтатын болсақ, бұдан бір жыл бұрынғы елеулі жәйтті тағы бір еске түсіруге тұра келеді.

Абай мұрасы – қазактың ұлттық қазынасы

Ақынның қайтыс болуының бір жылдығына орайластыра, 1905жылғы қарашаның 25-27-і күндері қалалық «Семипалатинский листок» газетінің үш нөмірінде (250–252) Әлихан Бекейхановтың «Абай (Ибраһим) Кунанбаев» деген тақырыппен көлемді азанама-мақаласы жарияланған болатын.

Келесі жылы дәл осы мерзімде бұл мақала облыстық «Семипалатинские областные ведомости» газетінде қайталап басылды. Және бір жылдан кейін, 1907 жылы Әлекеннің бұл енбегі Императорлық Ресей Географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі шығарып тұран «Запискаларда» Абайдың суретімен қоса жарияланды. Бұл оқиғаның орасан зор тарихи маңызы жөнінде соңғы жылдары аз айтылған жоқ. Соңдықтан оны бұл жерде толық қайталап жатудың қажеті болмас. Бірақ бір-екі жәйтті бүгінгі ғылыми конференцияда тағы бір пысықтап еске түсіру парыз деп есептейміз.

Жоғары мәртебелі Әлихан Нұрмұхамедұлы осы мақаласымен екі бірдей тарихи іс тындырды. Бірінші, Абай дүние салып жатқанда басқа халықтарбытай тұрсын, өзінің қазағы да атын түгел естімеген ұлы перзентін қазақ даласынан асыра, бүкіл Ресей жұртшылығына танытты. Екінші, қазірде тек көркем әдебиет пен әдебиеттану ғылымы фана емес, бүкіл ұлттық санамыздың алтын арқауына, өшпес өзегіне айналған абайтану ғылымының негізін салып кетті. Тұған халқына қызмет етемін деген азамат бұдан артық қандай іс тындыра алмақ?!

Абай шығармаларының алғашқы басылымының тарихы жөнінде сөз қылғанда, Әлекенниң осы мақаласына байланысты тағы бір фактін еске ала кеткен орынды. Азанаманың алғашқы басылымының аяғында мынадай бір ескерту бар екен:

«Биографические данные этого некролога доставил племянник Абая Какытай Скакович Кунанбаев» дейді де, оған жалғастыра: «Оригинальные сочинения Абая и его переводы Пушкина (отрывок из «Евг. Онегина»), Лермонтова и Крылова собраны его сыном Туракулом и в непродолжительном времени будут изданы Семипалатинским подотделом Им. Р. Географ. Общества под редакцией А.Н.Бекейханова» деген ескерту беріледі. Сол «непродолжительное время» бақандай терт жыл созылып, тек 1909 жылы фана жарық көрді. Және оны үкімет есебінен географиялық қоғам бастырған жоқ, Құнанбай үрпағы өз ақшаларына шығартты. Ал кітаптың кешіктірілуінің басты себебі – осы жинақтың ең тұнғыш бастаушысы Әлихан Бекейхановтың сонына түсken патшалық зан орындарының неше түрлі бопсалау әрекеттері еді. Тіпті жоғарыдағы күгіндау әрекеттерін бы-

лай койғанда, 1908 жылы, Думаның депутаты болған кезінде де, ол Петербургтің түрмесіне қамалып, біраз уақыт жатып шықкан.

Енді қысқаша – алғашқы жинақтың мазмұны мен құрылымы туралы.

Жинақта не бәрі 129 өлең бар, 17 бөлікке бөлінген. Үлкендері: 1-бөлік, «Халық туралы» – 34 өлең; «Өлту туралы» – 5 өлең; «Өзі туралы» – 17 өлең; «Ой туралы» – 8 өлең; «Насихат туралы» – 11 өлең; «Замандас туралы» – 2 өлең; «Ұргашы туралы» – 2 өлең; жыл мезгілдері бір-бірден; «Сегіз аяқ» пен «Қансонар» – бұлар да бір-бірден; «Переводтар» – 42. Екі поэма – «Әңгіме Масғұд» пен «Ескендір әңгімесі» – 17-бөлік.

Біз алғашқы жинақты құрастырушылардың осы жаналығына (бөлікке, яғни тарауға бөлуіне) жете мән бермей, соны бағаламай жүрген сияқтымыз. Оған басты себеп – бұлай топтастыруды Мұханның, Мұхтар Әуезовтің онша құптамағандығы болса керек. М. Әуезовтің өз сөзін келтірейік:

«Кәкітай өзінше талдау-жіктеу жасаған. «Ой туралы», «Өзі туралы», «Ел туралы», «Гашықтық туралы» деген сияқты тақырыптарды бөліп шығарып, ер өлеңнің мазмұнына қарай мөлшермен жіктейді... Бұл шартты түрде, біраз зорлықпен жасалған жіктеулер», – дейді ол кісі.

Рас, басылымда кейбір үшқарылыштар бар. Кейбір өлеңдер тақырыбына сәйкес етіп топтастырылмаған. Сонсон бір өлеңнен ғана бір тарау жасау, сөйтіп жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдерді бас-басына жеке болік ету түсініксіз.

Бірақ негізінде, пинципінде, ақын шығармаларын тақырыптық мазмұнына қарай топтастырып, жеке-жеке қарастыру – ол ақын мұрасын жете түсінудің, яғни ғылыми зерттеудің алғашқы қадамы болса керек. Сондықтан оны әділ бағалау керек деген ойдамыз.

Соңғы ескерту: осы таяуда, «Егемен Қазақстанның» З-маусым құнгі санында «Абайдың тұнғыш жинағы» деген бір материал басылды. Сонда жинақты құрастырушылардың, әзірлеушілердің ішінде Шәкәрім неге жоқ, ол неге аталмайды деген бір кінә бар сияқты. Авторы Асан Омаров деген абайтанушы ғалым деп қол қойыпты. Өзінің пікірін дәлелдеу үшін Кәкітайдың әйелі «Бибі әжейдің» бір сөздеріне сілтеме жасайды. Тұрагұл, Шәкәрім, Кәкітай үшеуі ақын шығармаларының қолжазбасын елден Семейге бірге ала барып еді деген сөзін келтіріп, осыны өз ойына үлкен дәлел еткісі келеді.

Әрине, Шәкәрімді Абайдан ажыратып қарау, әсіресе оған қарсы қою дегенгे мен өз басым мүлде қарсымын. Бірақ ер нәрсе өз орнымен, өз жосығымен.

Абай мұрасы – казақтың үлттық казынасы

Рас, 1908 жылы Әлихан Семейге келгенде оны Шәкәрім, Кәкітай, Тұрағұл үшеуі карсы алады. Әлде бір келісім бойынша Дума депутаттарының абақты борышы дейтінді өтеуге келгенде ағайынды үш жігіттің ағаларына барып сәлемдескені, шығарып салғаны айтылады. Ал бірак Абай жинағы туралы оларда бір ауыз сөз болмайды. Және сөз болатын да ынғайы жоқ. Бұл кезде болашақ кітаптың бас-аяғы жинақталып болған, тек бастырудын сәті келмей жүрген тұс. Атап айтқанда, Әлиханның патша үкіметі тарапынан күгінға ұшырауы.

Сонсоң, Шәкәрім кім еді? Ол – біріншіден, ақын. Жай ақын емес, Абайдың ең жақын ізбасары, өте үлкен тұлға. Абайдың көзі тірісінде оған беріп қойған аманаты бар. Шәкәрімге сенгендіктен тапсырылған аманат. «Сен қазақтың тарихын жаз, шежіресін жина. Ол үшін ел арала. Стамбулға барып, кітапханасында отыр, басқа да Батыс, Шығыс елдерін арала. Мұрағаттарын актар, атақтығалымдарымен әнгімелес. Сонда көп нәрсеге көзін ашылады. Соның барлық қаражатын өзім төлеймін» деген.

Осы сөзін ұлы ақын, кейін, Мағауияның өлімінен соң, біржола сөзден қалып, өзін де топырақ тартып отырған кезде, баяғы аманатын еске алып, сол орындалмай қалады-ау деп қатты қынжылған. Сонда Шәкәрім ағасына тағы да ант беріп, қайтсем де орындеймын деп уәдесін берген.

Бұл жөнінде Шәкәрімнің ұлы Ахаттың әкесі туралы мынадай естелігін келтірсек, дау болмас дейміз:

«1901 жылы жақсы көретін ағам – Шәке қайтыс боды... Шәке өлгендеге Абай бірнеше күн болып, Шәкенің зиратын қалатып, қырқын бергізіп қайтты... Осы өлімнің үстінен мен өте жақсы көретін Мағаш 1904 жылы қайтыс болып, Абайдың да, менің де сорым қайнап қалды. Абай Мағаш өткен соң ақылынан адас-паса да, ауыр ойдың құрсауында болып, үйде көзінен жасы парлап, отырып қалды. Біз Мағаштың жетісінен дайындалып жаттық. Ауылдың қасындағы дөң басында Абайды күтіп, елдің қадірлі көп адамдары отырған. Мен Абайға келіп: «Сіз өзініз: «Айтқаның істеген адам – анық адам және қайғыга қайғыра біл, оны тоқтата алар қайраты да болуы керек», – деп, бізге үйретіп, соны өзіңіз іstemегеніңіз қалай?» – дегенімде, «Е, мен не деп едім?» – деді. Мен сонда:

Көзіме жас бер, жылайын,
Шыдам бер, қайрат қылайын.
Жаралы болған жүрекке
Дая бер, жамап, сыйайын, –

деген жоқсыз ба? – дегенімде: «Мен әлсірейін деген екенмін гой. Кийіндір, тысқа шығар!» – деді.

Абай сонан соң жиналған жүргітка келіп, көппен аманасып, тез бойын жинап алады да: «Мағаш тек менің ғана балам емес екен, көптің, сіздердің де балаларыңыз екен! Мен сіздерді ой-ламаған екенмін, ғафу етініздер!» – деп, сөзге араласып кетеді.

Содан кейін бір сөздің ретінде: Мынау Шәкәрім де, мен де сорлы екенбіз, – дейді де, бұған ертеректе тапсырған жаңағы аманатын еске алады: «Мына екі туысқаның қазасы қабат келіп, мұны білім жолынан қалдырыды, менің Шәкәрімге білім құғызы-сам деген мақсатым орындалмай қалды. Шәкәрім де, мен де сорлы екенбіз дегенім осы! – дейді. Шәкәрім: ол тілегіңізді орын-даймын қайтсем де, – деп уәдесін береді. (Шәкәрімтану мәсе-лелері. 1-том. – Алматы, 2007. 171–172-беттер).

«Уәде – құдай сөзі» деген парызға адаптация Шәкәрім Абай дүние салғаннан кейін іле жолға дайындалып, 1905 жылдың күзіне қарай сапарға аттанып кетеді де, одан 1907 жылы ғана оралады. Сол тұста ол үшін Абайға берген уәдесін орындаудан үлкен шаруа болмағаны түсінікті. Сондықтан барлық ағайын алдында арыздастып, ақын аға аруағы алдындағы міндеттін атқаруға кетсе, оған қандай мін, қандай кінә тағуға болады? Демек, ата-лған мақала авторының бұл дауын мен өз басым орынсыз деп санаймын.

Енді өз жинағымызға байланысты қорытынды сез:

Жинақты әзірлегендер:

Араб әрпінен кириллицаға аударып көшіргендер – 3 адам. Тоқтар Әлбеков, Ақжігіт Әлібекұлы, Серікбай Қосанов. Түсініктерін жазған да солар.

Жалпы көлемі 120 бет. Осы көлемде арабша басылымының факсимилесі қоса берілді. Жинақ қазір міне жарық көріп отыр. Мұны Абай мұрасын қастерлеу бағытындағы белгілі бір шара деп қабылдағанымыз жөн.

Назарларыныңға ракмет!

Мекемтас Мырзахметұлы

Ғасыр жүгін арқалаған ақын

Отаршылдық дәуірдегі қазақ әдебиетіндегі ұлттық санасы саналы түрде оянған Дулат болатын. Дулат Ресей империясының отаршылдық саясатын, ол саясаттың түпкі мақсатын да терең сезініп тани білді. Ұлттық сананың оянуына басты себеп жер отарының басталуында жатыр. Осы себепті де Дулат поэзиясының басты сарыны отаршылдық саясатка қарсылықтан (антиколонияльный) туындар жатты.

Қазақ әдебиеті тарихындағы саналы түрдегі ұлттық сананың оянуына хакім Абай мұрасының идеялық мазмұны себепкөр болғаны ақынның:

Ерте оядым ойландым,
Етек басты көп көрдім елден бірақ, –

деп әлеуметтік өмірдің шындығы тудырған Дулат поэзиясының сынышылдық сарыны дәстүр ретінде Абай жаңғыртып жалғастыруында да белгілі бір зандаулық та бар еди.

Міне, 1905 жылғы Ресей империясында болып жатқан саяси-әлеуметтік қайшылықтан туған қозғалыстың, бодан халықтардың ұлттық санасының ояна бастауына әсер етуі қазақ зиялыштарының, яғни Абайдан кейінгі жас буын жаңа ұрпақтың саяси-әлеуметтік, ұлттық тенсіздікке қарай үн көтеріп, күрес жолына түсіне, ұлттық сананың оянуына Абай мұрасы, оның ұлттық рухы дем беруші күреске айналғанына 1909 жылы ұлттық сананы оятуға әсер еткен төрт кітаптың бір жылда қатар басылым көруі – әдебиетте ояну дәуірі басталғанын айғақтап жатты. Ол кітаптар:

1. Абайдың өлең жинағы.
2. А.Байтұрсынов. «40 мысал».
3. М.Дулатов. «Оян қазақ!»
4. Зейнелғабиден. «Насихат қазакия».

Бұлар бір жыл ішінде қатар басылым көріп, «Оян қазақ!» ұраны басты сарынға айналып, халықтың санасын оятуға үшкін бол түсті...

Ғасыр жүгін арқалаған ой алабы Абай шығармасының тұңғыш рет басылым көруі – Абайдың өзі айтқандай:

Арғын, найман жиылса,
Таңырқаған сөзіме, –

деп ақын сөзінің таралу көңістігі мен тыңдаушыларының құрамы қазактың екі тайпасымен шектелетін ақын анық сезінген қалпын көрсетті. Ал, 1905 жылы Абай өмірден өткен соң, бес жылдан кейін ғана тұнғыш басылым көрген таңдамалы жинағы Абайдың ақын өнері мен сөз құдіретін алты алашқа танылтуы – қазақ қоғамының қалың оқырман қаумының саналы, сауатты оқырмандарын баурап алған рухани құбылысқа айналып жүре берді.

Сонау қияндағы Түркістан өлкесінің бір пұшпағы Жуалы жеріндегі жарлы ауылға да Абай кітабы жетіп, жана буын жас талап бала Бауыржанның «Әкеміз көңілді кезінде бізге Абай жайлы айтушы еді. Абай бүкіл елдін арын қорғаған ақылды азamat, оған қоса асқан ақын. Оның өлеңін ел біткен жаттап, әнін бүкіл дала шырқайды», – деп, Абай кітабын оқыған әкесі Момыштың айтуымен танып білген естелігін оргаға салады. Ұлы дала өз Абайын осылайша танып біле бастауы, тіпті, абайтану саласындағы тұнғыш ой пікірлердің де тұртқи болғаны абайтанау тарихында баяндалып та жүр. Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына байланысты «Қазак» газеті мен «Айқап» журналында басылым көре бастаған А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Н.Күлжанова, Р.Мәрсеков, Н.Төрекұлов, т.б. қалам қайраткерлерінің мақала, зерттеулерінін жазылтуына негіз болған Абай кітабының ойға қозғау салу қуатында жататын.

Абай кітабымен бір мезгілде басылым көрген А.Байтұрсыновтың «40 мысалы» мен М.Дулатовтың «Оян қазак!» кітабы қазақ әдебиеті тарихында айрықша орын алған ояну дәүірін бастап берді. Ал, Уфа қаласында оқып жүрген медресе шәкірті Зейнелғабиден әл-Жаунари әл-Омскаудін «Насихат казакия» кітабы (Уфа, 1909) алғаш рет Абай өлеңдерін өз атымен жарияладап, Абай туралы жазылған мақаласында «Абай – қазақ поэзиясының гаунары» деп аса жоғары бағалап, сырты күміс, іші алтын Абай поэзиясын туысқан татар, башқұрт халқына таныстыруды мақсат еткенін мактандыш көре жазатыны бар. Алты миллион қазаққа халқының үні мен көзі, құлағы болатынын бір ұлттық санадағы қозғалыстың бір көрінісі десе болғандай жаңаңылқ еді.

Абайдың тұнғыш жинағында ақынның өлең саны – 97, оның өлең жолы – 3362 болса, аударма өлеңдер саны – 42, ал өлең жолы – 1372, екі поэмасының өлең жолы – 292-ге жетті. Яғни 1909 тұнғыш жинактағы 5326 өлең жолының жиынтығы рухани қазына көзіне айналды.

Жалпы, Абай мұрасының таралу жолына назар аударсақ, оның таралуы үш түрлі ерекшелікті көрсететін құбылысты байқаймыз.

Абай мұрасы – казактың ұлттық қазынасы

Бірінші түрі – Абай өлеңдерінің қолжазба көшірме түрінде, алдымен, Абай ауытуда таралғаны жайлы нақтылы деректер бар.

Екінші, Абай өлеңдерінің ел арасында ауызша жаттап алғып, ән арқылы сырт аймакқа таралу жолынан Біржан, Естай, Мұқа, Мауқай, Шашубай, Ажар, Зейнеп, Сара, т.б. өнерпаздар әрекетін көреміз. Оның М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында да көрініс беріп жататын тұстары бар.

Үшінші түрі – Абай өлеңдерінің ел ішіне кең көлемде ауызша таралуынан алғынап, баспасөзде жариялануының да өзіндік қайталанбас ерекшелігі бар күбылым ретінде орын алғы біздің әдебиетімізге тән жайттар болатын. Мысал ретінде айттар болсақ, Зейнелғабиденнің «Насихат казакия» кітабында басылым көрген Абай өлеңдерінің бәрі де осы ерекшелікті байқатады. Кейде ел ішінде ауызша таралған Абай өлеңдері бегде кісі атынан беріліп жарияланған баспасөз түрлері де ұшырасады. Мысалы, «Князь блан Загифа», «Сұлу қызы», «Әл-кисса хикаят» кітабында жарияланған Абай өлеңдері сол кітап аторларының атынан жарияланған кездері де орын алғы отырды.

1909 жылы Санкт-Петербургта Бораганский баспасында жарияланған тұнғыш Абай өлеңдері кітабының бір ерекшелігі, әр өлеңнің қай жылы жазылуы көрсетілуде жатыр. Абай өлеңдерінің қай жылы жазылғанын анықтау, әсіресе, Абай кітабының соңғы басылымдарының, яғни 1933 жылғы тұнғыш толық шығармаларынан бастап, өлеңдерді хронологиялық жүйеге түсіріп жариялаудың терең ғылыми мән-мағынасы бар еді. Өйткені, осы арқылы 20 жылдық шығармашылық өмірінде Абайдың өлең құрылышындағы өлеңнің жаңа түрлерін ендіру кездерін танып білсе болады. Әсіресе, Абай өлеңдерінде жана шыл ойлары мен кемел адам идеясының қай жылдардан бастап енүі мен оның даму жолының эволюциялық өсу жолын анықтап, танып білуімізге бастайтыны бар. Осы түрғыдан қарағанда, Абай өлеңдерінің жазылу жылдары қойылған тұнғыш жиһақтың ғылыми салмағы арта түсетін ерекшелігін айрықша атап етудің жөні бар. Осы жазылу жылын кою дәстүрі соңғы басылымдарда үзіліссіз жалғасып келеді. М.Әуезов өзінің абайтану саласы мен көркем шығармаларында осы хронологиялық жүйені ғылыми-творчестволық ізденіс жолында шешуші орынға қоюының терең ғылыми мәні болғанын айқын сезініп отырмыз.

Бұл ерекшелікке жете мән бере қараған абайтанудың бірегей ғалымы М.Әуезовтің 1945 жылы оқыған дәрісінде: «Бұл ұсташатын, қолданатын әдісіміз... Өмірі мен өсу, даму жолдарымен,

ақынның эволюциясымен (творческая эволюция) жыл жылдан тексереміз.

Сонда өмірлік, шығармашылық ізімен жүреміз де, актара, қадала қарасақ, әр жыл коскан әлеуметтік, көркемдік, мәдениеттік табыс жаңалығының бәрін танып отырамыз. Сонда тарихпен, қунделік өмірмен байланысқа, ортасымен ұғысу тартысу да, замана қоғамы да және ақынның өзіндік даралық бітімі де жылдан жыл айқындау қамымен толық қамтылып отырады. Өсе, жүре, енбек ете, іздене, таба жүріп қалыптасып тола береді. Сондағы табиғи жолын танимыз – өрісті... орынды зерттеу осы арнаға түспей болмайды» (ЛММА архиві, 249 п. 6-бет), – деп ескертуі арқылы Абай өлеңдерінің жазылу мерзімін анықтауға қаншалыкты мән-мағына беретіні мен мұндалап түр емес пе? Өйткені, Абай шығармаларының жазылу мерзімін дәл аныктап алмайынша, Абайдың ақындық шеберлігі мен дүниетанымындағы өзгерістерін, эволюциялық жетілу жолдарын танып білудің өзі екіталаі болмақ. Абай өлеңдерінің жылын анықтау мәселесін М.Әуезов: «... бір топ Абай шәкірттерінің Кәкітай, Көкбай, Тұраш, Махмұт (көшірушілерінің) күелігімен әуелі 1908 жылы, одан кейін 1927 қойылған» (ЛММА архиві 239 п. 5 бет), – деп ескертуі арқылы бұл мәселе ерте кезде, ақын шәкірттерінің күэлігімен қойылу мәселесіне аса зор мән беретіні көрініп турады.

Тұнғыш жинақтағы Абай өрнегі өлең үлгісін сактау арқылы берілмей, әр өлең жолынан кейін «==» белгісімен берілуі, өлең өрнегінен бейхабар окушыға қын соғатыны бар. Бір жағынан қарағанда, өлең жолдары өлең өрнегімен ажыратылмай қарасөз тәрізді жызылып, тәжірибесіз оқырманға ауыр соғуы себепті де М.Әуезовтің Абай шығармаларының соңғы басылымдарында Абай өлең өрнегінің формасын бастапқы табиғи қалпына келтіруге ұзак жылдар бойы зерттей отырып, көп түзетулер енгізуі арқылы көп енбек сініруі өз жемісін берді де.

Абай өлеңдерінің тұнғыш жинағында арнау өлең түрлері де қамтылған. Бірақ толық емес. Оның белгілі бір себептері де бар еді. Осыдан болса керек, тұнғыш жинаққа Абайдың бес-ақ арнау өлеңі ғана ендірілген. Мұның себебін М.Әуезов: «... бұл алуандас өлеңдерді Қәкітайдың баспаға жібермеуінің себебі белгілі. Сол Абай сынаған адамдағының өзі, бала, бауырлары «баспаға шығарушы адамдарға өкпелейді, араздық ұстанады» деп жасқанып қалған», – деп атап көрсетеді. Өзі Абай өмірбаяны мен «Абай жолы» эпопеясын жазу үстінде ол арнау өлеңдерді (барлығы 35 өлең) жинастырып, толықтырып, оның кімге арналғанын танып-білуғе зор мән бере қарап, ұзак ізденеді.

Абай мұрасы – казактың ұлттық қазынасы

Өйткені, оларды романға кейіпкер ретінде ендіру кажеттігі туып, өмір шындығын тарихи түргыдан көрсету қажет болғандықтан, М.Әузовтің «Абайдың ақындық мұрасында өміrbаяндық деректер жоқтың қасы. Оның өлеңдерінен көптеген адамдар мен жеке кіслерге байланысты деректер ешірілген, «Тоғжан тұрағы» өлең де жоғалған.

Арнау өлеңдерді мен өзім жинастырып, көптеген кісі аттарын қалпына келтірдім», – деп, осы салада зерттеу жұмысының қандай денгейде жүргізілетінін хабарлау арқылы бізді жазушы лабораториясының сырына ендіре түсіретіні бар.

Мұрсейіт көшірмелерінде арнау өлеңдер біршама ендірілсе де, ол кімге арналғанын көрсетпейтіні бар. Эрине оның сыры да Кәкітай ұстанған жағдайға байланысты болса керек.

Абай – қазактың маңдайына біткен бірегей ұлттық ақын. Одан қалған мұра қазақ елінің қайталанбас рухани ой-қазынасына айналып, сан ұрпақтың ой-санасын байытып, жан азығына айналғалы да ғасыр толыпты. Тұнғыш өлең жинағы ата ұрпақтан ігілігіне айналса, 1930 жылдан бастап басылым көре бастаған Абай шығармаларының толық жинақтары бүгінгі ұрпақ пен келешек ұрпақтардың да рухани сусынын қандыруға қызмет етеді.

Қазақ қауымының қолына 1909 жылы Абай поэзиясының 5326 өлең жолы тисе, бүгінде ол екі есеге жуық молығып, 7546 өлең жолына жегіп және 46 қара сөзін қоса қамтып отырған ұлттық мұрамызға айналды. Ақын мұрасын ғылыми түрғыдан зерттеу жағы да жыл өткен сайын молығып, жас ұрпақтың ғылыми ізденістері саны мен сапасы жағынан да молыға дамып келеді. Осылың нәтижесінде бүгінде жоғарғы оку орындарында арнайы семинар сабактары «Абайтану» және «Абайтану тарихы» деген салаларға болініп оқылып жатуы абылайтану ғылымының толассыз даму үстіндегі қалпын көрсетеді.

Ғасыр жүгін арқалаған ойшыл ақын мұрасын, әсіресе, оның толық адам ілімін тұған халқымыздың келешекте қабылданар моральдық кодексінің іргетасына айналуын асыға күтудеміз!

ҚОСЫМША БАЯНДАМАЛАР

Серікқазы Қорабай

Абайдың тұнғыш кітабын бастыруушылар

Абай өзі шығарған туындыларын жинастыруға соншалыкты үкілас қоймаган. 1896 жылы ғана Көкбай, Мағауия, Кәкітайлардың өтініші бойынша барлық шығармаларын жинастырып көшірге шешім қабылдайды. Осы 1896 жылдан бастап Абай туындылары ылдағатты түрде көшіріліп, жүргіштілікка тарайды.

Абай шығармаларының халыққа тарапуында көп еңбек еткен адамдар қатарында ұлы ақынның тікелей тәрбиесін көрген өз балалары Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, жақын інілері Шәкәрім мен Кәкітай, талантты ақын шәкірті Көкбай және сол катаarda Абай ауылы мен көршилес ауылдарда бала оқытқан татар молдалары Фабитхан, Мұхамедқәрім, Махмұт, одан кейін қазактың өз ішінен шыққан Мұрсейіт, Самарбай, Ыбырай, Хасен, Дайыrbай сияқты бала оқытушылар болды. Олар Абайдың тірі кезінде-ақ ақын өлеңдерін көп көшіріп, қолжазба күйінде ел арасында таратып отырды.

Жалпы, Абай шығармаларын көшіріп таратушылар арасында Мұрсейіт Бікеұлының еңбегі айрықша. Ол жастайынан Абайдың ұдайы қасында болып, тәрбиесін, өнегесін көру арқылы таза молдалыққа берілмей, өздігінен ізденіп, орысша да білім алған. Жазуы анық та әдемі болғандыктан Абай өзі оны таңдаған алып, шығармаларының басты көшірушісі етеді. Ақын өлеңдерін жатқа білген көзі ашық, сауатты молда Мұрсейіт осылайша Абайдың ел ішінен жиналған шығармаларын қайта көшіріп, мұқият жазып шығады. Абайдың тұнғыш өлеңдер жинағы да осы Мұрсейіт көшірмелеріне сүйеніп дайындалғаны белгілі. Сол себепті де, оны Абай туындыларының өз мәнінде бүтінгі күнге жетуіне еңбек сінірген адамның бірі деп тану керек.

М.Әуезов атап көрсеткендей: «Абайды бұлайша қолжазба күйде көшіріп алып тарату тобықты іші мен Семей уезі ғана емес, Қараөткел, Кереку, Қарқаралы, Өскемен, Зайсан, Лепсі, Қапал уездерінің барлығында да көп жайылған өнегелі-дәстүр есепті болады» (1,21). Абайдың қолжазба күйінде көшірілген туындылары осылайша қазақ даласының солтүстік шығыс, онгустік өнірлеріне тарай бастаған.

Ал, Абай шығармаларының алғаш рет жеке кітап болып шығуына Кәкітай мен Тұрағұлдың сінірген еңбегі өлшеусіз.

Абай мұрасы – қазактың ұлттық қазынасы

Кәкітай, шын есімі – Габдулхакім Ысқақұлы Құнанбаев 1869 жылы бұрынғы Семей губерниясының Шығыс болысындағы Ақшоқы қыстағында (қазіргі Шығыс Қазакстан облысы Абай ауданы) дүниеге келіп, 1915 жылы сол жерде қайтыс болған. Ол – Абайдың тұған інісі Ысқақтың тұнғыш баласы. Ата-анасының еркелетуімен шын есімімен емес, «Кәкітай» атанып кеткен. Ол сегіз жасынан бастап ауыл молдасынан төрт жылдай сауатын ашып, түрікше, арабша хат танитын халге жетеді. Экесінің баласын одан әрі оқытуға шамасы келмейтіндігін, әрі Кәкітайдың ерекше зеректігін байқаған Абай 1882 жылы оны өзіне бала етіп алып, Мағауиямен бірге тәрбиелейді, Семейте бірге ертіп барып, орыс тіліне үйретеді. Бір-екі жыл ішінде Кәкітай орыс тілін жетік біліп қана қоймай, орыс әдебиетінің классиктерінің шығармаларын, Еуропа мәдениеті қайраткерлерінің еңбектерін оқып, өз заманының білімді азаматы болады.

Кәкітай Абайдың өзі тәрбиелеп өсірген талантты шәкірттерінің бірі атанып, оның ақыл-кенесімен Тұрағұл екеуі қара сөз, аударма, көніл-күй тақырыбындағы қысқа өлеңдер жазумен айналысады. «Абай ағамның қатарында жүрген 24 жыл ішінде оның үйретпеген білімі болмады, бірақ бәрін түгел ұғып ала алмадым» деп ұстазы туралы ілтипатпен еске алып: «Сондықтан мен Абай ағама зор қарыздармын, ендігі мақсатым шамам келгенінше оның асыл қазынасын кейінгі жастарға жеткізіп кетемін» деп уәде береді. 1904 жылы Абайдың сүйікті ұлы Мағауия, артынан іле-шала ұлы ақынның өзі, одан кейін үлкен баласы Ақылбай қайтыс болып, Құнанбай әулеті үлкен қайғыға душар болғанда, барлық ауыртпалықты Кәкітай мен Тұрағұл көтереді, барлық қыншылық екеуіне түседі.

Бұл туралы Архам Кәкітайұлы Ысқақов өз естеліктерінде былай деп жазады: «Абай, Ақылбай, Мағауия төрт айдың ішінде өліп, оларға қараған он шақты ауыл басшысызы, панасыз қалған соң бұрыннан сол ауылдардың өз адамы болған Кәкітай мал мен жанға иелік жасады. Ендігі Абай артында қалған бала-щағасының бас көтерері үлкені Тұрағұл бұрын өзінің тұган шешесі Эйгерімнің азғана дәүлетеңе ие болып, Абай мен Мағауия ауылдарына келіп-кетіп қонақ ретінде жүретін еді. Енді Абай өлген жылғы сайлауда Тұрағұлды ағайын-тұысқандары Абайдың мирасқойы ғой деп болыс қойды, кенесең, тілмашын Жидебайдары Абайдың аулына орналастырды. Тұрағұл бұрын еселі қыстау ала алмаған еді. Жидебайдың солтүстік жағындағы Барак деген жерден бір қыстаулық жер берді. Кәкітайдың ендігі серігі, атқамінері Тұрағұл болды» (2,178-179).

Тұрағұл Кәкітайдың жақын серігі ғана емес, Абай өлеңдерін кітап етіп шығару жолындағы басты көмекшісі де болды. Кәкітай екеуі Жидебайда бала оқытып жүрген Мұрсейіт Бікеұлына өз калталарынан ақша беріп, бұрыннан жинап жүрген Абай шығармаларын көшіріп жазғызады. «Мен Абайдың қарызын ұмытпай, шамам келгенше қызмет етуді өз борышым деп біліп, артағы жастарға қалдырган өсиетін, қазақ халқына істеген еңбегін баспаға бастырып, көпкө таратуды міндетіме алдым» деп, Кәкітай Тұрағұлмен бірге ұлы ақын мұрасын ыждағатты түрде жинастырып, баспаға әзірлейді, осы істердің басы-қасында өзі үйткы болып, басшылық етеді. Абай қайтыс болғанда қазақтың аса көрнекті қоғам кайраткері Элихан Бекейханов ақының тұңғыш өмірбаянын орыс тілінде жазып, Семейде шығып түрған «Семипалатинский листок» газетінде 1905 жылы жариялаған қазанама мақаласында ақын өміріне катысты барлық деректерді Кәкітай бергенін ерекше атап етеді.

1905 жылдан бастап Элиханның кенесімен Абай шығармаларын баспаға әзірлеуге кіріскең Кәкітай мен Тұрағұл қаржы жағын ойластырып, қолда бар мәтіндер қолжазбаларын жинактайды. Сол жылы жазда Семейде, одан кейін Омбыда Элиханмен кездесіп, Абай жинағының қолжазбасын тапсырады.

Элихан Бекейханов «Семипалатинский листок» газетінде жарияланған Абай туралы сол макаласының соңында жуық арада Абайдың өлеңдер жинағын Императорлық орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі шығаратынын хабарлаған (3,310). Осылай айтқанмен де Абайдың тұңғыш кітабын шығару ісі ұзаққа созылады. Оның басты себебі, Элихан саяси қызметі үшін тұтқынға алынып, турмеге қамалады. 1906 жылы қантарда ол Павлодар түрмесіне қамалғанда оның портфелінде Кәкітай тапсырған Абай шығармаларының қолжазбасы да болған. Бұл туралы Павлодар уезі 2-ші участогының бітістіруші судьиы Э.Бекейхановпен кездескен кезде оның мына өтінішіне назар аударады: «Алихан Нурмухamedovich Букейханов, содержащийся в Павлодарской тюрьме, заявил, что он просит об аресте его довести до сведения прокурорского надзора... а также просит принять меры к сохранению рукописи на киргизском языке (патша заманында қазақтарды «киргиз» деп әдейі кемітіп атағаны белгілі. – С.К.), имеющейся в арестованном у него портфеле, содержащий стихотворения, так она оценивается в 5000 рублей. Стихотворения эти принадлежат киргизскому поэту Кунанбасву» (4,117-118).

Осьдан кейін Э.Бекейханов 1908 жылы тағы да тұтқында-лып, Санкт-Петербург түрмесінде отырып шығады. 1905 жылы

Абай мұрасы – казақтың ұлттық қазынасы

баспаға дайындалған Абай кітабының төрт жыл бойы кешеуіл-деуінін басты себебі де осы жайттарға байланысты болса керек.

Абай кітабын бастыру жөні болмағаннан кейін Кәкітай тәуекелге бел буып Қазан қаласына сапар шетеді. Осы қалада Санкт-Петербургтегі белгілі баспагер Илияс Бораганский баслаханасының өкілімен келісім-шарт жасасып, болашак кітаптың корректорлығын өз мойнына алады, акысын да дереу төлейді. Илияс Бораганский баспасы әр табақ қағазды басып, почта арқылы Шынғыстаудағы Кәкітайға жібереді де, өз тарауынан Кәкітай қателерін гүзеп, қайта қайырып отырады. Қолдан қөшірілген жинақты бастыруға біршама уақыт кетіп, Кәкітай Тұрағұл екеуі Абайдың тұнғыш кітабын шығару үшін мал-жанын аямай үлкен еңбек сініреді.

Осындай қажырлы еңбек арқасында 1909 жылы Абайдың тұнғыш жинағы «Қазак ақыны Ибраһим Құнанбай ұғылының өлеңі. Бастырған: Кәкітай, Тұрағұл Құнанбай ұғландары» деген тақырыппен Санкт-Петербургте жарық көріп, барлық данасы Семейге Кәкітай атына жіберіледі де, сол жерден бүкіл қазак даласына тарайды. Абай мұрасын тұнғыш рет баспа жүзінде жариялад, жеке кітап етіп шығаруда Кәкітай мен Тұрағұл еңбегі ерекше болса, Кәкітай жазып, осы жинақта жарияланған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» атты қазақ тіліндегі тұнғыш өмірбаяндық мақаласын Мұхтар Әуезов жоғары бағалап, ұлы ақынның өмірбаянын жазу кезінде Кәкітай мақаласының көп көмегі тиғенін тебірене еске алған.

Ұлы ақынның жинағын дайындаған кезде Кәкітай мен Тұрағұл Абай өлеңдерін мазмұны мен тақырыбына қарай өздерінше жүйелеп, 17 бөлікке жіктеген. Бұл ретте «Халық туралы» деп аталағын бірінші бөлікке – 34, одан ері қарай рет бойынша келгенде: «Өлең туралы» – 5, «Өзі туралы» – 17, «Ғашықтық туралы» – 10, «Ой туралы» – 8, «Насихат туралы» – 11, «Замандастар туралы» – 2, «Сегіз аяқ» – 1, «Сұлу ұргашы туралы» – 2, «Жазғытұры» – 1, «Жаз» – 1, «Күз» – 2, «Қыс» – 1, «Аңшылық туралы» – 1 өлеңнен енгізілген де, «Переводтар» деп аталған он бесінші бөлікке А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крыловтан 41 аударма өлең, соның он жетінші бөлікке «Әңгіме Масғұт», «Ескендір әңгімесі» поэмалары кірген.

Жалпы алғанда, жинақта Абайдың 145 өлеңі мен 2 поэмасы жарық көрген. Кітап сонына Кәкітай жазған Абай өмірбаяны мен ақынның фотосуреті берілген. Кәкітай жазған Абай өмірбаяны қөлемі шағын болғанымен ақын өмірінің көп қырын қамти алды, «Қазақтың мәдениет тарихына, Абай мұрасына ерекше еңбек сінірген, Абай өзі тәрбиелеп баулыған жас, жүртшылық-

тын көрнекті өкілі болған Кәкітай Ысқақұлының енбегін айрықша айту керек» – деп жазды Мұхтар Әуезов (1,16).

Кәкітай мен Тұрағұл алғаш бастырган Абай жинағы сол өзгеріссіз күйінде 1921 және 1922 жылдары Ташкентте және Казанда қайта басылып шықты. 1915 жылы 18 қантарда «Казак» газетінде Ә.Бекейханов Кәкітайдың қайтыс болуына байланысты «Қош, қарағым!» атты мақала жарияладап, Кәкітайдың Абай жинағын шығарудағы енбегіне жоғары баға береді (5,134-135).

Абайдың тұнғыш өлеңдер жинағы мұқабасының төменгі тұсында: «Восточная» Электро-печатня И.Бораганского» деп жазылып, кітаптың қай баспаханадан шыққаны және иесі кім екендігі анық көрсетілген. Сонда бұл Бораганский деген кім еді? Біз бұған дейін Абай жинағын дайындалған күрастырушулыар туралы айтып келдік те, бұл кітапты бастыруши И.Бораганский есімін ол туралы толық мағлұмат болмағандықтан жайғана атап келдік. Ал, шын мәнінде, И.Бораганский өмірі мен қызметі туралы көп іздеп, тұнғыш мақала жазған көрнекті абайтанушы-ғалым Қайым Мұхамедханұлы болатын. Ол әйгілі шығыстанушы-ғалым А.Кононов Мағжан Жұмабаев пен Бейімбет Майліндердің атакты «Галия» медресесінде бірге оқыған жақын досы, қазак мәдениетінің шынайы жанашыры болған башқұрт жазушысы Сәйфи Қудашка хат жазып, Санкт-Петербург және Уфа қалаларындағы кітапханаларға қайта-қайта тапсырыс беруі нәтижесінде 1989 жылы Семей облыстық «Семей таны» газетінде «Илияс Бораганский» атты танымдық мақала жариялады (6,292-299).

Мақаладан белгілі болғандай Илияс Бораганский 1852 жылы Қырымдағы Бақшасарай қаласында туған. 15 жасына дейін Қырымның мектеп, медреселерінде оқып, хұсни хат, яғни әдемі жазуга машықтанған. 1867 жылы Туркияға барып, 7 жыл бойы Стамбулда баспа, сурет, хұсни хат ғылымдарын үйреніп оқып қайтқан соң 1876 жылға дейін Қырымда тұрып қызмет еткен. 1882 жылы Петербургке келіп, әдемі жазу-сызу өнерімен шұғылданған, Петербург университетінің шығыс тілдері факультетінде оқытушы болған. Жеке баспа ашып, шығыс тілдерінде кітаптар шығарып тұрады. И.Бораганский баспаханасында шет тілдерінде отыздан артық кітаптар мен журналдар басылып тұрған. «Тәржіман» газетінің 1900 жылғы 14 маусымдағы № 23 санында жарияланған «Илияс мырза Бораганский» атты бас мақаласында хұсни хат шебері И.Бораганский қызметі туралы, оның баспаханасы туралы айтула келіп, алыс аймақтарда кітап бастыратын адамдардың өз еңбектерін осы И.Бораганский баспа-

Абай мұрасы – қазактың ұлттық қазынасы

ханасына бастыруға берсе, оның жұмысы жақсарып үлкен жәрдем болатындығы туралы айтылған.

Кейін I.Бораганский 1919-1923 жылдары Уфа баспаханасында башқұрт бөлімінің бастығы болып істейді. 1923 жылы Башқұртстанда I.Бораганскийдің баспа ісіне сінірген жарты гасырлық мерейтойын атау жөнінде Уфадағы «Яны юл» газетінде 1923 жылы «Матбуғат дониясында илле еллық хезмет» атты мақалада айттылған. Онын 1934 жылы кайтыс болғаны туралы ғана мәлімет бар. Атакты баспағер туралы Қайым Мұхамедханұлы келтірген соңғы дерек те осы. Баспағердің одан арғы тағдыры белгісіз.

Біздің ойымызша, Ә.Бекейханов I.Бораганскиймен жақын таныс болған, оның үстіне бұл макаланы Абай және оның шәкірттері оқыған сияқты. Кейін басқа қалаларда мүмкіндік болмағаннан кейін қыыр шетте орналасса да, Абай кітабын шығару мәселесінде осы I.Бораганский баспаханасына тоқталған сияқты. Олардың бұл шешімі өте сәтті болды. Біріншіден, Абайдың тұнғыш жинағы, ен бастысы – үлкен империя астанасы Санкт-Петербургтен шықты, екіншіден, бүкіл елге белгілі I.Бораганский баспаханасынан жарық көрді. Бұл екі жайтын өзі үлкен мәргебе, мерей болатын.

Болашақта да Абайдың тұнғыш жинағын бастыру ісі туралы мұнымен бітпеу керек. Мүмкіндігінше, Абай шығармаларын дайындаушылар катарында тағы кімдер болды, Кәкітайдың Жицебайдан басталып Санкт-Петербургке дейін созылған ұзақ сапарында қасында кімдер болды, кітап шыққан баспахана иесі I.Бораганский туралы толық мағлұмат жинау керек. Сонда біз абайтанудың кітап шығару сияқты бір тармағын толықтыра түсеміз.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Эуэзов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 1985. Т.20.
2. Жүргімнің тубіне төрөн бойла: (Абай туралы естеліктер) //Күр. Б.Байғалиев. –Алматы: Жазушы, 1995.
3. Бекейхан Ә. Таңдамалы (Избранное). –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.
4. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. –Алматы: Атамұра, 1995.
5. «Қазақ» газеті. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.
6. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. Т.6.

Раушан Кайшибаева

Некоторые проблемы перевода прозы Абая на русский язык

В творчестве Абая особое место принадлежит написанным в прозе назиданиям «Фақлия» (Слова назидания). В академическом полном издании на казахском языке приводятся сорок шесть слов. «Қара соз» Абая отражают огромные познания поэта, помогают понять его художественные искания, научные, религиозные, общественно-политические взгляды. Назидания Абая написаны так, чтобы слушатель, читатель почувствовал, что его мысли, переживания, страдания, надежды предназначены конкретно ему. Абай в своих «Қара соз» приглашает своего читателя к духовному сопререживанию наедине. Чтобы вдохнуть жизнь в свои «Фақлия» Абаю нужен был не только его недюжинный талант, но главное – искренность.

В прозе Абая мы видим, что он не придерживается в ней одного стилистического режима. Как и в его поэзии, в «Қара создер» особо проявляется гуманистическая направленность его творчества, создаются назидания большой внутренней энергии и экспрессии, в них естественное для него самоощущение сына всей национальной культуры, ее многовековой поэзии. Без риторического красноречия, лаконичные и полные горестных раздумий они, несмотря на свои малые формы, призваны служить эпическим задачам (ведь они призваны выражать наболевшие моменты исторического опыта нации). Абаевская точка зрения и энергия внутреннего ритма «Фақлия» имеют большую, чем жанровые условности силу, порой назидания переходят в лирическую исповедь, внутренний монолог. Тревога Абая в связи с пошатнувшимися ценностями бытия заставляет обратиться в назиданиях к поискам постоянства и гармонии.

Абаю пришлось взять на себя смелость стать самосознанием своего времени и, чтобы совершенствовать свой народ, ему были нужны новые основы, новые концепции, новые взгляды. От высокой поэтичности, изящества в своей ранней поэзии, зрелости и новых средств стиховой выразительности 70-х – начала 80-х годов Абая потянулся к прозе, причем бессюжетной, в которой сплавилось в одно целое проза и диалог, настоящее и будущее, раздумья и мысли, философия и религия. Пульсация его мыслей, чувств, настроений и создает абаевские назидания, и вот уже второй век читателей потрясает глубина, подлинность, напряженность его переживаний, в них нет декора-

тивной нарядности. Абай высвобождался от внешней и внутренней регламентации, создав ни с чем не сравнимые, не традиционные назидания, а их трансформацию, зависящую от глобальных проблем его века. Множество смысловых плоскостей и направлений движения мысли освоила проза Абая. Не свойственные восточным назиданиям резкие повороты, экспрессия переходов, утверждение и отрицание стоят в них рядом, как нераздельные полюсы одной и той же правды. Различные координаты времени пересекаются, историческая эпоха призывает поэта отчетливее различать белое и черное, время индивидуального бытия в них становится все короче. Величественный смысл божественного начала и жалкая временность человеческого существования – такова шкала колебаний пульсирующей мысли Абая, плотной и напряженной структуры его прозы.

Абаевские назидания были написаны с 1890 по 1898 годы. Количество их сорок шесть, некоторые из них короткие – к ним относятся шестнадцатое, восемнадцатое, девятнадцатое, двадцатое, двадцать четвертое, тридцать первое и сорок пятое слова. Особняком среди них стоит сорок шестое слово, это историческая статья в форме очерка. Оно посвящено происхождению казахов и представляет собой глубокое исследование. Среди 46 слов оно самое большое по объему. Среди рукописей Абая «Гаклият тасдиқат» отдельно переписывалось объемное размышление Абая о вопросах религии, морали. Это – тридцать восьмое слово. Сердце и разум Абая плодотворно изменила вера, слова Корана проникли и разбудили Абая, дали ему огромные внутренние ресурсы. «В своей вере ты должен видеть для себя спасение, только тогда она принесет тебе пользу» (1,80).

Отдельно выделяется двадцать седьмое слово – беседа Сократа с ученым Аристодимом, так как это не полностью слово Абая, а переводной эквивалент притчи.

Особняком стоит тридцать седьмое слово. Это слово в отличие от других не целостное произведение, а собранные афоризмы. В рукописи Мурсеита и во всех полных сборниках поэта эти афоризмы представлены двадцати тремя. Но, в действительности, не только они представляют афоризмы Абая. По-видимому, эти афоризмы были записаны учениками Абая для включения в сборник и, конечно же, их количество намного больше, рассыпаны они и в его стихах.

«Проза Абая особняком стоит от понятия художественной прозы. Это не сюжетные произведения, и не ранее использованные им воспоминания, и не мемуары. Если подойти с точки зре-

ния стиля и содержания – то это особая разновидность прозы, созданная самим Абаем. Порой это критические размышления, заветы о проблемах человечности и морали» (2, 169-170) (перевод наш – Р.К.), – отмечает Мухтар Омарханович Ауэзов в своем исследовании «Абай Кунанбаев», опубликованном в сборнике исследований на казахском и русском языках в Алма-Ате в 1954 году.

Абай понимал, что не все в его поэтическом восприятии в действительности понятно читателю и потому «он стремился большинство мыслей, выраженных в стихах, передать в иной доступной форме» (3, 171) с тем, чтобы в новом виде они принесли наибольшую пользу. «Здесь мы наблюдаем, что он как бы ведет с читателями, слушателями мирную, задушевную беседу» (4, 171).

Ауэзов делит прозу Абая приблизительно на одиннадцать тем. Некоторые темы рассматриваются в нескольких словах назидания, подтверждаясь новыми примерами, они углубляются, но остаются в рамках одной темы. А некоторые рассматриваются в одном лишь слове и на этом завершаются. Так, например, в первом слове Абай останавливается на том, как и почему он приступил к написанию слов. В нем есть биографические данные, а также пояснения к задачам собственного творчества. В следующих словах он уже нигде к этой теме не возвращается.

Во втором слове он сравнивает народы. Абай сопоставляет соседние народы казахов, татар, узбеков, русских и разъясняет необходимость дружбы, взаимопонимания и терпимости друг к другу. Начиная с общих моментов, он подводит к мысли, как важно заимствовать положительное у других народов.

Особняком по тематике стоит третье слово. Это его размышления о наместниках (акимах), волостных, судьях, о противоречиях и несуразицах в их правлении. Здесь, исходя из своей многолетней судебской практики, Абай выдвигает идею о том, что судьи должны назначаться пожизненно, и тогда не будет их зависимости от администрации. Подобно Герцену в «Былом и думах», Чокану Валиханову Абай предлагает ввести третейского судью. «Избирать самых достойных и на постоянный срок. Тогда замена любого из них будет событием и напоминанием о справедливости для остальных» (5,13).

Именно в третьем слове наиболее ярко выражена личность автора, его высочайший патриотизм, опирающийся на обобщенный как личный, так и исторический опыт эпохи, установление им стойких нравственных норм, сочетающих национальные

Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы

идеалы с общечеловеческими. Созданные и высказанные в третьем слове мысли – наследники его опыта. Его творческий потенциал и ежедневная сложная работа бия были сообщающимися сосудами в его служении своему народу во имя высших духовных ценностей. Сейчас мы все меньше упоминаем о высохшей гражданско-активности Абая. В 1885 году свыше 100 биев главных родов Среднего жуза собрались на чрезвычайный съезд. Абай предложил на этом съезде новую демократическую реформу юриспруденции. Она была известна под названием «76 статей Абая». В противовес к насаждаемым новым жестким законам, не учитывающим особенностей веками сложившейся национальной юриспруденции, Абай выдвинул в своих «76 законах» положения, в которых акцент перенесен с государства на личность. Съезд единогласно принял все 76 статей новой его судебной реформы и избрал Абая тобе-би (главным судьей). Быть признанным народом, справедливым и уважаемым судьей было для Абая нелегко, ведь он не был заурядным «правдолюбцем», глашатаем «гуманизма» абстрактной «доброты». Каждое рассматриваемое дело, иск решались им объективно, согласно конкретным условиям, при этом наживалась со стороны степных воротил масса недругов. Богатейший жизненный опыт позволил видеть Абаю главную суть происходящих в степи изменений, когда «воры не переводились – они были нужны для ссор. Зато на лучших людей возводились наветы, против них возбуждались уголовные дела, подбирались лжесвидетели. И все это делалось для того, чтобы преградить путь к власти честным. Оклеветанный и униженный, кто-то из них обращался за помощью к сильным мира сего, и тогда степь теряла еще одного честного сына. Более гордому выпадал один путь – коротать свои дни в темнице. Волостные правители добивались своего положения хитростью и коварством и поддерживали неправых, ибо с подобными себе лучше дружить, чем враждовать. Хитрость беспредельна – не определить, кто кого обманет завтра» (6,11) (пер. С. Санбаева). В назиданиях Абая отразились его мучительные поиски истины, взгляды самого Абая на настоящее и будущее казахов.

Новое прочтение классических произведений, переосмысление творчества крупных поэтов, писателей – явление закономерное, в особенности на крутых поворотах истории. Каждое новое поколение, сопрягая и связывая современность с прошлым, настойчиво ищет в значительных произведениях ответа на острые вопросы своего времени.

Нет ничего удивительного, что в новом XXI веке большими тиражами издается Абай как в Казахстане, так и за рубежом. Вечные проблемы, тайны и загадки бытия, волнующие Абая, волнуют и нас.

Если учесть, что в вышедшем в Оренбурге в 1916 году сборнике «Абай термесі» было опубликовано лишь двадцать семь слов, то огромная текстологическая работа Мухтара Омархановича Ауэзова по сбору, систематизации, уточнению, периодизации произведений Абая, начатая в 1924 году, позволила ему уже в сборник 1933 года включить все «Қара сөздер» Абая (7). Этот сборник набирался латинским шрифтом, который только был принят, и наборщики еще не имели навыков работы с латинскими буквами, в связи с чем появилось много опечаток и других погрешностей, которые впоследствии Ауэзов скрупулезно исправлял, теперь уже в изданиях на кириллице.

Несмотря на такой сложный, порой тернистый путь издания сочинений Абая, его «Қара сөздер» спустя 12 лет после выхода на казахском языке вышли в свет уже на русском, хотя его поэзия активно, начиная с 1935 года, первых переводов Всеволода Рождественского переводилась на русский язык.

Впервые на русском языке значительный цикл бесед-рассуждений Абая был опубликован в сборнике «Абай Кунанбаев. Избранное» под общей редакцией Леонида Соболева, с предисловием Мухтара Ауэзова в переводе Виктора Шкловского в 1945 году. В. Шкловский – крупнейший писатель, литературовед, переводчик, оставил большое литературное наследие. Творчество этого большого мастера основывалось на фундаменте обширной эрудиции, неустанных поисков и огромного таланта. К работе над переводом прозы Абая его привлек Мухтар Омарханович Ауэзов, с которым его связывала дружба с двадцатых годов, времени обучения М. Ауэзова в ЛГУ, а также множество их творческих контактов в период Великой Отечественной войны, когда деятели литературы и искусства были эвакуированы в Алма-Ату, среди них был и Виктор Шкловский. О жизни и творчестве Абая В. Шкловский, к моменту перевода «Слов назидания», знал уже достаточно из статей, первой части романа М.О.Ауэзова, а также его киносценария «Песни Абая», все варианты которого были знакомы ему, о чем свидетельствует переписка М.Ауэзова и В. Шкловского, хранящаяся в Научно-культурном центре «Дом Ауэзова».

В тогдашней литературной обстановке на точность и соответствие подлиннику влияли многие печально известные идеологические факторы. Не избежали этой участи и «Слова назидания» Абая. Так, после тридцать шестого слова на странице

Абай мұрасы – казактың ұлттық қазынасы

300 этого сборника идет тридцать девятое слово. Тридцать седьмое слово – афоризмы даны в переводе Леонида Соболева в конце книги, в количестве девятнадцати, а не двадцати трех, а тридцать восьмое слово, наиболее объемное и значительное, раскрывающее философско-религиозные воззрения Абая, в котором он постоянно ссылается на аяты и хадисы, в сборнике вообще отсутствует. Многие слова: двенадцатое, тринадцатое, двадцать седьмое, тридцать пятое, сорок третье, сорок пятое, там, где Абай рассуждает о религии, также сокращены, конечно же, по цензурным соображениям.

Впоследствии назидания Абая в переводе В. Шкловского были включены в выпущенный уже в Алма-Ате в 1959 году сборник избранных произведений Абая на русском языке. В нем представлено сорок четыре слова. Афоризмы Абая, переведенные Леонидом Соболевым, заняли свое положенное тридцать седьмое место, а тридцать девятое стало тридцать восьмым и так далее. Текст тридцать восьмого слова по-прежнему не был представлен. Таким образом, даже после XX съезда КПСС долгожданной оттепели даже при издании классики еще не наступило.

И вот, спустя четверть века после первого издания прозы Абая в переводе В. Шкловского, вышло в свет первое полное издание на русском языке в переводе талантливого казахского писателя Сатимжана Санбаева. К тому времени Сатимжан Санбаев, окончивший Высшие литературные курсы, уже известный автор сборников рассказов и повестей «Белая аруана», романов «Дорога только одна», «Времена года нашей жизни», сборника повестей «Колодцы знойных долин».

Само время шестидесятых годов XX столетия привело творческую интеллигенцию к тем же вопросам, которые Абаю пришлось ставить в восьмидесятых-девяностых годах XIX века. Глубокое понимание связи прошлого с современностью, ведь казахская степь прошла к тому времени через многие перевалы эпохи – это было восстание казахов 1916 года, Октябрьская революция 1917 года, гражданская война, голод двадцатых-тридцатых годов, репрессии, Карлаги и Алжиры, Великая Отечественная война, новые политические репрессии начала пятидесятых годов привели казахское общество к стремлению обрести корни национальной культуры, к упрочению духовных ориентиров, познанию самоценности своего наследия. Вновь перед нацией встал вопрос самопостижения и самосовершенствования. В то же время шел активный поиск переплетения корней национальной культуры с корнями других культур.

В исторической ретроспективе мы видим, что в период шестидесятых-семидесятых годов в нашей литературе происходило раскрепощение от идеологии стереотипов мысли, и не только эстетическое, но и нравственное, гражданственное богатство, духовное значение классики возрастило. Пробудившемуся интересу к истории в обществе способствовали и только начавшиеся к тому времени упоминаться и издаваться труды А.Байтурсынова, М.Дулатова, Ж.Аймаутова, М.Жумабаева, И.Джансугурова, Б.Майлина, С.Сейфуллина и др. репрессированных деятелей культуры.

Интенсивная интеллектуальная сфера деятельности Сатимжана Санбаева подвела его к необходимости активного перевода национальной классики. Полный перевод прозы Абая, осуществленный Санбаевым, сохраняет и воссоздает подлинник в материале русского языка. Значение данного перевода было и есть огромно, впервые перед читателями предстал Абай, в круг интересов которого входила мировая культура, философия, религия. К сожалению, все еще нет перевода 46-го слова Абая и потому мы не можем назвать, вслед за автором, этот перевод полным.

Сатимжан Санбаев, проанализировав текст оригинала понял все его тонкости и перенес читателя в ту же атмосферу, в которой находится читатель оригинала.

Движение «Слов назидания» Абая в историческом времени показывает, что их смысловое богатство таит в себе большие возможности, в них выявляются надэпохально-значимые обобщения Абая. Движение наследия Абая во времени ведет к его обогащению и к раскрытию глубинного смысла, к выявлению новых граней его содержания. Конечно же, Абай слагал прежде всего для своих современников, ждал именно от них, пусть порой и безуспешно, живого понимания и отклика. У него была своя абаевская школа учеников и последователей. Это поэты Ақылбай, Магауя, Турагул, Какитай, Кокбай и др., благодаря которым и сохранились произведения Абая в рукописях, альбомах, подаренных им личных записях. Впоследствии все «Слова назидания» были выверены по рукописи Мурсеита академиком М.О. Аузовым, членом-корреспондентом АН Казахстана И.Т.Дюсенбаевым и академиком АН Казахстана З.А.Ахметовым.

В настоящее время имеются три варианта перевода на русский язык прозы Абая. Первый – это перевод Виктора Шкловского, осуществленный в 1945 году, творческий перевод С.Санбаева, впервые созданный в 1970 году и в дальнейшем доработо-

Абай мұрасы – қазақтың ұлттық казынасы

танный, и третий перевод К.Серикбаевой и Р.Сейсенбаева, опубликованный под названием «Книга слов» (8,112-174).

Изучению форм, характерных особенностей и своеобразия вхождения наследия Абая в духовный мир других народов будеть способствовать новое издание. В плане укрепления человеческих взаимоотношений, взаимопонимания трудно переоценить роль художественного перевода, призванного поддерживать нормальное кровообращение в организме мировой культуры.

Конечно, исследуя переводы произведений Абая на русский язык, мы видим, что многие из них не являются точной копией оригинала, это, говоря словами Гете, «нечто третье», что возникает в результате «сближения чужого со своим, национальным, знакомого с незнакомым». Художественный перевод полноправно входит в родную для переводчика литературу, обогащает ее идейно-тематически и жанров-стилистически, становится одним из элементов национального литературного контекста.

Переводное произведение всегда становится рядом с оригинальной литературой, на язык который переводится. Переводчики обычно учитывают этот, родной им, литературный национальный контекст, куда входят литературные традиции, сегодняшние достижения художественного слова – все то, что можно назвать культурной сокровищницей нации, которая и предопределяет необходимость перевода.

Список использованной литературы:

1. Абай. Слова назидания. – Алма-Ата, 1970. – С. 80
2. Ауэзов МО. Абая (Ибраһим) Кунанбайұлы (1845-1904) // В кн. Мысли разных лет. Каз. гос. изд-во худ. лит-ры. – С. 169-170.
3. Там же. – С. 171.
4. Там же.
5. Абая. Слова назидания. Словотретье. – Алма-Ата, 1970. – С. 13.
6. Там же. – С. 11.
7. Ауэзов М. Абай Кунанбаев. Полное собрание. – Кызыл-Орда, 1933.
8. Абай. Қара сөз. Поэмалар. Книга слов. Поэмы. – Алматы, 1993. – С. 138-249;
9. Абай. Стихи. Поэмы. Проза. – Алматы, 2002. – С. 112-174.

Токтар Әлібек

**Абайдың тұнғыш (1909) және соңғы (1995)
жинақтарындағы кейір мәтіндік ерекшеліктер**

Абайдың көзі тірісінде «Дала уалаятының газетінде» (1889, 7-саны) «Жазды күн шілде болғанда», «Болыс болдым, мінекей» (Көкбайдың атында) сияқты жекелеген өлеңдері жарияланғаны, ал көркемдігі мен мазмұны елеулі өзгеріске түскен «Аттың сыны» («Шоқпардай кекілі бар қамыс құлак»), «Бүркітші» («Қансонарда бүркітші шығады анға») өлеңдері алғаш Санкт-Петербургта басылым көрген «Хикая Загифа» (1897) жинағында есімі белгісіз авторға телінгені, «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» Қазанда жарыққа шыққан «Біржан сал мен Сара қыздың айттысы» (1898) деген кітапшаның сонына Ж.Шайхисламұлының шығармасы ретінде енгізілгені баршаға мәлім.

Ақын дүниеден озғаннан кейін де оның өлеңдеріне кол сұғу тоқтатылмағандығы анғарылады. Профессор М.Мырзахметовтың зерттеуіне қарағанда, бұл үрдістен белгілі кітап бастырушы, ақын М.Кәшімов те сырт қалмаған. «Мысалы, «Сұлу қызыда» (Қазан, 1909) басылғандардан айқын анғаруға болады. 20 жол өлең Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Білектей арқасында өрген бүрим», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген үш өлеңінен құрастырылып жарияланған» (Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 20-б.).

Абай өлеңдерінің алғаш өз аты-жөнімен, Санкт-Петербург басылымынан сәл ілгері «Тобықты Ыбырай марқұмның сөздерінен» деген тақырыппен «Насихат-Қазакия» (Уфа, 1909) топтамасына енүi Зейнелғабиден ибн-Әміре әл-Жауһари әл-Омсекауидің есімімен тығыз байланысты. «Өлең – сөздін патшасы, сөз сарасы», «Қартайсан, қайғы ойлайсың, ұйқың сергек», «Бай алды кезінде көп берем деп», «Ал енді жақсы дейміз кімді қалап?» деп аталған төрт туындының сәл кейін Кәкіттай, Тұрағұл Құнанбай ұғландары құрастырган жинақтағы нұсқаларымен біршама мәтіндік ерекшеліктері, жаңадан косылған тармактар мен шумактарға қарағанда, Зейнелғабиденнің Абай туыстарымен жақын байланысы болмағаны, ауыздан ауызға таралып, түрлі өзгерістерге түсіп барып жеткені байқалады.

Осы олқылықтардың орнын толтырып, Абай шығармашылығын тың қырынан танытқан жинақты Самат Әбішұлы Нұржанов деген оқыған азамат 1916 жылы Орынборда бастырды. «Абай термесі» аталған шағын кітапшаға 1909 жылғы «Қазак

акыны Ибраһим Құнанбайұғлы өлеңіне» кірмеген жаңа жеті өлең мен «Бірінші» қара сөз енгізіліп, сол тұстағы көзі каракты оқырманды елең еткізді. Бұл құрастырушының ішкі парасатының биіктігін, кітап бастыру мәдениетін жақсы менгергенін айқын аңғартады. Қалай да бұл жинақтарға енген Абай мұрасының аздығына, жіберілген кемшіліктерге қарамай, оның ақындық даралығының, жаңашылдығының, білік-парасат деңгейін, реалистік қөзқарастарының терендігін қалың оқырманға көрсете алған, поэзиясының құдіретін мойындана алған жинақ болды деп тұжырым жасауға негіз бар.

Санкт-Петербург қаласында 1909 жылы Абайдың төл жинағының тұңғыш рет баспа жүзін көрүі қазақ халқының рухани әлеміне ерекше бетбұрыс жасап, жаңа әдебиеттің іргетасын қалай отырып, болашағына бағыт-бағдар жасап бергені мәлім. Шын мәнінде Абай қайтыс болғаннан соң қолда бар мұрасының бас-аяғын жинастырып, баспаға дайындаған ұлы Тұрағұл мен немере інісі Кәкітай Ысқақұлы бұл жинақты 1905 жылы бастыруға әрекет еткен сынайлы. Бұған Ә.Бекейхановтың: «Абайдың өз шығармалары мен Пушкиннен («Ев. Онегиннен» үзінді), Лермонтовтан, Крыловтан жасаған аудармаларын ұлы Тұрағұл жинап, таяу арада Императорлық Ресей Географиялық қоғамының Семей бөлімшесі басып шығарады», – деп «Семипалатинский листок» газетіне (1905. №250-252) жазған азана-масындағы мәлімет айқын дәлел болады. Бірақ түрлі себептерге байланысты осы сүйінші хабарды малданып, кітапты асыға күтіп отырған оқырмандардың үміті дер кезінде орындалмады. Бұл жөнінде М.Дулатұлы Абайдың дүние салғанына он жыл толуына орай жазған мақаласында қатты қынжылыс білдіреді (Қазақ. 1914, №67). Шындығында, Кәкітай мен Тұрағұлдың Абай мұрасына деген жана шырлығы, оны бастыру жолында жұмсаған қажыр-қайраттары, ынта-жігерлері, аңсар-армандары барлық кедергілерді женіп, араға төрт жыл салып барып кітап басылым көрді. Соның өзінде бұл ізгілікті іс алаш ардақтысы Ә.Бекейхановтың тікелей көмегінің арқасында жүзеге асырылғаны белгілі.

«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі» – Қазан тоңкерісіне дейін Санкт-Петербургта жарық көрген санаулы қазақ кітаптарының бірі. Сондықтан Қазан баспаханаларында жарияланған басылымдардан біршама ерекшеліктері айқын аңғарылады. Біріншіден, жинақтың Ресей астанасынан шығуына, сондай-ақ құрастырушылар өз ұлттымыздың өкілдері болғандықтан мәтіндерге араб, парсы, жалпытүркілік, татар тілдер-

індегі сөздер, тіркестер көп кіріктірмегені байқалады. Бұл кітаптағы туындылар баспаға жүз пайыз қазақтың тілдік нормаларына сай дайындалды деген сөз емес. Себебі, Абай дүниеден озғаннан кейін ұрпақтары Тұрағұл мен Кәкітайдың пәрменімен жүйелі түрде хатқа түспей, ел ішінде ауыздан ауызға тарағып кеткен шығармалары Мұрсейіт, Фабитхан, Нұгербек, Мұхамбетәлі, т.б. татар мұғалімдерінен тәлім алған молдалардың қолымен қадім жазуында көшірілгендей, емделік нормалардың ауытқуы жиі кездеседі. Мәселен, **бөлак**-**бөлек**, **керак**-**керек**, **демак**-**демек**, **білмак**-**білмек** (*Ескерту: мысалдардагы қазіргі емлеке сай түзетілген сөздер 1995 жылығы жинақтан алынды. – Т.Ә.*), т.б. көп буынды сөздердің фонетикалық өзгерістерге түсін, әсіресе басталқы буындағы *e*, *ø*, *i*, *u* жінішке дауысты дыбыстарының соңғы буынга ықпал етіп, жуан дауысты *a*-ға, *i*-нің *ы*-ға айналуы жиі орын алғанын көреміз. Сондай-ақ көбіне қатаң дауыссыз *n* дыбысы ауызекі сөзде *ұяң* *b*-ның орнына қолданатындықтан, үндестік заңы бойынша одан кейін осы топтағы *d* дыбысы жалғанып отырады. Мысалы, талабды-талапты, есебдаб-есептеп, т.с.с., болмаса толқыб-толқып, коркыб-коркып, еріб-еріп, көріб-көріп, немесе *ы-ү-і-ұ* дыбыстары ауыс-түйіске түскенде жанұң-жаның, құрғұр-құрғыр, басатұғұн-басатұғын, өкітүғұн-өкітүғын, орунсыз-орынсыз, бұркұт-бұркіт, күйүб-күйіп, бұлғұттың-бұлғұттың сияқты. Әсіресе, *и-ж* дыбыстарының орын ауыстырылуы иер-жер, иар-жар, иыл-жыл, иасар-жасар секілді көне түркі сөздерін пайдаланғанда көрініс береді. Сонымен бірге қатаң **ф-п**, **с-ш** дыбыстары да бірін-бірі алмастырып отыратынын мына мысалдардан ангаруға болады: жафырақ-жапырақ, файда-пайда, сифат-сипат, нәфсі-нәпсі, дұспан—дұшпан, бейіс-бейіш, т.б. Қадімнің жазу тәртібінде бас әріптің қолданбауына, тыныс белгілерінің қойылмауына, буын үндестігінің сақталмауына байланысты көптеген қолайсыздықтар туындағаны белгілі. Соның салдарынан Абай шығармаларының алғашқы басылымын сапалы дайындалды деп айту қылн (Атап айтқанда, өртанды, иіғанда, түйғанда, көздары, өздары, т.б. көптеген сөздердегі жалғау-жұрнақтардың сингорманиз заңына сай келмейтіндігі қалыпты жағдай болып саналады).

Екіншіден, араб-парсы, көне түркі тілдерінен еніп, қазақтың төл сөзіне айналып кеткен китабды-кітапты, **һәр-әр**, **һешеш**, **һәр-әр**, **инан-илан**, **тұзленер**-**тұрленер**, **излама**-**іздеме**, **тұралы**-**туралы** ұғымдары түпнұсқа негізінде қолданылғанын көруге болады. Ал **махрум**, **бада**, **ғизэт**, **риаз**, **хасса**, **бәһра**, **дәһри** секілді кейінгі жинақтарға енген ондаған сөздер өзгеріс-

ке ұшырамаған болса, аздаған шұбналы-шүбәлі, уәкутба-уәкут-**биһи**, кафир-күшір, сынды кейбір сөздерде ауытқулар жоқ емес. Тіпті, 1909 жылғы кітаптағы **ғашықтық** деген сөздің өзі кейде **ғашықлық-ашықлық-асықтық** түрінде бірнеше нұсқада қолданысқа түседі.

Абай өлеңдеріндегі орыс тілі арқылы енген ресми терминдер, сөздер сол қалпында беріледі, бірақ кирилл әліпбійндегі кейбір дыбыстардың казакы қолданысқа келмейтіндігі біршама кедергілер келтірген. Мысалы, «Интернатта оқып жур» өлеңіндегі: виноуат-виноват, ыздрауаймылашши-здравомыслия-шший, вианной-военной, кароннай-каренной, сшет-счет, занимайса праматой-занимайся прямотой, перуд-перевод, адвакат-адвокат, единитса-единица сықылды ерекшеліктер, немесе Салтыкоф-Салтыков, Толыстой-Толстой, Анегин-Онегин, Татиана-Татьяна, Лермантоф-Лермонтов деген адам аттарындағы айырмашылықтар жиңі кездесіп отырады.

Үшіншіден, редакциялық, корректуралық іс-шаралардың жетімсіздігінен 1909 жылғы жинақтың мәтінінде бірсілір дыбыстар, буындар, сөздер қате оқылған, болмаса басылым барысында дұрыс терілмеген. Бұл ретте, соңғы жинақта 1-нші беліктің «Жат айдынар ісі жоқ» (1) дейтін жолдағы **айдынардың айбынар**, 4-нші белілік «Жігіт қызға айтқанындағы» (5) «... Жақындей бер жуықтап, тамағынан айқайлат» дегендегі **айқайлат** сөзінің соңғы жинақта **аймайлат**, «Кезімнің қарасындағы» (8) **кісім кісіптің кісімсініп**; 5-нші беліліктегі «Бой алдырын, аяғын көп шалдырган» (3) тармағындағы **алдырынның алдырып**, осы беліліктегі «Жарлықпен ол сіздерге, сізді олар ма?» (8) дейтін тармақтағы сізді олар ма тіркесінің сізді **ұғарға**; 6-ншы беліліктегі «Кек туған – алдындағы келер заман» (6) деп басталатын жолдағы **туғанның тұман**, осы беліліктегі «Осы қымыз казаққадағы» (11) жасар сөзінің басар; 9-ншы беліліктегі «Кемшат бөрік, ақ тамақ, қарал суы» (2) дегендегі **қарақ суының қара қасты**, осындағы «Жұрттың аткан оғы өйтіп» (3) тармағындағы **өйтіптің өтіп**; 15-беліліктегі «Өзіне жеткен өңешіндегі» (38) жеткеннің біткен болып түзетіліп оқылуын, болмаса аталған беліліктегі **ең-зен қос** сөзіне м дыбысының қосылуын, **парда** дегендегі **п-ның б дыбысына ауыстырылып бар да** (10) деп өзгеріліп, өзге мәнге ие болуын үлкен текстологиялық іздеңістер арқылы келген нәтиже деп түсінген жөн. Бірақ 1995 жылғы басылымда да жоғарыда көрсетілген кемшілікткен сыртқалмаганы байқалады. Мәселен, 15-нші беліліктегі «Бір оңаша жолығар, жыр айтқызар» (2), «Рас-аяу» деп мағнасын о-дағы

ұнар» (16), «Сорғалап келіп араға» (34), «Ескендердің әңгімесіндегі» «Тоймас көзін толар деп қайғы жеме» деген жолдардағы: **жыр-жер, ұнар-ұғар, араға-ыраға, көзің-кезің сияқты сөздердің соңғылары терілім кезінде кате жазылып кеткенін ангаруга болады.** Сондай-ақ алғашқы басылымда аузызекі тілде жиі қолданылатын **жүреалмай, келеалмай, алалмай, көреалмай, баралмай, шығалмай, айталмай** сияқты сез тіркестерінін (күрделі етістіктердің) қазіргі емлеке сәйкес ара-жігі ажыратылып тери-лменген.

Мәтіннің қате оқылуы. Қандай да колжазбалар мен көне кітаптардың сақталу сапасы автордың, болмаса көшірушілердің қол таңбасына, яки баспаға дайындаушылардың жіберген емлелік қателіктеріне байланысты болады. Мұндай кемшіліктер Абай шығармаларын жарыққа шығару барысында да кетіп отырғаны жасырын емес. Осы орайда айғақты дәлел үшін бірер мысал келтірген жөн сияқты. 1-нші бөліктегі «Малға достың мұны жоқ малдан басқа» (28) деп басталатын өлеңнің екінші шумағының «Мал жияды мақтанып, білдірмекке» деген бастапқы жолындағы **мақтанып** сөзінің соңғы п дыбысы 1995 жылты басылымда **и-ға** айналып, мақтанып болып мән-мағынасы өзгеріске түсken. Сондай-ақ 5-нші бөліктің (1) «Талапты көңіл елірмес» дегендегі елірмес-елермес, 6-ншы бөліктің «Бойыңа сіңіп өрт болған» (11) деген жолындағы өрт-уерт, «Сегіз аяқтың» «Қайтқан соң ажар, Не болады қу жак» (2), 9-ншы бөліктің «Аласыз қара көзі айнадайын», 15-нші бөліктің «Мәнісін сұрап білерге» (2), осы бөліктегі «Кіріп келді есікten» (41) дегендегі қу жак-кожақ, аласыз-аласы **аз**, білерге-бірерге, есікten-тесіктен болып оқылған, т.с.с.

Мәтіндерді саналы түрде өзгерту, редакциялау. Бұған байланысты біраз мәселелердің басын ашуға болады. Біріншіден, соңғы басылымда ақын жиі қолданатын түленше сезі түгенше, шүйінші-сүйінші, айланып-айналып, керден-керден, сұрқұл-сұрғылт, зырқырап-сырқырап, дүпілдеп-лұпілдеп, кекарай-кекорай, дайынданған-дайындалған, шаңлай-шандай, әпкелген-әкелген, қалбақтап-қалбалактап, әддінді-әлінді, қызыр-қызыр секілді жергілікті сездер әдебиленген.

Екіншіден, түпнұсқадағы кейбір сөздердің орнына олардың синонимдері пайдаланылған. Мысалы, қылыс-**етіс**, о да-ол да, иә-не, сиыра-сыыра, сықылды-**секілді**, шегеріп-шегініп, тыкты-**салды**, онын-мұның, бұқун-бұғін, т.б.

Үшіншіден, буын, бунақ, немесе бір ғана дыбыс арқылы негізгі сездер өзгеріске түсken (шуласын-шуласар, кезбек-кезіп.

Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы

бектеп-бекіп, бұлша-пұлдай, тез-ақ-әлі-ақ, көзін-көзбен, ізденіп-ізденер, қуаттан-қуатты, шегіністі-шегінісіп, талапсызы-талассыз, тыйғанменен-қиғанменен, соны-сонда, күзетші-күзетке, болып-болу, байлығын-байлықпен, әтештей-әтешті, бұл-пұл, асығы-асылы, тайған-тайғақ, жас-мас, бәрі-бірі, тісің-түсің, жүректе-жүректі, айтимас-айнымас, оқы-оқып, тағына-тағыны, келишіл-кеқшіл, тұрсын-тұрсың, ұшқалы-ұшқаны, жаңғырды-қаңғырды, жалынып-налынып, барды-салды, с.с.).

Төртіншіден, 1909 жылғы «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұфы өлеңінде» жарияланған мәтіндерге кейінгі басылымдарда мәтіндерге дыбыс, қосымша, сөз, тіркестер кіріктірілгенін, керісінше кейде тұпнұсқадағы осындай элементтердің түсіп қалғанын байқауға болады. Мысалы, 2-нші бөліктегі «Елде кәрі жамандап, өлім тілеп» (3) деген тармақ соңғы басылымда «Кәрілікті жамандап, өлім тілеп» (1-том, 94-б.) деп берілген. Көзге бірден түсіп тұрғандай, тұпнұсқадағы «елде» сөзі алғынып тасталып, «кәрі-ге» лік-ті сияқты артық екі буын қосылған. Немесе, «Содан да оны ойламай қоя алмаймын – «Сонда да оны ойламай қоя алмаймын» деген жолдардан тұпнұсқадағы алғашқы сөз кейінгісінде қалай өзгеріске түскенін көру қын емес. Екі жинақты салғастыра қараганда, төмендегідей мәтіндік айырмашылықтар кездеседі: қара-қараши, деді-депті, толқын-толқынын, шошыма-шошынба, көңілін-көніл, қалайша-қалайниша, ағайын-ағайынын, ғашығының-ғашықтың, әдет-әдеті, аманат-аманату, жатқан ой-жатқанды, миы-ми, мақтаны-мақтан, қакқаны-қаққан, болсаши-болсайышы, аяма-аямай, болсаши-болсайышы, жері-жерін, кетеді-кетті де, өтеді-өтті де, жанжаны, болма-болмай, ие-иең, бәрін-бәрін де, «Мына біреу ішінде – Сен мына бір ішінде», «Дарияға жұз барған – Дарияға таман жұз барған», «Ол желсе желеді – Ол желсе, жұрт желеді», «Баяғы ұзын құлақ қалпың ғой – Ұзын құлақ қалпың ғой», «Деді: енді қараши – Деді: енді бір қараши», «Болған жоқ қой», – деседі – Болған жоқ қой!», – деседі, т.б.

Бесіншіден, Абай өлеңдеріндегі көптеген сөздер, тіркестер, тіпті тармактар санауда түрде өзгерілген. Бұл пікірге мына текстологиялық шолудың бір парасы нақты дәлел бола алады:

1909 жылғы жинақта

1995 жылғы басылымда

Картайдық, қайты ойладық, ұлғайды арман	Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман
Демендер ойнас іске жұбаналық	Демендер өнбес іске жұбаналық
Жақсы айтырда бисе жоқ ат тұарлық	Ұзілмес үмітпенен бос қуардық
Итше иттен тілемей	Итше індеп тілемей
Анттын сатып, айт үрып іздеңені	Арын сатып, айт үрып іздеңені

Абай мұрасы – казактың үлттік қазынасы

Дастиарханың байлығын мактан көрсөн	Дастиаркан мен қатынды мактан көрсөң
Мұнажат ғалымдардың зар наласы	Мұнәжат ғалыптердің зар наласы
Өлеңі бәрі – жамау, бәрі – құрау	Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау
Өткен адам, елген жан	Өткен өмір, елген жан
Хасиет кетті, дос кетті	Махаббат кетті, дос кетті
Тоқтаулық, қалыпты, шыдаңдылық	Тоқтаулық, қалыпты, шыдаңдылық
Көз жетті бір қалыпта тұра алмаска	Көт жетті бір қалыпта тұра алмаска
Бір онаша жолығар, жыр айтқызыр	Бір онаша жолығар, жер айтқызыр
Мен гашыққа жас емес пе ем?	Мен гашыққа мас емес пе ем?
Кетсен етті ұзатып	Кетсен еді ұзатып
Шаңдай алмас жол дағы, Сыбыдымас жапырак.	Шан шығармас жол дағы Сілкіне алмас жапырак
Өзі қысық, өзі асаяу, тентек өмір	Өзі қысық, өзі асаяу, тентек өмір
Көкірек елжіреп	Жүргегі елжіреп
Менен кісі мұнайсын	Сан кісі мұнайсын
Кен мандай, қалың шаш	Кен мандай, қолаң шаш
Бұлттың сүтін ішіп ержеткемін	Бұлттың сүтін еміп ержеткемін
Бейнен сағым жоғалып түгесілмек	Сағымша жоқ бол кетіп түгесілмек
Жан қадірін білмеген	Мал қызығын көрмеген
Тәтті ғамас, жасы ас жок	Жақсы тәсек, тәтті ас жок
Жақсыс кнім кимеген	Жан қадірін білмеген
Өрде жалғыз отырмак ойында бар	Төрде жалғыз отырмак ойында бар
Өлмес адам, қайрат, қүш – бәрі менде	Өлмес өмір, қайрат, қүш – бәрі менде
Жайынша жатып, қарны ток	Қайғысыз жатып, қарны ток
Демеймін мені мақтасы	Демеймін жүрт мақтасын
Кудайым мені мақтасын	Кудайым бізді мақтасын
Тым-ак дауысын күштеген	Тым-ак дауысы күшті екен
Карагым, жылт, орын бер	Карагым, жылт, тамақ бер
Жақындалап барып барлайды	Етпеп барып барлайды
Жақын жерге жау алып, тұра аттанды	Жақын жерге жау болды, тұра аттанды
Кейбір жігіт жүреді мактан құйлін	Кейбір жігіт жүреді мактан құйлен
Іс қылмай ма үлгісі?	Іс қылмай ма ол кісі
Не білсін өнер ізденіп	Не қылсын өнер ізденіп

Алтыншыдан, кей жағдайда өлең өлшемін, туындылардың көркемдік сапасын көтеру максатында сөздер мен тіркестердің орнын ауыстыру орын алғандығын да мысалдар арқылы көрсетуге болады.

1909 жылғы жинақта

1995 жылғы басылымда

Бой шымырлап, тән еріп	Тән шымырлап, бой сріп
Екеуінің құмары сондай күшті, Күн қырындан жүргендे көп қожаңдал.	Құмары екеуінің сондай күшті, Түн қырындан жүргендеге көп қожаңдал.
Қара жерге бас үрүп сұлаганын	Бас үрүп қара жерге сұлаганын
Дүние деген ширкіннің көрдік көтін Бірінін жеп жүрген көп біреуі етін	Мен көрдім дүние деген иттін көтін Жеп жүр той біреуінің біреуі етін
- Аллаға неден жаздын, сорлы? - депті	- Аллаға, сорлы, неден жаздын? - депті
Жүртттың сезін, рас па сынар едім	Рас па екен жүрттың сезі, сынар едім

Абай мұрасы – казақтың ұлттық қазынасы

Біз бұл текстологиялық шолуда тек Абайдың 1909, 1995 жылдары жарық көрген жинақтарының мәтіндік ерекшеліктерін қарастырганымызды баса айтқымыз келеді. Себебі, ақынның тұнғыш кітабынан кейін шығармалары толықтырылып, сан мәрте қайта басылып отырды. Бұлардың арасынан М.О.Әуезовтің жетекшілігімен әзірленген (1957) басылым мен С.Қирабаев, З.Ахметов, Қ.Мұқаметқанов, Ж.Ысмағұлов, М.Мырзахметов сияқты белгілі абайтанушылар құрастырган Абай шығармашылығының екі томдық Толық шығармалар жинағын (1995) айырықша атап өткен орынды. Аталған еңбектердің қай-қайсын да баспаға дайындауда мәтіндер текстологиялық елекten өтіп, сараптау жұмыстары жан-жақты жүргізілген. Дегенмен, зерттеулер барысында Князь К.Н.Кудашевтың, С.Шормановтың, Т.Отынұлының, Н.Құдабайұлының, М.Толыбаевтың, Б.Әбиевтің жинаған материалдары пайдаланылғанмен, ақын мұраларының негізін 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейіт Бікеұлы қолжазбалары (1905, 1907, 1910) қалады. Эр кезеңдерде Абай шығармалары осы қолжазбалар арқылы толықты және де біз жоғарыда көрсеткен мәтіндік өзгерістер біргіндеп түзетіліп отырды. Ұлтымыздың атаяу мен Абай есімі – егіз ұғым. Сондықтан еліміз еркіндігін алып, он-солын тани баставан кейінгі он бес жылдың көлемінде ақын мұраларын зерттеудің жана бағыт-бағдарлары айқындалып, тың тұжырымдамалар қалыптасты. Осы ретте жоғарыда айтылған кейбір ой-пікірлер кейінгі зерттеушілердің кәдесіне жарап қалар деген үміттеміз.

Аманкелді Мұқан

Мұхтар Әуезовтің «Абайы» классика ма?
(Немесе атамыш шығармасын театр сахнасына
көйылу тарихынан)

Сөз басы. Мәскеу қаласында болғанда ҚР елшілігіне қара-ма-қарсы көсіліп жатқан Чистопрудный бульварының аллеясымен Абай атамыздың ескерткіші түрған жерде жұмыс бабымен күнделікті әрі-бері өтіп жүріп тұган жеріміздің бір пүшпағында жүргендей әсерлі тамаша сәттерді бастаң кештік. Үйреншікті Алматыдан, одан асып Қазақстаннан алыс шетте жүріп Абайға, оның қоладан құйылған ескерткішіне келу, онымен тілдесу ерекше күш берді, кеудемізге үлкен мақтаныш сезімін ұялдатты.

Мәскеудегі «Молодая гвардия» баспасының «Жизнь замечательных людей» сериясымен басылып шыққан Н. Анастасьевтің сиясы кеппеген «Абай» кітабының эпилогі Республикалық «Егemen Қазақстан» газетінің бетіндегі «Абай аскары» деген тақырыпта белгілі қаламгер Жұмағали Ысмагұловтың аудармасымен жарияланған еді. Эпилог соңы сұхбатқа ұласып: «Абайға баар жол кашанда өрлеу жолы, оның өзі – кашанда жалғасатын жол» – деген автордың қорытынды сөздерімен аяқталған екен [1, 10]. Абайтану мен Әуезовтануда (Анастасьев Н. Трагедия триумфатора: Мұхтар Ауэзов – судьба и книги. Атамұра, 2007) сырт көзбен жаңаша пайымдалған, қазақ үшін орны бөлек тұлғаларды зерттеуде соңғы кездері соны пікірлермен көрінген бұл жазушының осы бір ойы оқырманды биік те шекіз жаңа көкжектерге жетелейтін секілді.

Атамыш сұхбатта белгілі мәдениеттанушы Мұрат Әуезовтің: «Атап айтсақ, XX ғасыр біздің қазакты мықтап тұрып сілкіледі, Абай соны көрегендікпен білген де, кайталаپ айтайдын, отандастарын соған әзірлеп кеткен...», – дейді [1,10]. Біздіңде орынды айтылған пікір. Сол Абайдың өмірін, шығармашылығын, бар бітім-болмысын кай жағынан алып карамайық, елі мен халқының қамын жеуден туындаған ой-тұжырымдары халықтың келешегіне бағытталған. Арада жұз, одан да көп жылдар өтсе де біздің бүгінгі күнімізді, уақыт алшактығына бағынбайтын ұрпақ бойындағы қисықтықты, келенсіздікті әшкөрелеп. дұрыс жол іздеуге, пендешіліктің құлына айналмай адам болуға. өзгелермен терезесі тен өл болуға шақыратын тамаша ғұмырын – «жұмбак адамның» жанына сыналай еніп, жана қырлауын аша тусу ұрпақ үшін өте қажетті іс.

Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы

Сол Абайымыздың өшпес бейнесін танып білуде бұл тұлғанын театр сахнасы арқылы көрерменмен қауышуынын маңызы зор болды. Халқымыз қадірлеп, пір тұтқан өзінің ғұламасымен драма және опера театрының рампасы арқылы жүздесті. Абайды ашындырган, Абайды толғантқан, Абайды лирикалық терең сезім ірімдеріне жетелеген сәттері сахнадан сомдалған образдар арқылы көріп-білу ерекше әлем. Ұқыт өткен сайын көмес-кіленгендімен рухани мұраларымен бізге етене жақындай түсken данышпанымыздың бар болмыс-бітімін тереңірек тани түстік.

Сахналық қойылу жолына көз жіберсек, қазақ опера өнерінде өзіндік орны бар А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсының тарихы, драматургиясы музыкатанушы мамандар тарапынан зерттеліп, бүтінде хрестоматиялық ұғымға айналды. Қойылу тарихы, орындаушылық дәстүрі, сценографиясы, т.б. компоненттері кезінде толығымен қарастырылып жазылған бұл шығарма – ұлттық өнеріміздің алтын қорындағы қымбат класикалық мәдени мұрамыздың бірегейі. Театрда алғаш қойылғаннан бастап сахнадан түспей келе жатқан бұл шығарманың көркемдік құндылығы ұрпақ үшін орасан зор. Қазақтың мемлекеттік академиялық опера және балет театры сахнасына Абай Құнанбайұлының 100 жылдығын тойлау салтанаты қарсаңында қойылғаннан кейін, атын иемденген, бүтінде 75 жылдық тарихы бар еліміздің музыкалық бас театрын Ұлы Абай есімінсіз көз алдымызға елесте алмаймыз. Неше онжылдықтар өтсе де «Абай» операсы аталмыш театр репертуарының көркі болып келеді. М.Әуезовтың драма театр сахнасына арналған трагедиясының сахнадағы екінші, ұзақ ғұмыры опера жанрының негізі – музыкалық драматургия арқылы қайта түледі.

Республиканың музыкалық театрлары (төртеу) өздерінің шығармашылық жұмысында бұл операны әлі талай жылдар бойы репертуарлық азық ететініне күмәніміз жок. Себебі, «Абай» операсы – қазақ халқының мандайына біткен терең ойшыл философ, жазба әдебиеттің негізін қалаған тамаша ақын. Шығыс пен Батыс мәдениетінің арасында қазақтың төл әдеби бағыт-бағдарын музыка арқылы айшықтаған Абайымыздың өмірі мен шығармашылығына, жүрек тынысы мен арман-қияллының самғау белестерін айқындайтын ерекше туынды. Сондықтан да қазақ халқы, оның театрлары бар жерде ғұламаның жарқын келбеті көмескі тартпақ емес. Шығарманың бұлай өміршен болуына қазактан шыққан тұнғыш кәсіби композиторлар, ұлттық кәсіби музыка өнерінің негізін қалаушы академик Ахмет Жұбанов пен Латыф Хамидидің бірлесіп жазған дәстүрлі музыкалық

тамырынан һәм Абайдың ән шығармашылығынан қол үзбеген тамаша музыкасының да үлесі зор.

«Абай» шығармасының сахнаға қою үлгісі сонау 40-жылдардан бастау алады. Қазақстанның 20 жылдық мерекесі қарсандында дүниеге келген М.О.Әуезовтың Л.Соболевпен бірге жазған «Абай» трагедиясын сахнаға қою автор мен театр әкімшілігін біраз ойланған болатын. Таңдау дәл осы кезде Мәскеудің А.В.Луначарский атындағы Театр өнері институтын бітіріп, дипломдық спектаклін қоюға Алматыға келген жас маман Асқар Тоқпановқа түсті. Бұл кезде жазушы роман-эпопеясының жекеленген бір тарауы «Әдебиет майданы» журналына «Татьянаның қырдағы әні» деген атпен жаңадан басылыш шығып (1937 жылы көктемде), көпшілік қауымға енді таныла бастаған кезі болатын. Трагедиядағы окиға желісін, тартыстардың мән мағынасын анықтап, кейіпкерлерді тереңнен түсініп алу үшін режиссер А.Тоқпанов қолда бар мүмкіндіктің бәрін пайдаланады. Ақын туралы зерттеулердің әлі де болса көп тараала қоймаған уақытында жас режиссер Абайды, оның өмір сүрген ортасын баспа бетінде басылған, өзге де материалдардан терең зерттейді. Кез көрген көнекөз қариялардан естіп білмекке Семейге арнайы сапармен барады. Сондай бір естелігінде А.Тоқпанов Абайды танудағы қадамдары жайлы: «Ысқақтың баласы Әбдірахыммен, Абай ауылында ескен Қатпа сияқты қөне көздермен дидарластым, – дей келе ол, – Әлі есімде, Қайым Мұхаметхановтың үйінде Мұхтар келді де, бәріміздің басымыз қосылды. Сұрау беруші Мұхтар да, айтушы Қатпа ағай болды.... Мен Қатпа ағайдан Айдар сияқты жалқы, жетім жігіттің кейбір қасиеттерін анғардым. ... Мениң «Абай» трагедиясындағы адамдарды анық түсінуіме Қатпа ағайдан естіген әңгімелерім өте көп көмегін тигізді», – дейді [2,16]. Бұл жазушы М.Әуезовты әлемге таныткан «Абай жолы» роман-эпопеясының желісін жазу мен кейіпкерлерін сомдау жолында қызу материалдарды жинап жүрген кезі болатын.

«Абай» трагедиясы сахнаға алты ай бойы дайындалады. Жас режиссер А.Тоқпанов драма театр сахнасында Абай бейнесіне Қ.Куанышбаевты тағайындалап, екеулеп жүріп ғұламаның образына кілт таба алмай біраз қиналысқа түседі. Ол өзінің «Сахнада – Ұлы Абай» атты еске алу мақаласында М.Әуезовтың дайындық барысына қатысып көрген кезде дайындық аяғына дейін шыдай алмай орнынан атып тұрып: «Ей, Қалибек, «сен не дейсін?» дегенді айта алмайсың ғой. Тілің күрмеледі ғой... Осы күнге дейін бір ауыз сөзін айта алмайсың. Сенен қалай Абай

шығады? «Сен не дейсін де?» бүкіл Абай бейнесінің кілті тұр. Осы бір сөзінде күйіну де, түнілу де, тебірену де, таңдану да, тағысын-тағы толып жатқан көп астарлы сыр жатыр. Ал сенің «не дейсініңде» жалаң қабат, жай адамның айтатын, онда да тұтықпа жабының үні ғана тұр. Пәлі, сендердегі актері бар, мынадай (мені нұскап) режиссері бар мен бақытсызыбын. «Абай трагедиясы – симфония, ал симфонияны балалайкамен ойнаса не болар еді? Сендер балалайкашысындар,» – деп Қалибекті де, мені де, бүкіл коллективті де қатты мұқатып, күдер үзе, автор Семейге жүріп кетті», – дейді [2, 19]. Осындай қындықтарға қарамастан «Абай» трагедиясы А.Тоқпановтың режиссурасымен алғаш рет көрермендерге жол тартты.

«Абай» трагедиясы қазақ драма театры сахнасына алғаш шыққаннан бастап еліміздің мәдени өмірін дүр сілкіндірген, театр ұжымының кезеңдік қойылымы деп танылды. Белгілі актер К.Куанышбаевтың сахнада сомдаған Абайын қалың көрermenі бір ауыздан ерекше ықыласпен кабылдады. «...Куанышбаев Абай ролінен енгенде жұртшылық тірі Абайды көргендегі эсер алды. Куанышбаевтың ұлы ақынның ролін ғажап шығарғаны сонша, ол өмір бойы тек қана осы ролді орынданап келе жатқан тәрізді бол көрінетін еді» [3, 338], – дейді театр тарихнамасы. Осы трагедия негізінде Абайдың өміріне арналған қазақ драма театрларының сахнасына шыққан спектакльдерлегі ұлттық театр тарихының беттері мен мерзімді баспасөз беттерінде жақсы жазылған. Бұл жол кейін занды жалғасын тауып, 60-жылдары Ә.Мәмбетовтың, 90-жылдары Ж.Хаджиевтің, Б.Атабаевтың, т.б. режиссурасында әр кезеңнің көрермендерін өз Абаймен қауыштырып отырды.

Сәтті шықкан трагедиядан кейін қай сахнада болмасын Абайдың қайталанбас тұлға болып көрінетін түсінген композиторлар жұмысына ақынның қызықты да өнегелі өміrbаяны, ән шығармашылығы көп көмек жасады. М.Әуезовтың композиторларға берген ақыл кеңесі, Абай әндерін қай жерде қолдану туралы ұсыныстары орынды қолданылған. Композитор Л.Хамиди өзінің естелігінде либретто авторының операның жазылуы барысында берген бағалы кеңестері жайлай: ««Абай» операсын Ахмет Жұбанов екеуміз 1942 жылдың көктемінен бастап жаза бастадық. Ол кезде «Абай» пьесасы Қазақ Академиялық драма театрында ұлken табыспен өтіп жатқан болатын. Драма театры сахнасында көріп көз үйренгеннен болу керек, енді «Абай» операсы жазыла бастады деген хабарды естігенде, оған наразылық білдірген жолдастар да болды. Бірақ Мұқан бізге ұлken сенім

білдіріп: «Қорықпай операны жаза беріндер. Абай опера геройы бола алады, ешбір күмәнденбендер. Әйткені, Абайдың өзі ақын, әрі композитор болған жоқ па? Абайдың өз әндерін творчество-лық түрде операда мол пайдаланыңдар. Сонда Абай айтатын ариялар оның өзіне де жарасып тұрады және тыңдап отырган жұртқа да ұнар» деп бізге ағалық ақылын айтып, іске жігерлендіріп қоятын. Осы айтқан ақыл-кенесін дәлелдеу үшін болу керек, либреттоның кейір жерлеріне «Абайдың пәлен әннің ырғағымен» деп жазып та қоятын еді. Мұқаның бұл айтқанда-рын опера жазылып жатқанда Ахмет екеуміз қатты ескердік», – дейді. [4, 42 б.] Драма театр сахнасының Абайына қарағанда опера Абайының күні бүгінге дейін сахнадан түспей келуі де осындағы жан-жақты, көп салалы өнер компоненттерінің шығармада бір жерден үйлесіммен шығуында болса керек. Операның бұлай ұзақ жылдар бойы ғұмырлы болуы жайлы опера авторына жүгінсек: «Енді қазір «Абай» операсының отыз жылдан артық үздіксіз сахнадан түспей келе жатқанының бір себебі – Мұхтардың кенесін тыңдап Абайдың өз әндерін опера творчество-лық түрде орынды пайдалана алғанымыздан болу керек деп ойлаймын», – дейді [4, 42].

Опера театры да «Абай» операсының қойылымын өз деңгейінде жасауга ерекше құлышыныспен кірісті. 1944 жылғы 24 желтоқсанда тұсауы кесілген операның режиссері К.Жандарбеков, суретшісі Қ.Ходжиков, дирижері Л.Шаргородский, балетмейстер Ю.Ковалев болды. Театр барлық шығармашылық ресурстарын пайдалана отырып, өз заманына сай елеулі сахна-лық қойылым арқылы қазак өнері мен мәдениетінің барша талантты ұл-қыздарының бастарын біріктірді. Театр Е.Г.Брусиловскийдің «Қызы Жібек», «Ер Тарғын», т.б. операларынан кейін ұлттық композиторларымыздың өзіндік соны туындысын дүниеге алып келді және сахнада қойылуында ерекше жетістіктерге жетті. «Абай» операсы кезінде Мәскеу көркем театралының сахнасында қойылған А.Чеховтың «Шагаласы» секілді тұтастай қазақ халқының қара шаңырағы болған – опера және балет театрының бойтумар спектакліне айналды.

Жазушы-драматург М.Әуезов опера либреттосын драма театр сахнасына қойылған өзінің трагедиясы негізінде музика-лық театралық жанр ерекшеліктерін ескере отырып жазды. Опера шығармасының сәтті жазылуы ұлттық қәсіби композиторларымыздың музика өнерінің ең күрделі жанрларының біріне саналатын операны жазуда нық басқан алғашқы кадамдарымен бірге либретто авторының биік жазу шеберлік деңгейін көрсе-

теді. Драматургиялық даму желісі ширак, ете жинакты жазылған М.Әуезов либреттосы композиторларға жұмыс істеу барысында үлкен көмек болды. Кейінгі кезде саҳнада ғұмыры қыска сәтсіз жазылған туындыларды қоюдың жилеме, опера драматургиясы – либреттоны жазуға белсенді тартылуға тиісті осындағы ірі тұлғалардың шет қалуы кезінде болған жақсы бастаманын аяқсыз қалғандығын көрсетеді. Опера либреттосын «бір жазса, М.Әуезов жазады» деген тұжырымға келген А.Жұбанов өзінің кезекті «Құрманғазы» операсының либреттосын жазу жұмысына да тек М.Әуезовті тартқысы келгендігін білеміз. Композитор М.Әуезовпен жаңа опера жазуға дайындық жұмыстарын басталғанмен жазушының денсаулығына байланысты уақытша тоқтап, кейін қайтыс болуымен бұл жоба мүлдем іске аспай қалды [5,36-37].

Талантты актер Қ.Қуанышбаевтың жасаған Абай бейнесі көрермен жүргіне сәтті жол тауып Республика қолемінде үлкен мәдени маңызы бар оқиға ретінде аталып өткендігін жогарыда айттық. Араға бірнеше жыл салып, Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайлы опера жазып жатқандығы құлағы түрік жүртшылық көnlін елең еткізеді. Құлағдар болғандардың не себептен алаң болғаны жайлы белгілі қаламгер Ғабит Мұсірепов: ««Абай» операсы саҳнага шығар кезде көп адамның алдында өлең айтып тұрған Абай қалай болар екен деген дұдемал сұрау жүрді. Болашақ мұңын, ел қамын жеген ойлы Абай ән салып тұрғанда женіл көрініп кетпес пе деген занды сұрау еді», – дейді [6]. Қылқалам шеберінің мұндай құдікті ой айтуына өзіндік себеп бар болатын. Осы кезге дейін бұл театрдың саҳнасында негізінен ұлттық ауыз әдебиеті желісіне негізделген батырлық, лиро-эпостық дастандардан бастау алған «Қызы Жібек», «Ер Тарғын», т.б. махаббат, достық тақырыбын жырлап келеді. Бұған дейін Жалбыр секілді ұлт азаттық құрестің батыры кейіпкерлер ретінде саҳнада болса да Абайдай құрделі тұлғаны қасиеті мен құнын түсірмей музикалық театр саҳнасына шығару театрға зор жауапкершілік жүктеген болатын. Бұл жұмысқа тапсырыс берушілер мен оны орындаушылар, саҳнага шығарған өнерпаздар тобы ете жауапкершілікпен келген. «Абай» шығармасы ұлттық композиторлық мектебінің алғашкы қарлығаштары А.Жұбанов пен Л.Хамидидің опера жанрындағы тұңғыш, сонымен бірге тыңнан бастаған соны жолы болатын. Екіншіден, ұлт пір тұтқан Абайға опера жанрына тән өзіндік шарттылықтармен саҳнада ән айтқызып қою ол кезде көрермен үшін әлі үйренісе қоймаған тосын құбылыс болғаны анық. Дра-

ма театры сахнасындағы Абайға көздері үйрене бастаған көрерменге сахнадан әндептің жүрген Абай ерсі көрінуі заңды. Алғашқы тұсауқесер көрсетілімінде әр түрлі себептермен көрермен сыйнына ұшыраған фактілер әлемдік опера театры тарихынан жақсы білеміз. Қазір опера театрларының ең көп қойылатын, ал кезінде оңбай сыналған Дж.Верди, Д.Бизе, П.Чайковский, т.б. секілді танымал композиторлардың «Травиата», «Кармен», «Евгений Онегин» операларының сахнаға келуінің бұралан тарихы осының дәлелі. Аталмыш шығармалардың опера сахнасына алғаш рет шығуы бұрын қоғамда көз көріп, құлақ естімеген қарама-қайшы пікір-талас тудырып, тұсауқесер қойылымын көрермен мұлдем қабылдамаған болатын. Жекелеген кейіпкерлер күні кеше көз көрген заманының фрак киген Онегині, қоғамның төменгі сатысындағы өмір сүрген сыған қызы Кармен мен куртизанка Виолетталаар болып, опера сахнасы үшін төңкөріс әкелген жаңалықтың басы еді.

Ойда күдік болса да «Абайдың» алғашқы қадамынан-ақ жоғарыда атаптап сәтсіздікке ұрынған опералар тарихымен тағдырлас болуы мүмкін емес еді. Күдікке негіз жоқтығын зор табыспен өткен тұсауқесер қойылым толық көрсетті. Театр репертуарының төрінен берік орнын алған операның өміршендігіне алпыс жылдан аса уақыт театр маусымының беташар спектакліне айналуы және театрға сол кезде Абай атының берілуі күз. Біздің ойымызша акын, философ, композитор, жалпы адамгершілік қырлары мол ғұлама Абайдың шынайы келбетін музикалық театр сахнасы толығырақ ашса керек. Сыршыл да сұнғыла поэтикалық образдар әлемі мен әсем де әрлі лирикалық әндері, терең де ашы айтылған қара сөздеріндегі ойлары Абайдың бойынан табылып, оны дайын күйіндегі музикалық образ ретінде театр сахнасына жетелеп тұрған болатын. Ән-күймен көніл шерін тарқатқан Абай партиясының түйінді тұстарында оның ішкі жан дүниесін ашуға композиторлар акынның төл әндерін сәтті колданып, кейіпкердің сахналық образын «өз тілімен» сөйлеткен. Абай партиясының осы тұстары – «жұмбақ жаннның» жүргегіне терең бойлайтын опера партитурасының ең шұрайлы беттері. Талай үрпаққа рухани азық болар бұл операның сахналық ғұмырын үзіліссіз, ұзақ болу сырды да осында болар.

Операның орталық тұлғасы Абайды сомдау театр әншілері Р.Абдулин, Қ.Байсейітов, Е.Серкебаев, М.Мұсабаев секілді талантты орындаушылардан бастап бүгінгі F.Есімов, Б.Сқақов, Ш.Әбілов, Т.Кузембаев, Ж.Шыбықбай секілді өнерпаздардың еншісіне бұйырды. Эрине, барлық әншілердің айтатын

партиясы автордың жазып кеткен бір образы болса да, олар өздерінің бойындағы ән-орындаушылық қызуқанды темпераментімен, әуезді дауыстық бояу-тембрімен, әралтуан күшке, са-мғау қасиетіне ие ерекшеліктеріне салып, Абайдың қайталанбас бейнесін жасады.

Арада бірнеше ондаған жылдар өткенде бұл опера қойылымы өз басынан моралдық ескіруді өткізу olandылық. Театр операны бірнеше мәрте жаңа режиссурамен қойып отырды. Әрине, жаңа спектакль жасауға өз заманының жаңа күштері мен жарқын өнерпаздарының тартылуы olandылық. Осындай ізденіспен жасалған жұмыс үлкен нәтиже ретінде 1958 жылғы желтоқсан айында Мәскеуде өткен екінші декадаға дайындық барысында көрсетілген нұсқасын атауға болады. Авторлар бұл декада көрсетілімі үшін операның арнайы жаңа, екінші редакциясын жасады. Операның жалпы драматургиясына елеулі өзгерістер енгізілмейді. Негізінен екінші редакция партитурасындағы өзгерістер жайлы осы театр тарихына қалам тартқан зерттеуші В.Мессман өзінің очеркінде: «И в дальнейшем сколько нибудь значительных изменений в ее драматургии не произошло. Зато композиторами целиком заново написана сцена суда, и она стала намного динамичнее и остree. И вообще новая музыкальная редакция оперы должна быть признана художественно более зрелой чем первая: сочнее звучат оркестр, хоры, ансамбли. Это же относится и к спектаклю в целом: он стал полнокровнее, зрелищнее культурнее», – деген ой айтады [7, 168]. Әрине, жаңа нұсқадағы толықтырулар операның динамикалық тұрғыдан ширауына, халық-хордың музыкалық нөмірлері мен репликаларының жандануына, оркестрдің оқиғаны тереңдеуіне алып келіп, операны көрерменге жаңаша қабылдатты. Ал, екінші актідегі толығымен қайта жазылған «Билер сотының» бұл опера да атқарап рөлі ерекше. Қызуқанды ой мен пікірлердің қақтығысы, өткір теңеулер мен қағытпалардың, ашу-ыза мен салиқалы жауаптардың эмоциялық сан-алуан бояуы оның музыкалық тілінің қаншалықты өткір болуы жан-жақты ойластырылып, авторлар тараپының қайта қорытылды. Спектакльді қоюшы режиссерлер К.Жандарбеков пен К.Байсейитов операның осы жаңа қалықтарын сәтімен қолдана отырып, көркемдік деңгейі жоғары, эмоциялық әсері мол спектакль жасады. Жаңа қойылымының музыкалық жетекшісі Т.Османов жастығына қарамастан кесіби біліктілік танытып, спектаклдің көркемдік деңгейінің көтерілуіне, партитураның толыққанды орындалуына барын салды. Суретшісі А.Ненашев болды. Орындаушылар құрамына

жас талантты әншілердің тобын енгізді. Бірінші қойылымнан келе жатқан орындаушылар құрамына жас талантты әншілер легі келіп қосылды да «Абай» операсы жаңа буын әншілермен жасара түсті. Театрға қасіби дайындықпен келген К.Кенжетаев, Ш.Бейсекова, Р.Жаманова, Е.Серкебаев, т.б. талантты орындаушылар сахнада дәстүр жалғастығын баянды етіп келеді.

Өкінішке орай, мүмкін, бағы да болар, бұл опера өзінің тарихында аса көп сахналық қойылым көрмепті. Оның себебі алғашқы қойылған нұсқадағы табылған режиссерлік шешімдердің өте орнықты, шеберлікпен ойластырып жасалғандығы болар. Театр кейін бірнеше мәрте бұл операны өзгертип, жаңалап қойды де геннің өзінде де алдыңғы режиссерлік шешімдердің негізгі ой-идеясын, сахналық желінің жобасын, суреттерін сактап қалған. Спектакль күні бүгінге дейін сол нұсқамен сахнада жүріп келеді.

Бүгін бізді толғандыратын өзекті мәселе – ертеректе жазылған операның сахнаға қойылуы, шығарманың замана құранысына, бүгінгі көрерменнің эстетикалық талап-денгейіне сай болуы. Театрларымыз қоюнан келгенше осы меже денгейінен шығуға әрекет етіп жатыр десек те, жаңаша ойлап, ұлттық репертуарды соны жолмен жасайтын қасіби режиссер мамандар тапшылығы өткір сезіледі. Арнайы жоғары білімі бар опера режиссерлерінің денгейі, өресі жетпей жатқанда классикалық шығармаларға жаңа тыныс беру алаңдатады. Бұл салада соңғы кезде қашалықты қозғалыс бар? Қазақтың классикалық оперлары мысалында мәдени мұрамызды уақыт талабына сай игеру кай денгейде?

Кезінде ұлы Абай тілге тиек еткен «өшпес мұра, өлмес туынды» деген асқақ тенеулерді аямай, данғазамен асыра мактайтын әдетіміз әлі де болса бар. Содан келіп бізден аскан, бізден ұлы, бізден данышпан халық жоқтай көрінеді. Ұлттың тілге тиек етуге тұрарлық тұлғаларын, олардың сапалы туындыларын орынды бағалап, орнымен қажетімізге жарата алсақ, ұлттық болмысымызды асқақтата алсақ, міне, сол олжа, сол өлмейтін, өшпейтін туынды болмақ. Осы жолда республикада сонты жылдары бірнеше рет ізденістер болды. Театр уақыт талабынан туындаған соны көзқараспен жасалған спектакль қою жолында жаңа ізденістерге барғысы келеді. Ниет бар, талпыныстар да жасалып жатыр. Дегенмен бұл ізденістер әзірге көп нәтиже бермей келеді.

Үстіміздегі жылдың мамыр айының сонында драматургияға арналған Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының III-пленумында ҚР Мәдениет және акпарапат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед мырзаның театрларымызға аудай қажет жаңа ізденістер жайлы өз ойын ашына білдіріп, соны ізденістердің тап-

шылдығын айта келе: «Мысалы, «Отеллоны» осы заманның оқиғасы ретінде қоятын Батыстың театрлары бар. «Ромео – Джульєттаны» бүгінгі заман жастарының киімімен, музыкасымен қоятын жаңа қойылымдар бар Еуропада. Осындай эксперименттер бізде неге жоқ?» – деп қойған сұрағы өте орынды [8]. Театр көрерменсіз өмір сүрмейді. Әсіресе, нарықтық катынас кезінде көрермені жоқ театр өлі театр десе де болады. Демек, драматургия мен опера партитурасы автордікі болғанымен оны көруге келетін XXI ғасыр көрерменінің көңілінен шығатын көркем дүние сахнаға шықпаса, бұдан бірнеше ғасырлар бұрын жазылған Шекспир мен Мольердің, Верди мен Чайковскийдің туындыларын бүгінгі жастарға арнап қоймаса, бұл театрларда да сelt еткен жаңалық сәулесі болmas еді. Осы жерде Министр өзі мысалға келтірген режиссер Б.Атабаевтың «Аксарай» театрының ізденістері республиканың музикалық театрларындағы классикалық шығармаларды сахналалауда жаңа леп болғанының айтқан абзал. Ол жайлы кезінде «Егемен Қазақстан» газеті бетінде өз пікірімізді білдіргенбіз («Қызы Жібек» қайта түледі» 14.09.2005. №210). Бүгінгі көрерменнің, әсіресе жастардың эстетикалық талғамына сай жасалған (техниканың жетістіктерімен дыбыс күштейткіш микрофондар, сахнада үлкен экрандар (3 дана), т.б.) 500 жылдық ғұмыры бар эпос кейіпкерлері сахнадан бүгінгі жастар тілімен сөйлеп, әрекет етті. Бастысы – алғашында симфониялық оркестрге жазылған опера партитуrasы қайтадан ұлт аспаптар оркестрінің сүйемелдеуіне арнап қайтадан жазылуы. Жастардан құралған Б.Атабаевтың балан театры жас көрерменді сelt еткізген секілді. Өткен, аңыза айналған «Қызы Жібекті» аңсап жаңа қойылымның «ізденістерінен ыршип түскендер» болса да бір сәтке оянғандай болды. Театр өнерін бәсекеге қабілетті ету жолдарын ойласақ, осы тақылеттес ізденістерге көптеп баруымыз керек. Академиялық, ұлттық театрлар сахнасында мұндай эксперименттерге орын жоқ десек, экспериментке баратын арнағы жастар театрларына қолдау көрсетілгені жөн.

Іле шала осыдан кейінгі жаңалық лебі бізге Астана опера-сының сахнасынан есетін болған. 2006 жылы Астана қаласындағы «Пирамида» ғимаратына орналасқан Опера театры ашылатын болып, халыққа «Не ұсынамыз? Қалай таңдандырамыз?» деген занды сұрақтарға А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсы жауап берді. Бұл шығарманы сахналалау міндеті Астана опера театрының тұрақты режиссеріне айналған Санкт-Петербургтік режиссер Ю.Александров пен суретші В.Окунев тан-

деміне тапсырыс беріледі. Міне, осы жұмыс қорытындысы бойынша жарты жылдық дайындықтан кейін театрдың Қөркемдік кеңесі жиналып, «Абай» опера спектаклінің режиссерлік экспликациясымен таныса келе «операның бұл жобасын осы қалпында қоюға болмайды» деген шешімге келеді. Театрдың бұл жұмысты қабылдай алмау себебіне келер болсақ, әкімшілік тарапынан «Абайға» абылап қараган басы артық сактық қадамы басым болғанын көреміз. Осы жиында халық атынан сөйлеп, «қоғамдық тыныштықты шайқау» деп танылған жаңа қойылым жобасын талқылаушы Кеңес мүшелері шынтуайтқа келгенде опера оқигасы өтетін орын – Сенат пен Парламенттің дәл жанында – Есілдің сол жағалауында отырғандықтан «өздерінің тыныштығын шайқауға жүректері дауламаған», яғни бұл олардың жаңашыл көзқарастағы спектакль қоюға дайын болмауын көрсетеді.

Жалпы бұл жоба бесігінде жатып тұншықты. Жазушылар пленумы қарсанында Республиканың біраз телеарналарынан жарыса көрсетілген кең масштабта, үлкен талғаммен, мол қаржатпен қойылған Дж.Вердидің «Аида» операсының орнына дәл осы А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсын қою жоспарланғанын біреу білсе екіншілер біле бермейді. Астана қаласындағы Бейбітшілік пен келісім сарайының опера театры болуға толық есептелмеген сахнасының тұсаукесерін ұлттық опера шығармасымен ашу жөніндегі театр басшылығының сол кездегі ниеті шын мәнінде құптарлық қадам болатын. Министрдің бүгін тілге тиек еткен көңілсіз жәйттері, республика театрлары сахнасында болмай жатқан жаңалықтары сол 2006 жылы он шешім тапса, әлдеқашан шешілуге тиісті мәселеге қайта оралмас та едік. Бұл театр процесіндегі дамуды бірнеше жылға ауыздақтап тұрды. Режиссердің осы жолдар авторына берген сұхбатына көз жүгіртсек: «Я думаю, это революционный спектакль, как в Европе. Во всем мире «Бориса Годунова» Мусоргского, оперы Вагнера ставят так, как чувствует современный автор-режиссер, и поэтому есть интерес к жанру оперы. Когда знаешь, что опера везде ставится одинаково, и в Алматы, и в Астане нет разницы, сразу падает интерес к театру. А ведь новое здание театра надо раскручивать на новом отношении к этому жанру. Молодые композиторы, когда поймут, что с оперой можно общаться как с человеческим жанром, сразу начнут писать на новые темы», – деген ойында министрдің пленумда көтерген «театрларға жаңа шығарма жазуға деген тапсырыс пен сұрастырылған жаңандырамыз?» – деген сұрақтарды шешудің негізгі жолдарын да көруге болады [9,11].

Абай мұрасы – қазақтың үлттық қазынасы

Сахналық шығарма режиссердің концептуальдық көруімен дүниеге келгенімен композитордың партитурасына сүйк қол сұғылмауы ерекше назарда болуы керек. 2004 жылы Е.Рахмадиевтің «Абылай хан» операсын Алматы опера театры сахнасына қою барысында режиссер Ю.Александровтың «Бүгінгі менің Моцартым – Рахмадиев» дегені көңлімізге қонды. Егер музикалық театр режиссерлері опера шығармасын қоярда автордың партитурасына дәл осындай ұстаныммен келер болса, классикалық шығармамыздың тағдыры үшін алаңдамай-ақ қоюға болады.

Әрине, Министрлік бәйге жарияладап бөлгөн қаражат жаңа опера мен балет, драма мен комедия жазу ісіне қозғау салары сөзсіз. Десек те, театрға көрермен келтіру мәселесін, халықтың үлттық операга деген оң көзқарасын түбебейлі шеше алмайды. Театрга көрерменді, жастардың бетін бұру бүгінгі уақыт көшінен ауып, өткен ғасырдың жұртында қалмаган, креативті ойлай білетін режиссуралық қажет етеді. Жаңаша ойлайтын режиссерлер болса, М.Әуезов пен F.Мұсірепов, Қ.Мұхамеджанов пен Ш.Құсайынов, тағы басқалардың репертуардан қалып бара жатқан шығармалары жаңа өмірдің ауасымен бүгінгі жастарша тыныстап, қоғамдағы бүгінгі индивидиум-тұлғаның ой-арманын заманауи тілмен жеткізер еді. Өкініштісі, жаңа ізденіске батыл баратын режиссерлеріміздің аздығымен бірге, оларға үлгі болар соны сахналық қойылым үлгісін жасаушыға мүмкіндік берер қолайлыш сахна алғанының болмауы.

Сонау 1944 жылы жазылған «Абай» операсының тағдыры бізді де толғантады. Әрине дәстүрді бұзбай, киімдері мен декорациясын жамап-жасқап, жаңалап, бояп, сол алғашкы жазылған қалпында сахналауын театр жалғастыrsa, мұндай дәстүрлі спектакльдің репертуарда болуына да қарсылық жоқ. Тек театр өнері – бүгінгі күннің тынысымен дем алуға тиіс жанды организм екенін ұмытпайық. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ұмтылған еліміздің өзгелерге мақтанышпен көрсетер классикалық өнері де заманға сай болғаны жөн. Бұл салада айтарлыктай жұмыстар жасалынып жатыр десек те, үлттық классикаға шаң жуытпай ұстап, мұрағат мүлкіндей етіп сақтау сахналық өнер үшін жетістік бола қоймас. Сонда халқымыздың «Елу жылда ел жаңа...» деген сезін қайда тастаймыз. Бұл жөнінде операны қоюға дайындаған Ю.Александров: «Если произведение трогать нельзя, значит, это – не классика. Чем отличается классика? Главная её примета-то, что её можно ставить в любое время, она звучит, а если не звучит, значит это – не классика. На-

пример, Чехов – это классика: его можно ставить в любое время, и – по разному. Именно по этой причине я взялся за «Абая» и сделал его сегодня. Потому что эта тема сегодня звучит, значит – это классика. А если классика, ты волен делать так, как хотелось. «Бориса Годунова» во всем мире ставят так, как видят режиссёры –постановщики», – дейді. [9, 12]

Қалай болғанда да, Абаймен XXI ғасыр өз заманының тілінде сөйлесуді қалайды. Әзірге бұл диалогты үйлестіруге мүмкіндік болмай түр. Алматылық опера театры репертуарынан бұдан жарты ғасыр бұрын сахналанған «Абай» қойылымы түскен емес. Ал, жана Астананың жас опера театры – Егемен Қазақстанның жаңалығының жаршысы болуға тиісті театрдың бірі. Тек қазақ опера сахнасына осындағы жана леп әкелетін шығармашылық ізденісті кезінде аяғына дейін жеткізе алмады. Бұл жайлы Ю.Александров былай дейді: «Мы договаривались, что мы не будем делать то, что тиражировали до нас другие режиссёры. Во всяком случае, Толеубек Нигметович давно мечтал о новой опере: «Почему бы не написать об Астане, о молодёжи, о том как строится новый город?». Я показал партитуру «Абая». «Вот это о молодёжи, о строительстве нового города, о планах, обрядах, о человеке, который пришёл сказать, что – хорошо, а что – плохо». Я думал, что возможна музыкальная редакция этого спектакля. Ведь пора, уже пора! Состав оркестров изменился, певцы изменились – жизнь наша изменилась! Надо думать о публике, она ведь уйдёт когда-нибудь, если не думать о ней. Сегодня надо делать спектакль конкретно для молодёжи, чтобы она поняла, как это интересно. А многое из того, что мы, взрослые, делаем, им не интересно. И получается, что мы живем своей жизнью, опера ползёт своей старушачье-кряхтящей походкой, а жизнь-то – совсем другая» [9, 12]. Опера драматургиясында бар негізгі ой-идея, тартыстардың желілері бүгін де өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Сол қазақ қоғамы, сол сүйіскең екі жас Ажар мен Айдардың маҳаббаты, айла-шарғымен немесе айналасына елім сепкен қолында билік пен байлығы бар Жиренше мен Мес, Әзімдер біздің ортамызда, сол соракылыштар бүгін де өмірді улауда. Егер мұны соны режиссурмен әспеттеп қоя алсақ, нағыз өміршен заманауи операның бірегейі осы «Абай» операсы болмақ.

«Я много читал Абая и на основании этого делал спектакль. Меня Абай волновал, прежде всего, как человек, как личность. Для меня его художественные творения – главное. И скажу, что Абай – это философия, которая с каждым днём, с каждой минутой становится всё актуальнее. Он всё предвидел, он говорил:

«Казахи, грядет 20-й век, опомнитесь!» – и этот век пришёл. XX век, в котором те же раздоры, те же отравления, только вместо суда биев: Парламент, Сенат, группировки, драки – казахи уже научились делать деньги... Всё происходящее может оценить Абай, и вокруг Абая кипит жизнь. «Абай» – это опера о голове казаха», – дейді Ю.Александров [9,11].

Мұрат Әуезов жоғарыда келтірілген сұхбатта: «Абай біздің тіршілігімізben айырысыз біртұтас. Одан да асырып айтсақ, ол біздің өмірімізді қалыптастырыды, сіздің сұрағыныздың тікелей жауабы – ол елі де қалыптастырып жатыр», – дейді [1]. Біздің ойымызша, Абай қазақ өмірін, қазақ қоғамын салмақты барлап, әспеттемей, әсірелемей, өз кезінде бар шындықты камшымен тілгендей етіп өткір айтып кетті. Одан бар қазактың бір таганы кисайып, құлап немесе қазақ қазақшылығынан ажырап қалған жоқ. Керісінше, ол өзінің бойындағы алға үмтүлуға, озық елдердің қатарына қосылуға кедергі болар осал тұстарын өзінің ғұламасының аузынан есітіп, ашық-шашық жатқан іргесін бекітуге, етек-женін жинауға мүмкіндік алды. XX ғасыр басында тарих толкынында бастарын көтеріп көш бастаған, ғұламаны – Ұлы ұстаз тұтқан қуатты топ – Алаш ардақтылары шығар ма еді?

Демек, Абайдың жеке өмірі, шығармашылығы мен оны тұлға ретінде айшықтауга арналған өзге авторлардың көркем туындылары үлттық рухты оятатын, қоғамды бірлік пен тұстастыққа бастайтын зор қозғау күшке ие. Жас, тәуелсіз мемлекетімізді құруышыларға жол көрсетер компасы секілді он бағыт-бағдарын айқындал алуга Абай мол мүмкіндік береді. Сондыктан қандай формада болмасын Абай шығармашылығын, оның ғұмырнамалық, рухани-мәдени мұраларының сан-алуан үлгілерінің наси-хатталуына ерекше мән бергеніміз жөн.

Сөз соңы. Мәскеу қаласының қакортасында орын тепкен ескерткіш тұғырында нық орналасқан Абай бұл дүниенің абыр-сабыры мен қарбаласынан бөлектеніп, ойлы назарын алыска қадаған. Өз ортасы – «қалың елінен» сыртта болса да халқының болашағы толғантқан ойлы «жұмбак адам» қалпынан таймаған. Бізге рухани азық боларлық зор мұра қалдырған ғұлама ақынды елеңдері, әндері, ғақылдия сездері арқылы өзін танып білуді елі де болса тереңдей түсуге шақырғандай.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай ақтары // Егemen Қазақстан. 27 маусым, 2009.
2. Асқар Тоқпанов. –Алматы: Өнер, 2005.

Абай мұрасы – қазақтың үлттық қазынасы

3. Қазақ театрының тарихы. 1-том. –Алматы: Ғылым, 1975.
4. Латиф Хамиди// Құрастырған А.Омарова.–Алматы: Өнер, 2006.
5. Жубанова F Мир мой – Музыка. В 2х т. Т.И. –Алматы: Компьютерно-издательский центр АКСИМ, 1997.
6. Мұсірепов F. «Абай» – қазақ операсының жаңа белесі //Социалистік Қазақстан. 16 январь, 1945.
7. Мессман В. Возрождение песни. –Алма-Ата: КазГИХЛ, 1958.
8. Ең үлкен қанжар – интеллектуалды қанжар!» // Қазақ әдебиеті. 5 маусым, 2009.
9. Призвание театра – вести публику за собой // «Айт». № 3, 2007.

Абай дәстүрі және тәуелсіздік кезеңдегі қазақ лирикасы

Академик Серік Қирабаев «Әдебиетіміздің ақтандақ беттері» кітабында: «Ұлттың рухани мәдениетінің ең үлкен бір саласы – көркем әдебиет. Оны халық тарихының бейнелеу жолымен жасалған көркем шежіресі деуге болады», – деп жазды. Одан әрі ғалым ұлттық идеология жасау бір ғана топтың, мәдениет қызметкерлерінің шаруасы емес екендігіне тоқталды. Ғалым «Абайтанудың кезектегі міндеттері туралы», «Абайдың шығармашылық өмірі – қазақ әдебиеті тарихының кіндік тұтқасы» екенін айтса, «Абай және фольклор» кітабында академик Сейіт Қасқабасов: «Қазак өміріне сын көзben қараган Абай шығармашылығы, ой-пікірлері ренесансстық сипатта болғандығын, ол Адамды, оның рухани азаттығын, білімділігін барлық мәселелерден биік қойғандығын, қоғамдағы Адам рөліне айрықша мән бергендей» ғылыми дәлелдеді. Академик Зейнолла Қабдолов: «Сөз өнеріндегі сыр мен сымбаттың ұлгісі қандай? Мұның жауабын да Абайдан табамыз. Ол үшін Абайдың лирикасын пайымдал байқау шарт.

Абайдың лирикасы – кең көлемді мол қазына; биігі бітпес, тереңі таусылmas сырлы мұра», – деп жазса, академик Зәки Ахметов: «Абайдың ақындық әлемі» зерттеу еңбегінде: «Басты мәселе Абай халықтың тубегейлі мұддесін қаншалықты терең ұғып түсініп, қандай ойшылдық денгейде, қандай көркемдік қуаттылықпен айтып жеткізе алғандығында» деп түйіндеді. Зерттеуші ғалым Жұмағали Ысмағұлов: «Абай аты мен Абай сөзі – қазақ халқының көкірекіндегі иманы, санасындағы ұжданы болып қала беретіндігін, Абай ақындығының тарихымызбен бірге жасайтын ұлы тағылымы да – осында екендігін» зерделі оймен жеткізе білді.

Француз тіліндегі идеал, грек тіліндегі идея – максат туралы ұғым, түп-негізі мұрат-мақсатқа келіп тіреледі. Біздің бүгінгі идеалымыз – Тәуелсіздік. Математикада алгебраның негізгі ұғымдарының бірі – идеал болса, сол идеалымыз сан ғасырлар бойы – Тәуелсіздік болды. Өзі философиялық ұғым, адам ойынын практикаға қарай бет алуы, білімнің іске асуын қамтамасыз ететін процесс – идея десек, сол идеямыздың түп-төркіні де – Тәуелсіздік! Ұлттық тәуелсіздік содан барып, идея мен логиканың қосындысынан пайда болған идеология да, әлеуметтік топтардың мұдделерін білдіретін қоғамдық сана, саяси, право-лық, философиялық, моральдық, эстетикалық және діни көзқа-

растар мен теориялық идеялардың жиынтығы идеология десек, сол идеологияның шынар шынында да, қайнар көзінде де – Тәуелсіздік рухы өз туын желбіретуге тиіс.

Сол Тәуелсіздік рухты қанымен енгізіп, жанымен жеткізетін, жеткізгенде адамның ойлау жүйесінің басты қазығы – бастағы мыйдан бастап, жан-жүйенде елжіретіп, жүрекке жеткізетін – әдебиет және өнер. Әдебиет пен өнердің ішінде шығармашылықтың анасы – поэзия. Біз топыраққа көмілген, жеті кат жер астында қалған тарихымызды – «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды» «Жеті ғасыр жырлайды» атты поэзиялардан іздел таптық. Ол құдірет күш қаламмен жазылып, қағазға түспей-ақ, қазақ жыршы-жырауларының басында жатталған. Жадында сакталған. Содан аман-сау жетіп Тәуелсіздігіміздің төріне енді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында көрсетілген елдің экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолы рухани дамудың қазіргі кездегі жетістіктері мен мүмкіндіктерін айқын зерделеп, гуманитарлық ғылымның, оның ішінде әдебиет пен өнердің тәуелсіздік жылдарындағы сипаттың зерттеп саралау – бүгінгі әдебиет сыйны мен ғылымының басты мақсаты, негізгі бағыт-бағдары болмак.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігімізді орнықтырғанына 15 жылдан асты. Он бес жылда Қазақстан түбебегілі өзгеріп, Тәуелсіздік дариясының кең арнасына түсіп, теніз-тафдырына бағыт алды. Ұлттық әдебиет пен өнердің жаңа сипатты дәстүрлері, бостандық пен адамзаттық құндылықтарға негізделген жаңашылдық рухы қалыптасты.

Сондай жаңашылдық рух қазақ поэзиясында бар. Басында абдырап-дабдырап қалған қаламгерлер не жазамыз емес, не үшін жазамыз деген сауалдарға жауап іздеді. Бұрын айтылуға тиіс емес нәрсені айту – батылдыққа баланатын еді. Енді бәрі ашық, не айтсаң да, нені жырласан да қол байлау, аяқ тұсау тауқыметінен арылды.

Мақсатымыз – осындағы тұста Қазақстан Тәуелсіздік алған жағдайда тұған мүмкіндіктерді толық пайдаланып, соңғы он бес жылда жарияланған әдеби шығармалардың, оның ішінде қазіргі қазақ лирикасының тарихи-әдеби процесін жүйелі түрде жанжақты зерттеп, талдап-баяндау, тәуелсіздік кезеңде тұған қазақ лирикасына біршама баға беру.

«Қазақстан – 2030» бағдарламасының шарттарына. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2005 жылғы Қазақстан халқына жолдауында көрсетілген экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолының бағыттарына сәйкес

Абай мұрасы – қазақтың үлттық казынасы

казіргі көркем әдебиеттің қыр-сырын зерттеу – парызымыз болса, рухани жаңғыруды тереңдегу – басты мақсатымыз болмақ.

Тәуелсіздікті қөзімен көріп, дүниеден ерте озған ақын Жарасқан Әбдірашев:

Тағдырымды бұйдалап ерен екпін,
Байтақ елді шаттыққа бөлемекпін.
Откен күннің арқалап өкілдігін,
Болашаққа барғанда не демекпін?
Сабыр! Сабыр!
Озыпты озар айым!
Сілкінейін қайтадан сөз алайын!
Өлең деген өлкеге жер аудырып,
Жылдар болып «жазалайын!» –

дейді. Нағыз ақындық жүрек. «Байтақ елді шаттыққа бөлемек» үшін, «өлең деген өлкеге жер аударып, жылдар бойы өзімді «жазалайын» деуінде үлкен сыр жатыр. Жарасқан да Кеңес өкіметінің бодауында болып, айттар сөзін булығып айта алмаған сэттері болған ақын. Тәуелсіздік кезеңде шиыршық атып. «Құлыптастын» жазған тұста көз жұмды. Тәуелсіздікті күткен ақынның бірі – Жарасқан еді. Олай дейтінім, Жарасқан екеуміз Кеңес өкіметі тұсында Та什кент, Душанбе, Мәскеуде откен жас ақындардың фестиваліне бірге қатыстық. Сонда Ресей ақындарынан басқа ақындардың көкейкесті арманы – Тәуелсіздік еді. Ресейден басқа он төрт республика ақындары өз туымыздың желбіреуін, өз әнұранымыздың орындалуын көксеген едік. Әсіресе, Кеңес өкіметінің шырмауынан құтылуға, карсы ашық сөз айтуға бейім Прибалтикандағы үш республиканың ақындары және Закавказиядағы грузин, армян, әзербайжан ақындары белсенділік танытып, көзге түсетін. Мәскеудегі семинарда Жарасқан екеуміздің өлеңдеріміз өте жақсы баға алды. Семинар жүргізуші сыншылар, ақындар әжептәуір мадақтады. Кейін мадақтағаны бар болсын, Жарасқанды білмеймін, менің мадақталған «Мен ағыспын, ағыска қарсы ағатын» және «Шахмат заны» атты өлеңдерім үшін түнгі тергеуге алынғаным бар. «Сен кайсы ағыска қарсысың, Кеңес өкіметінің ағысына қарсысың ба?» деген макаммен «тұтқынға» түстім. «Шахмат заны» атты өлеңімдеге: – «Король ешқашан печка болмайтыны» жайында жазғанмын. «Кеңес өкіметінде печкілер де король бола алады. Сен неге бұған қарсы жазасың?!» деген саулдар жан-жақтан қойылды. Ақыры босатып, «Аудармашыда болдым» деген қолхат алды.

Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы

Мұны айтып отырған себебім, қазір қазақ елі тәуелсіз. Қазіргі қазақ ақындары – Тәуелсіз елдің ақындары. Ақын деген – халқын, ел-жұртын, Ұлы Отанын жан-тәнімен сүйетін жүрек. Ақын ең басты ұлтжанды адам. Бізге тәуелсіздік алып берген бостандық – ұлтжандылық идеясы. Сондықтан ұлтын сүйген ақын, көрінген кемшілікке көзін салып, уайым-қайғыга бата берген – нен ғорі, Тәуелсіздік туымызға, ұлттымызды ұлагатқа бастарлық, халқымызға қайрат-жігер берерлік поэзияның туын көкке көтеретін шағымыз! Әрбір жанды шуакқа бөлеп, тірліктің тауқыметінен арыларлықтай қуат-күш берерлік ұлттық рухтағы поэзияның заманы. Тәуелсіздікті енді қолдан бермейтін өжет ұрпакты жігерлендіретін поэзияның дәүірі.

Тәуелсіз бол артты халқым сенімі,
Мұз бол қатқан қайғы-мұным еріді.
Ақ шындары – тауларының биіктеп,
Кең тыныстап Ұлы Дағам кеңіді.

Жер бетіне қайта шықты алтыны,
Көлдерімде жұзді Ақку, қалқыды.
Толқын атып, дарияларым тасыды,
Тау өзені, Ақ бұлактар шалқыды, –

деуіміз де сондықтан.

Ана тілінің мемлекеттік тіл болуына қарсы кейбір дүбәра шала қазақтарға «Қайт,райдан» деп:

Ел болдық, Елдігімізге ақылмен жетер,
Сонша момын болармыз ба, макұлмен кетер.
Тілімізді сатпақ мәңгүрттер бар,
Ісіне қарасақ кәпірден бетер.

Болғаны ма шет жұрттан жиганы көп,
Өзінен ғорі өзге ұлтқа ибалы бол,
Жұзі – мыйы басқа, о, касқа,
«Йиншалла» десе де иманы жоқ, –

дей келіп:

Тоғыз ай толғатқан тұған анаңды –
анам десен,
Әкенін арғы аталарын бабам десен.

Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы

Жаңылмас – жақ, сүрінбес – түяқ жок деген,
Корық – Құдайдан,
Қайт, райдан,
Қазақ жүргегінде калам десен.

Қасиетті қазақ біліп ал,
Туған тіліндің періштесі, пірі бар.
Ә-ә-ә! Ата-бабаңың әруагы атқыр,
Анаңың тілінде не әкенінің құны бар?! –

деуімізде сондықтан.

Өз буынын бұзып-жарып алға шықкан ақын Ұлықбек Есдәuletов:

Өмір саған келдім-кеттім,
Сонда нені тындырыдым?
Зерін теріп зенгір көктің,
Ботананы тұндырыдым.

Өмір саған бардым-қайттым,
Танғы шықты мекендей,
Құдайыма қайғымды айттым,
Құлақ түрер ме екен деп.

Шыққыр көзді аштым-жұмдым,
Шолдым биік-төменді,
Тілін жұтқан тас тұнжұрмын,
Сейлетпендер, мен енді! –

деуі де сондықтан. Талантты ақын Ұлықбекті Тәуелсіздік қайта сөйледті, жүргегінің шоғын үрлеп, маздатты. «Қазакстан» деген өлеңінде:

Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым,
Аспандаған байрақтым,
Қанша жұлдыз жайнаттың,
Қанша бұлбұл сайраттың.
Қазақстан, ардақтым!

Тұлпарыңың шабысын,
Домбыраңың қағысын,

Күніренткен тау ішін,
Дарияңың ағысын
«Сүйем!» десем – бәрі шын,
Қазақстан – намысым, –

дей келіп, арқаны кенге салып, кең даласындаі көсілген ақын:

Шаңырағың – шырағым,
Топырағың – тұмарым,
Ғаламда жок сынарың,
Раждайбым, жұмағым,
Басы таза бұлағым,
Басылмайтын құмарым,
Қазақстан – қыраным!

Айың тусын оңынан,
Күнің тусын солынан,
Жұлдыз жансын жолынан,
Басыңа бақ орнасын,
Қыдыр болсын жолдасын,
Құдай сені қолдасын,
Қазақстан – көз жасым!.. –

деп түйіндейді. Ақындықтың ширығар тұсы: «Қазақстан – көз жасым!..» деген тұс. Тәуелсіздікті иығымен арқалаған жан да, тәуелсіздікті сағынышлен күткен жүрек те: «Қазақстан – көз жасым!» деп толғанары хақ.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақ мәдениетінде ұлттық жаңа әдебиеттің бастауында тұрган дара тұлға, жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ұлы ойшыл Абай мұрасы мемлекеттілік тұрғысынан, шынында да, ерекше жоғары мағынаға көтерілді. Абайтану осы жылдарда барынша халықтық сипат алғып жоғары мағынаға көтерілгені ақыят. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен ақынның туғанына 150 жыл толуы ЮНЕСКО бағдарламасы бойынша дүниежүзінен кеңінен аталағып өтуй Тәуелсіз Қазақстанның саяси-мәртебесіне шарықтатып өсірді және осы келелі істі әрі қарай жалғас-тыруды Мұхтар Омарханұлы Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолға алды. Институт директоры, академик Сейіт Қасқабасовтың қолдауымен, филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Егеубаев жаңа жоба жасады. Жоба-ның қысқаша мазмұны: XX ғасыр соңы мен XXI ғасырдың бас-

кезіндегі көрнекті ақын-жазушылардың Абай дәстүрімен, көркемдік-эстетикалық мектебімен шығармашылық сабактардың туралы алғаш рет жан-жақты қарастырылып, тарихи-әдеби процесс пен негізгі әдеби бағыттары туралы, осы кезең әдебиетінің даму заңдылықтары туралы терең талдаулар жасау мақсаты. Фалым Асқар Егеубаев дүниеден ерте озғаннан кейін, бұл жобаны жузеге асыру – филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмағали Ысмағұловқа жүктелді. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Абайтану бөлімі, жаңа заманға сай, «Абайтану және жаңа дәуір әдебиеті» бөлімі болып аталды. Яғни Тәуелсіздік кезеңдердегі әдебиетті зерттеп талдау, баға беру міндеті ғалымдарға жүктелді.

1913 жылы Ахмет Байтұрсынов Абай туралы «Қазактың бас ақыны» деп жазса, 1927 жылы Мұхтар Әуезов «Әдебиет тарихы», 1967 жылы «Абай Құнанбаев» еңбегінде, 1928 жылы Үйдірыс Мұстанбайұлы «Абай», 1964 жылы Сәбит Мұқанов «Абай Құнанбаев», 1974 жылы Мұхаметжан Қаратаяев «Ұлы Абай», «Пушкин мен Абай» атты туындысында қазақ поэзиясындағы Абай дәстүрінің орнықканын жазды. Сол дәстүр жалғастырын 1948 жылы Қажым Жұмалиев «Абайға дейінгі қазақ поэзиясының тілі», 1995 жылы Серік Қирабаев «Әдебиетіміздің актаңдақ беттерін», 1954 жылы Зәки Ахметов «Лермонтов және Абай», 1995 жылы «Абайдың ақындық әлемі», 1995 жылы Сейіт Қасқабасов «Абай және фольклор», 1956 жылы Ханғали Сүйіншәлиев «Абайдың кара сөздері», 1993 жылы Қайым Мұхаметханов «Абайдың ақын шекірттері», 1982 жылы Мекемтас Мырзахметов «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемасы», 1994 жылы «Абайтану тарихы», 1995 жылы «Абай және Шығыс», 1974 жылы Рымғали Нұргалиев «Өнер алды – қызыл тіл», 1972 жылы Тәкен Әлімқұлов «Жұмбак жан», Жұмағали Ысмағұлов «Абайдың ақындық тағылымы», 1995 жылы Мұсілім Базарбаев «Казахская поэзия: Художественные искания (к традициям Абая)», 1995 жылы Ғарифолла Есімов «Абай философиясы және дүниетанымы» атты салиқалы зерттеу еңбектерімен жалғастырды.

Абай дәстүрі Тәуелсіздік кезеңге дейінгі әдебиетімізде де және тәуелсіз кезеңдегі он бес жыл аралығындағы әдебиетімізде де де өз жалғастырын тапты. Дәуірмен үндесті. Қай кезең болмасын, ұлттық рухтың ұлы мақсаты – Тәуелсіздік, бостандық екендігін өмір дәлелдеді.

Тәуелсіздік кезеңді өзінің лирикалық жырларымен, ерекше толғаныстарымен көзге түсken ақындардың жүлдізды шоғы-

ры бар десе болады. Атап айтсақ, Темірхан Медетбеков, Ұлықбек Есдәuletов, Есенғали Раушанов, Жүрсін Ерманов, Ғалым Жайлайбай, Мәди Қайыңбаев, Жәркен Бөдешев, Серік Аңсұңқаров, Аманхан Әлім, Мейірхан Ақдәuletов, Тыныштықбек Әбдіхакімов, Ақын-баба Ақсұңқар, Ертай Ашықбаев, Қазбек Иса, Гүлнар Салықбаева, Әділгазы Қайырбеков, Маралтай Ыбыраев, Жарас Сәрсек, Талғат Ешenұлы, Нұрлан Мәукеңұлы, Бауыржан Жақып, Нұржан Қуантайұлы сынды есімдерді атап айтсақ, әдебиетте бұрыннан өз кемесімен жүзген ақындар тәуелсіздік кезде де шет қалмады. Тәуелсіздік тақырыбына қулаш сермей атсалысқан ақындар Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Онғарсынова, Марфуга Айтқожина, Акұштап Бақтыкереева, Мұхтар Шаханов, Өтежан Нұргалиев, Қайрат Жұмағалиев, Нұрлан Оразалин, Құләш Ахметова, Ирамбек Оразбаев, Серік Тұрғынбеков, Исраил Сапарбаев, Ибраһим Исаев, Рафаэль Ниязбеков, Аскар Егеубаев, Несілбек Айтов, Ханбібі Есенгараева, Есенбай Дүйсенбаев сынды есімі елге танымалдығымен тәуелсіздік туын өлеңімен биіктегуге атсалысты.

Тәуелсіздік кезеңнің өтпелі тұсында көз жасын көл етіп, не болса соған қайғырып сарсанға түсетін қүйрек ақындар аз емес. Олардың көбісі дүниеге ту тігіп жатқан – Қазак тәуелсіздігінің құдірет-кушін, мән-мазмұнын іштей сіңіре алмай жатқан жандар. Сондай тұста Ахметова Құләш ақын «Күн шыққанда құліп оян» атты жыр жинағында:

Сағынғанда сүйкімді тұс көремін,
Құліп тұрған көнілден күш көремін.
Үлкен қүнге үлес қой – әрбір адам,
Бір-біріне сыйласа кішкене күн! –

дейді. Ізгілікті үлкен ақын жүрек Күн шыққанда, Күнмен бірге Тәуелсіздік таны атқанда, құліп оянып, үлкен қүнге үлес қосып, «бір-біріне сыйласа кішкене күн», бұдан артық не керек?! Адамға көп нәрсе кажет емес, осындай адамды алға жетелейтін шуак қажет.

Құләш ақын сезімін жалғастырғандай «Жерорта» жинағында Серік Тұрғынбеков:

Елімнің жарлығына.
Ой-пікір ойыспаса,
Халқымның зар-мұнына,
Қабырған қайыспаса.

Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы

Өмірдің дерегіне
Тамсанып табынбасам,
Ақын боп керегі не,
Ағымнан жарылмасам, –

дейді ақын. Шынында да, Тәуелсіздік теңізі тербеткен тұста,
ағынан жарылып, осынау бір тәнір сыйлаған бостандықты жыр-
ламаса, шынында да, ақын боп керегі не?!

Есдәuletov Ұлықбек ақын:

Жүргім өзімде емес,
Түү алыста, ол кеткен сағынышқа
куанышқа, –

деп жырлайды. Ұлы Абай:

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі, –

дейді. Ұлттымыз азаттыққа қол жеткізіп, Тәуелсіздік деңгейінде
ғұмыр кешіп жатқанда «Жүректің көзі ашылмаса» не болғаны?!

Абай «Артық жолдас таппадым татулыктан» дейді, Тәу-
елсіздігімізді баянды етер басты мақсат – татулық. Ұлттық тату-
лық – ұлттық мұддеден туады.

Академик Зәки Ахметов: «Абай қазақ поэзиясының идеялық
ауқымын, тақырыбын кеңейтті, әдебиетте жаңа жанрлық түрлер
қалыптастыруды.

Абайдың лирикасы жанрлық ерекшеліктері жағынан алған-
да сан салалы, алуан түрлі, тақырыбы, идеялық мазмұны жағы-
нан да аса бай, әрқылы өмір құбылыстарын қамтиды. Халық-
тың тағдырын, заман жайын толғайтын саналуан әлеуметтік,
философиялық лирика түрлері, адамның ішкі жан дүниесін бей-
нелейтін жырлары махаббат лирикасы, сатиralық өлеңдері, та-
бигат суреттері, оларға қоса жеке адамдарға арналған жырла-
ры, тағы басқа өлең түрлерін Абай поэзиясынан молынан таба-
мыз. оларда куаныш сезімі де, өмірге деген зор сенімі де мұн
мен наз да, зәрлі ашы сын да – бәрі де бар» – деп жазды.

Біз бүтінгі тәуелсіз кезең тудырған туындылардан осылар-
ды іздейміз, Абайдың үрдіс-дәстүрін іздеп-табуға ұмтылып, тап-
сақ – қуанып, таппасақ – қынжылып, заманауи ақындарымен
бірге ғұмыр кешеміз. Қазіргі казақ әдебиетінде, анығырақ айт-
сақ, тәуелсіздік кезең әдебиетінде Абай дәстүрін жалғастыру-

шы жана толқын, жас үрпақ есіп-жетіліп келеді. Алысқа бармай соғыс жылдары әдебиетке енген Қасым Аманжолов, Сырбай Мәуленов, Жұбан Молдағалиев бастаған ақындардан, «Жылымық» кезең деп аталатын 60-шы жылдары әдебиет есігін ашқан ақындар Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Саги Жиенбаев тұстастары өзіндік қолтаңбаларымен дараланды. 70-жылдары топжарып шыққан Жарасқан Эбдірашев, Кеңішлік Мырзабеков, Темірхан Медетбеков, Құләш Ахметова, Ұлықбек Есдәүлетов сынды тағы басқа ақындар алдыңғы толқын ағаларға қарғанда өзгеше үнмен, соны серпіліспен төрге озды. 80–90-шы жылдары ез даусымен енген ақындар да баршылық. Тәуелсіз кезең поэзиясына 60-шы жылдардан 90-шы жылдар арасындағы әдебиетке енген ақындар Тәуелсіздік кезең поэзиясына атсалысты. Жол тапқаны да бар, жол таппай дағдарған тұстары да аз емес.

Тәуелсіздік тұсында ел-жүртyna көріне бастаған жас ақындар легі – ақықат шындықты бейнелі поэзия тілімен жырлауды, алдыңғы толқындырыға ұксамауды бағыт-бағдары санап, өлең кекжиегінен көріне бастады. Кейде саналы түрде, кейде өз жүргегінің үндескенін де байқамай қалып, Абай дәстүрінің сара жолын жалғастырып жүрген жас ақындар да баршылық. Жас ақын Амангазы Қеріпжан әuletі өзінің «Сана суреттері» кітабындағы (2005 ж.) «Абай тойында» атты өлеңінде:

Бағыт беріп заманның сырлы өтпелі
Ағып келіп жүрекке жыр көктемі.
Ұлы Абайды тірілтіп астанада
Тағы ашылды тарихтың бір беттері, –

дей келіп, өлеңінің бір тұсында:

Күйінсе де ол еліне,
сүйіп көпті,
Міншіл көзге ел рухын биқтетті.
Жер-ананы тербереген тебіреніс,
Жүргегіне Абайдың сыйып кетті, –

дейді де «Сана суреттерінде»:

Неткен бұл масқаралық...
Сорғалады санамнан аспан ағып.
Құшағымда бүріскен дүниеге,
Киялымды босаттым баспанағып. –

Абай мұрасы – қазактың үлттық қазынасы

деп жырлаған ақын «Бар дүниеден іздеу салып, таппадым өзімді өзім» деп, жаңа дәуірдің көзімен қарап, сөзімен сөйлеуге ұмтылады.

Абай дәстүрінің жалғастығы жас ақын Аксұнкар Ақын-бақызының жыр үндерінен естіледі:

Мен – Аксұнкар!
Құстың баласы –
Аққу да емен,
Қаз да емен...
Өмірге көңіл наласы:
«Ой түбін үңгіл қаз!» деген!

Өлеңнің шоғын маздаттым,
Бұйырғай
Төрден нәсібім?! –
Қылған қыршын Боздақтың
Тәгілген
Нахақ жасымын!.. –

дейді ақын. Өмірге өкпесі болса да, ақындық жүректің түкпірінде туған елге деген сағыныш, исі қазағына деген құпия маҳаббат сырлы мен үлкен мақсат арманы жатыр:

Ақбоз – арман
Жалына жармасыппын.
Қызыл аяқ
Қыр кезіп,
Жар басыппын...
... Кен Дүниеге
Көзімді ашып қарап –
Тауға шыққым келеді,
Тауға шыққым!

Өлеңнен өріпкіген ақын жүрегі көрінеді. Асығады. Өмірден тезірек өз орнын алғысы келеді. Содан да болар: «Сырт қалған қаракөзіңмін, қактырмай есік ашындар?!» деп үндейді. «Көзімнің жасы екі елдің, етегін жасқа толтырып», «санатқа кірер ме екенмін» дейді ақын. «Екі ел» деп отырғаны 1993 жылы Монголиядан атамекенге оралған екен. Оралған жандардың өз еліне салмақ салмай, қайта салмақ-жүгін көтеруге келгендейтін жырласа онды болар еді. Өйткені, қазақ еліне келген тәуелсіздік

Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы

– күні кешеғана келген тәуелсіздік. Сондықтан жас ақындар өмірге өкпе артпай, тәуелсіздік туын бірге көтеріскені аbzal.

Сары күз биыл тағы да
Қакпамды менің қағып тұр.
Сағындырганның бағына,
Сағыныш-жанбыр жауып тұр...
...Қыркүйектеп бұйырып,
Сары түске бағындым.
Адамзаттың биігі –
Ақындарды сағындым, –

немесе:

Көктегілер басып қалса түймесін,
Жаңғырып кейде естіледі тұнгі есім.
Жұлдыз ақса бетіңізді сипаңыз,
Аққан жұлдыз ақын болып журмесін, –

деп, өлең өлкесіне сағынышымен келген жас ақын Әшімбек Жапарбектің жауқазын жырлары Сағи Жиенбаевтың жүрек-лүпілін еске оралтады. Сағи болса, «Көктем» деген өлеңінде:

Қара жердің өзінде,
Қаттырақ басқын келмейді, –

дейді. Қандай ұлы жүрек, нәзік сезім. Поззия есігін қаттырақ қағып енетін ақынның сол бір ғажайып нәзіктігі. «Қатардағы өлеңде»:

Тақыр жерге соқыр жаңбыр жауады,
Көзі соқыр тағдырым, ашылмады-ау қабағың.
Басымнан бақ бұлт сынды ауады,
Сені сүйгім келіп еді, казагым!
...Өлеңімнен рухымды табады,
Іздеген жан балдай тәтті таза мұн.
Көзімнен жас жұлдыз сынды агады,
Сені сүйгім келіп еді, казагым, –

деп жырланған туынды да өзіндік өзгеше құпия сыр бар. «Сені сүйгім келіп еді, казагым» деген екі түрлі мағына бой көрсетеді. Қай жағына бұрсан да лайық. Бұл өлең – жас ақын Әмірхан Балқыбектің жыры.

«Дарига ғұмыр, жыр-жүрек» кітабымен поэзия есігін айқа-ра ашып, табалдырығынан аттаған жас ақын Маржан Ершутегі «Жапырак-ғұмыр» өлеңін:

Күзгі жанбыр,
Мен сені ұнатамын.
Жаурап түр ғой әнеки құба талын,
Жел ұшырған жазықсыз жапыракты
Жанымменен әлдилеп жұбатамын, –

деп келіп, «мекенін тастап кетерін бір күн біледі, жапырак-жүрек! Алмасып өмір сүруін» деumen қарапайым шындықты, қарапайым бояуымен жеткізуі арқылы құндылыққа айналған.

Сенің мені сағынбағаның – қуаныш,
Сағыну деген дерттен өнге нәр бермейді.
Мен үшін сенің ауырмағаның – қуаныш,
Мендеңі дерт,
О, ол ешқашан өлмейді!..
...Мазаламайды бұдан соң арымызды өкініш,
Онсыз да көп қой не тірлік.
Бұдан соң қөніліміз, жанымыз да тыныш,
Адасу – енді адаспауымызға кепілдік, –

деп жырлаған ақын Талғат Ешенұлының өлеңі несімен құнды десек, өзгеше қолтаңба, өзгеше ырғағымен, сонылығымен құнды. Өлең жасау техникасын жалғыз ғана Талғат қана емес, қазіргі Тәуелсіздік кезең тудырған жаңа толқын, жас буынның ең басты ерекшелігі.

«Абаймен сырласу» деген өлеңде де ақиқат-шындық бейнелі де, астарлы оймен берілген. Жас ақын ұлы Абаймен сырласа отырып, «Тірі жүрсөң жыртылар ед жырларың», «Тура жүріп атылар ең Мағжандай» дейді, енді бірде: «Қойыныңда жатып өскен Шәкәрім, «Жанасыз тасталды ғой құдыққа», «Жырын сүйіп аударып ең, арыстан, «Ақын Бунин қашып кетті Париже!» деп Уақыттың, Заманың қыспағын Абайдай ақын атасымен сырласу арқылы сыр түйген жас ақын Ақеділ Тойшанұлының да өзіндік соқпағы бар екендігіне күә болдык.

Дейтүрғанмен, Тәуелсіз елдің жас ақындарының өлендерінде Елдік жырлары жетісе бермейді. Көбіне көп күйкі тірлікті қаралаумен, даттаумен күй кешеді.

Кешегі Эбділдә Тәжібаев ақынның үні жок, бүгінгі жастарда:

Теңіз!

Сенен ұлы болған емес бір ақын,
Жырын қандай, жырын қандай сұрапыл!
Арасында бүркыраған дүлейдің
Түн жамыла жылап тұрып тілеймін.
Жүргіңің бөлшегін бер,
Өлеңіңің өлшемін бер.
Ол аз десең, өзімді де ал,
Толқыныңа аямай сал.
Я күйрейін, күл болайын,
Я теңізге айналайын!

Кешегі орта толқыны Мұқағали Мақатаевтың өршілдігі жок,
бүгінгі жастарда:

Ұғысындар,
Ей, таулар,
Ұғысындар!
Орын сайла ортаннан жұмысым бар,
Ата болып не маган ұрысындар,
Адам болып немесе ұғысындар,
Ұғысындар, ей таулар ұғысындар!
Ей, таулар, қойындарынды ашып кірем,
Бар сырынды айрандай шашып, білем.
... Жартастардың беттері сора-сора,
Жылапты, қарсыласпай жасық білем...

Кешегі ақындардың 60-жылдардағы кейінгі толқыны Төле-
ген Айбергеновтың асқақ үні жок, бүгінгі жастарда:

Кезім менің!
Жатырсың жырақты ашып,
Қызыл гүлді барады қыр ап қашып,
Жиырмасыншы ғасыр жүр Маңғыстауда,
Мұнарлар басына шырақ тасып...
Білмедім мен кеудемнен ашты ма кен,
Омырауы осынау тасқын әлем?
Күн көтеріп барады Маңғыстауда,
Мұнарлар аспанның астыменен...

Міне, көрдіңіз бе, Теңізге жұмсаған қуат күшін, бүгінде тірі
болғанда Әбділдә ақын Тәуелсіздікке жұмсар еді деп ойлайсың.
«Ұғысындар, ей таулар, ұғысындар!» деген Мұқағали ақын

Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы

Тәнір сыйлаған Тәуелсіздік туына – өз поэзиясының туын бірге желбіретер еді. «Аруана – бауыр дүниені» бойына жинаған Төле-ген ақын болса, бүтінде: «Құн көтеріп барады... Мұнаралар аспанның астыменен» деп Тәуелсіз қазақтың Астанасын бір тойындай жыр етер еді!

Қазіргі поэзияда ұлттық рух жетіспей жатыр. Оған себеп, Тәуелсіздік деген ұлы ұғымды бойға сіңіре алмай жатқандықтан болар. Біреу кедей, біреу бай алмағайып заманға қарамастаң Ақындық рух – ұлттық рух қашанда қаратабан тіршіліктен биік тұрған. Ұлы тұлғалар ғана Бұғінгі құн, Ертең үшін еңсесін биік ұстай алары хак. Оған қазақ поэзиясындағы толқын-толқын шоғыр жұлдыздардың талант-дарыны жететінін мен өзім көміл сенемін.

Абай дәстүрін жалағастыруши Тәуелсіздік кезеңдегі қазак лирикасы ширығу үстінде. Теніз-өмірдің мұхит арманындағы Тәуелсіздігімізді паш етер дүниелерді Уақыт күтеді. Күткен дүние алдымыздан шығары сөзсіз. Тәуелсіз елдің Астанасы қалай көз алдымызда көркейсе, Абай дәстүрін жалағастыратын Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ лирикасы да өз Бәйтерегін кекке көтеретіні сөзсіз!

Тәуелсіздіктің бір жолы – Абай дәстүрін көздің қараашығындағы сақтап, мол мұрасының мазмұн-терендігімен ұрпактарымызға ұғындыру, Абай арқылы әдебиетіміздің анасы – поэзияға мойынсұндыру. Асылында, Абай поэзиясын түсінген ұрпақ – ұлт болашағын ойлайтын нағыз сенімді ұрпақ болып өркен жаяры аян.

Нұрдәulet Ақыш

Абай қара сөздеріндегі ұлттық идея

Өз шығармашылығында данышпан Абайдың қамтымай қалған тақырыбы жоқ десек, тіпті де артық айтқандық емес. Адамзат қофамына тән соқталы да жоталы ірі тақырыптардың неғізгілерін қалам ұшына іліктірген ұлы ғұлама сол тақырыптар жайында жазып қана қоймай, оқырман алдына басты-басты деген проблемаларын да көлденең тартып отырған. Соның бірі – бүгінгі заманда мемлекеттік тұрғыдан көтеріле бастаған ұлттық идея мәселесі. Осынау өзекті де өміршен тақырып ақынның өлеңдерінде әр қырынан көркем ойдың өзегіне айналып отырғаны мәлім. Ал, атақты қара сөздерінің де негізігі айтар ойларының бірі осыған келіп саятыны жайында айтылып келе жатқанымен, қазақ жұртты саяси тәуелсіздік алып отырған бүгінгі кезеңде ерекше назарға алғанның артықтығы жоқ.

Ұлтын сүйген данышпан өз халқының тамаша қасиеттерін дәріпте, жалаң декларацияға, популистік сарындарға ұрынбайды. Ең алдымен ұлтына тән көптеген кемшіліктердің бетін ашып, көзге шүқып көрсетуді жөн санайды. Абай тізіп берген ұлттық ақаулықтарға қарап отырсан, екіудай сезімде қаласын. Біріншіден, дүние жүзіндегі моральдық-әлеуметтік тұрғыдан алып қараганда ен нашар, сана-сезімі мен азаматтық белсенділігі төмен халық қазақ сиякты. Екіншіден, өзге жұрттарға қараганда артта қалып қойған жұрттың қофамдық бейнесін каншалықты шенесе де, қара сез авторының сондай халқына деген аяушылығы, жанашарлығы тағы көрініп тұрады.

Оның жанын ауыртатын жайттардың бір парасы – қазақтың басқа жұрт өкілдерін келемеж етуі. Осы әңгімені жеріне жеткізе сөз қылған шығармасы – ақынның екінші қара сөзі. Қарап отырсан, қазақ өзі білетін халықтың бәрін келеке етіп, сырттай құлқі өзегіне айналдырыпты. Тәжікті қазақ «арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұттадан корыккан...» деп кемсітсе, орысты «ауылды қөрсө, шапқан, жаман сасыр бас орыс» дейді екен. Сартты саудагершілігіне бола, ал ногайды атқа міне алмайды, түкке ыңғайы келмейді деп құлкіге айналдырады.

Өзге ұлттар жайлы қазақтың бұл теріп отырғаны олардың ұлт ретіндегі мінез-құлқын толық ашып көрсетіп бере алмайды. Қазақ ол ұлттарды өздері есіп-өнген еліне, отанына барып, қандай екендігін біліп отырған жоқ. Әр түрлі себеппен казақ сахарасына келіп қалған жекелеген өкілдерінің болмыс-бітімі

арқылы ғана біледі. Бұғінгі ғылым тілімен айтканда, сол қазақ даласында жекелеп жүргендердің кейбіреулері ол кезде тіпті әлі диаспора деңгейіне жетіп үлгірмеген де. Олардың көбі қазақ арасына мәжбүрлікпен, сауда-саттық жасап немесе патшаның әскерінен қашып жүргендер. Отарлау саясатымен қазақ жеріне мысықтабандай еніп, жаппай қоныстанып жатқан саны көп ұлт орыстар ғана.

Қазақ бұл кезде өзге халықтардың ұлттық қескін-келбетін, қоғамдық-әлеуметтік болмысын әлі жете танып үлгіре қоймаған. Сондыктан да оларға өзі көрген жекелеген өкілдері арқылы ғана баға берген. Жай жадағай қазактан Абайдың бір артықшылығы ол әр халықтың өзіндік ерекшеліктерін, тұрмыс-қалыбын жақсы біліп отыр. Соны білгендіктен де, өз ұлттының жағдайымен салыстыра келіп, жаңағы айтылған келемеждердің бәрін жокқа шығарады.

Ал осы жокқа шығарудың астарында «менің қазағымда неге нақ осы жүрттардағыдай жақсы қасиеттер аз немесе мүлде жоқ?» деген өкініш жатқанын аңғару киын емес. Халықтың санаалы өкілдерін алғы қара сөздері арқылы қайрап-ұштауға, оятып, жігерлендіруге деген ниет жатыр. Сөйтіп, менің де жүртным өзгелмермен иық теңестіріп кетсе екен, сол үшін жалпак жүрттың көзін аша отырып, келешек жастарымызды осындаи деңгейге жеткізсек деген арманың да тәбесі көрініп қалатыны сөзсіз.

Басқа қара сөздерінде Абай қазақтың өзге де кемшіліктерін ашып көрсете келіп, тағы да сол алға ұмтылдыру идеясына тереңдетіп, шегелей түсіп отырады. Атап айтканда, бұл мәселе екінші, тоғызынышы, жиырма екінші қара сөздерде мейлінше ашиқ айтылған. Ұлы ақынның танып-білуінше, сол замандарда қазақ қауымын жайлап алған әлеуметтік-коғамдық дергін қарасы бірсыныра. Олар жаңағы қара сөздерде жеке-жеке атап көрсетіліп, оларға қысқаша сипаттамалар берілген.

Жинақтай алғанда, ондай теріс мінездеріне қазақтың қолынан іс келмейтін жалаң мақтаншактығы, жалқаулығы, епсіздігі, керітартпалығы, марғаулығы, надандық қырлары жатады.

Өзге жүрттарды сынауга келгенде бақандай қазақ өз түріне, сыйқытына неге қарамайды екен деген ой да айқын. «Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?» дейді ақын екінші қара сөзінде күйіне сөйлеп. Осы күйінуінде оның өзегін тіліп өткен ачы сарказм жатқаны сөзсіз. Өзге ұлттардың жекелеген жақсы қасиеттерін бір ауыз сөзге сыйғыза отырып, жалпы қазақтың күн көріс жайларын да еске салып өтеді, тарихқа қатысты тұстарына да тоқталып кетеді. Мысалы, орысқа қара-

ғанда қазақтың тіршілігіне қатысты түрмистық заттарды қазақ даласына сарттар жеткізіп тұрған деуі де назар аударуға тұрарлық пайымдау. Яғни қазаққа қараганда өзбек жерінде өндіріс жақсы дамыған деген сөз. Олардың өзі орыс патшалығына бодан болғаннан кейін де орыстардан көп нәрсені үйреніп алғып, керегінә жарата бастаған. Ал, бұрын да өндіріс ошактары, қалалары болмаған қазақ орыстар отарлап алғаннан кейін де ілгері үмтүліп, бір нәрсе үйрене қояйын деп талпынбаған.

Демек, қолынан ештеңе келмеуіне, өндірісінің дамымауына, өзге жүрттармен салыстырғанда қай жағынан болсын артта қлауына – қазақтың марғау, еңжар табиғаты кінәлі. Оған ет жеп, қымыз ішіп, ел қызырып, уақытын бос селтеңмен өткізіп жүрсе болғаны. Ақын жаңын ауыртатын жайттардың бірі – өзге ұлттар сияқты жаппай қымылдап, еңбек етіп жатқан заманда қазақтың дәл солардай бола алмауы. Бір сөзben айтқанда, өз ұлттымызды кейін кетіріп жүрген қылықтың бірі осы.

Абай «Жиырма үшінші» қара сөзінде өз ұлттына қатысты тағы бір әлеуметтік-моральдық проблеманың шетін көтереді. Қазақ дейді Абай «елде бір жамандық тауып, я өзі қылмаған бір адамның жаманшылығы шықса, қуанады» (48-бет). Сөйтеді де, жалпы қазаққа тән мінездің бірі өзін ең алдымен жақсымен салыстырмай, жамандықпен салыстыратынына назар аударады. Ұлы ақынның пайымдауынша, адам баласы өмірден алдымен жақсылықты көрсе, сосын сондай жақсылыққа өзім қол жеткізсем деген жағдайда ғана адам баласы алға ұмтылады еken. Ал үнемі жаманшылықты көлденен тарта беру, өзін алға ұмтылған, жетістікке жеткен жандармен емес, кері кеткен, надан пен-делермен ғана өлшеп отыру бүкіл ұлтты да ұшпакқа шығармайтынын мегзейді. Қарапайым айттылғанмен, бұл да – ұлы сөз. Бірақ бір қызығы Абайға жүтінуші кейінгі ел ағаларының өздері де осы тұжырымға тоқтала бермейді, бүтінгі күнге дейін құлакқа оңай құйылатын осынау қарапайым қағидатты басшылыққа ала қоймаймыз.

Рас, бұл идеялар ақынның өлеңдерінде де жоғары көркемдік деңгейде бой көрсетіп отыратыны мәлім. Астарлап, әсерлеп айтқан сөздері тыңдаушыларына қашалықты дәрежеде жетіп, қашалықты ой салып жатқаны белгісіз болғандықтан, сол асып ойларын ақын қара сөздерінде үстемелеп, нақтылап айқындаі туследі. Ұлы Мұхтар Әуезов: «Осы жайды ескеріп, Абай енді қара сөзінде сол өлеңде айттылатын ойларының бірталайын жана сөзбен тартады», – деген еken. Сол ойлардың ішінде өзінің тұган жұрты қазақтың кемшіліктері жайлы айтатын ойлары да бар.

Халқының жекелеген кемістіктері төзірек түзелсе еken, ел қатарына қосылуудың қамын жасаса еken деген ой нышаны аталған қара сөздерде айпарадай айқын, шегедей нық.

Осы арада абайтанушы ғалым Ж.Ысмағұловтың мына бір пікірін еске сала кетудің орайы келіп тұр: «...алғашында ел ішін бөріктіріп, ала тайдай ылаң сала келген патшалықтың отарлау саясаты бұл жылдардың ішінде бәсендөу былай тұрсын, одан сайын қатайып, ел билеудің қыр еліне жат түрі жыл өткен сайын тереңдеп, орныға түскен. Халықтың ниет-пигылымың бұзылуына көп себептердің ішіндегі басты біреуі де осы болатын» (267-бет). Бұл – бұрынғы зерттеушілерде жеткілікті түрде таратылып талданбай жүрген пікір. Қазактың Абай айтып отырған көптеген кемшіліктеріне отарлау саясатының теріс есері болғанын бүгінгі таңда қадап айтуда тиіспіз.

Қазактың нашар қылыштары мен мінез-құлықтарының жинақталып көрсетілетін «Ұшінші қара сөзінде» өз заманындағы қоғам көрінісінің философиялық-әлеуметтік суреті жасалған.

Аталған қара сөздерде Абай өзінің туған жұрттының негізгі кемшіліктерін теріп, дәлелдеп көрсете отырып, солардан арылу керек екендігін сөздіреді. Былай қарап отырсаң, ол кемшіліктер сол Абай заманындағы қоғамға ғана тән, басқа уақытта ондай жекелеген кемістіктер орын алмаған деп пайымдауға болмайды. Ол айтылып отырған әлеуметтік көленәлелер Абай уақытына дейін де болған, кейін де таусылып біте қойған жоқ. Тіпті олардың парықсыздық, жалқаулық, еріншектік тәрізді түрлері еліміз жаһандануға қарай құлаш ұрып отырған бүгінгі жиырма бірінші ғасырда да төбе көрсетіп қалады.

Осыған қарап Абайдың өз халқының мінез-құлқын талдаудың көрегендігін, алыстан ойлай алатын терендігін анғару қылғын емес. Дұрыс сөзін жұрттына өткізе алмай, жігері күм болған ақын кейде енді қайтсем еken деп қатты торыгады да. Сөйтіп келіп өлсөң, артымда ешқандай жаксылық қалмады, бұл дүниеде қиятын ештеңе жоқ деген оймен өкінбей өлуге жақсы деп өзін жұбатқан болады.

«Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек» (110-бет), – дейді ақын қырық бірінші қара сөзінде. Соның бірі билік, күш болса, екіншісі есепсіз байлық дейді. Осы екеуі болған жағдайда ғана қазаққа ақыл конбак, дұрыс ақыл, дұрыс сөзді ұқпак. Бүгінгі күн тұрғысынан қарап отырып, енді осы пікіріп ескіріп кетті, қазіргі қазаққа басқаша жолмен келу керек деп үзілді-кесілді айта аламыз ба? Дүниетанымыз бен жалпы түсінігімізде ішінара езгерістер болса, болған да шығар,

бірақ қанға сіңген жаман қалпымыз түгел жаңарды деуге әлі ертерек. Олай деп тұжырым жасауға негіз болар белгілі бір деңгейде батылдық та керек шығар.

Бір сөзбен айтқанда, Абай қара сөздеріндігі ұлттық идея бүгінгі мелекеттік деңгейде көтеріліп отырған мәселе мен қисынды үйлесім табуда. Тәуелсіз еліміздегі ұлттық идеяны орнықтыруда Абайдың қара сөздерін ту етіп ұстасақ та артық емес.

Бауыржан Ердембеков

Құдайым жаратуын қасқа қылып...

(Медетбайдың Қиясбайға айтқанынан)

Абайдың әдеби ортасын сөз еткенде ақынның айналасын құрайтын ерекше бір топ бар. Өлең-сөзben барымталасып, аса бір сыйлап жаңына жақын тартқан Абайдың адамдары – олар шайқы мінезді, ел ішіндегі құлдіргі, сөзі кисық, кисық та болса түзу Қиясбай, Мұқамораз, Шәукембай, Қатпа, тағы сондай ел ішіндегі жамандықты өлеңге салып, әшкерлеп, іс-қимылымен мазақ етіп жүретін көңілі таза жандар.

Жалпы жүрт аса елең қылмай жынды есебінде білетін Қиясбайдың басқаның бойында жоқ ерекше қасиетін танып (ол қасиет Қиясбайдың өзі айтпақшы «өмірдің өзін мазақ етуші»): «Бала сезімінен, іс-қимыл, ойынынан пәк, таза іс, сезім бола ма? Өзім білгенде, үйқыдан тұрганнан үйқыға кеткенше бала ісін жалықпай, шаршамай қайталауға жараған ересек кісі де тек Қиясекенғана. Өйткені, Қиясбайдың ісі де, сезімі де сәбидей таза, пәк емес пе», – деген екен кеменгер Абай (Исабаев Б. Ұлылар мекені. –Новосибирск: 2001, 156-б.).

Жалпы қазақ даласында Қиясбай, Мұқамораз, Шәукембай-лар сияқты шәлдуар мінезді шайқы адамдар аз болмағаны белгілі. Бірақ солардың бері тарихта қалған жоқ. Олардың Қиясбайдан әлгіндей тосын өнері артық болуы да мүмкін, бірақ Қиясбай, Мұқамораздардың бағы – Абайдың қасында болуында. «Абай – Абай болған соңғана, Қиясбай – Қиясбай болып танылды. Қиясбайдың «қиясбайлышына» мағына бітті» (Шапай Т. Шын жүрек-бір жүрек. – Алматы: Жазушы, 1999. 51-б.). Қиясбай Қөгөдайұлы туралы арнайы мақала жазғандардың ішінде Т.Әміренов, кейіннен Т.Шапайдың зерттеулерін ерекше атап кеткен орынды болмақ. Т.Әміренов мақаласы алғаш рет Қиясбай туралы деректерді беруімен құнды болса, Т.Шапайдың зерттеуі Абайдың Қиясбайын тануда адам жаңының ішкі дүниесін параптап бере алатын соны талдауларымен қымбат. Жалпы Т.Шапайдың ғылыми еңбектері зерттеуші методологиясының өзгешелігімен, пайым қуатымен оқырманын өзіне тартады. Ғалым Қиясбайдың генеологиялық түп-төркіні туралы: «Оргағасырылық философ Қожанасыр әпенде, ертегілік усойқы Алдар-көсе, тапқыр жігіт, талантты өтірікші Тазша... – әрқайсысынан дарыған бір-бір жұлық қасиет Абайдың құнарлы қонысында қордаланып, бекіп, «Қиясбай» деген атпен тұлғаланып мазмұн

ашқан», – дегенде әрине рухани тегі хакында сөз болып отыр (сонда, 52-б.). Кей деректерде Қиясбай Құнанбай жазага тартқан Қодардың ұлы Қөгедайдан таратылып жүр. Ұлынан айрылған Қодар құдай сүймес іс қылып, келіні Қамқаны қатындыққа алған ғой. «Қодардың өлімі» шығармасында Шәкәрім:

Жасырмай айта берсем, сөздің шыны –
Құдайға ерегісіп қылды мұны.
Баламды алсаң, мен де алдым келінімді,
Қане, ата ғой деп қылдым, – дейді, – осыны, –

деп ауыр күнәға барған Қодардың қасіретті қадамынан сыр ашады (Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. 133-б.). Ал, Қиясбайдың әкесі Қөгедай туралы дерек жоқ. Ерте өлгендігі айтылады. Қөгедай – Р. Токтаровтың «Абайдың жұмбағы» романында да Қодардың ұлы. Жазушы көркем туындысында елден жырақтанып, өзімен өзі қебелек қызықтаған қексау баланың ақындықтан да құр алақан еместігін тілге тиек етеді. Қөгедай бейнесі қаншалықты тарихи деректерге сүйеніп жазылды, ол бізге жұмбак, әйтеүір Қиясбайдың әкесінде бір тылсымның болуы мүмкін. Демек, Қиясбайдың атасы Қодар болғанда, Қодардың келіні Қамқа Қиясбайдың шешесі болып шыққаны ма? Өлер алдында «тым болмаса Қодарды бір сүйгіз» дейтін қарабет Қамқаны жүргегі таза Қиясбайдың шешесі деуге қимайсың. Тобықтының шежіресін сүзсеніз мұлде бөлек деректерді ұшыратамыз. Тобықтының Борсак деген атасынан Жазыбай, Қазыбай деген тараса, Жазыбайдан – Қиял. Қазыбайдан ағайынды – Қодар мен Қөгедай тарайды. Қодардан – Құтжан. Қөгедайдан – Қиясбай. Шәкәрімнің «Қодардың өлімі» шығармасындағы Қодардың ағайыны – Қиял осы. Демек, Қодар мен Қөгедай – әкелі-балалы емес, ағайынды адамдар. Қамқа Қөгедайдың емес, Құтжанның әйелі болып шығады. Қиясбайдың атанасын тәптіштеп, там-түм деректерге назар аударып отырғанымыздың себебі, ар сүймейтін іске барған үлкен ағайыны мен «шашты сайтан» атанип, сүйектері отқа жағылған женғесінің қасіретке толы әрекеттері Қиясбайдың окшашу дүниетанымын қалыптастыруы да ғажап емес. Кешегі ел қарғысына ұшырап, отқа жанған қарабет жандардың ұрпағы болып жайбыракат жер басып жүру – саналы адамға азаппен тең. Не ел бетіне қарай алмай, күйініп, қорынып өту керек те, не болмаса керісінше жасынан «дінсіздің ұрпағы» дегізген тасбауыр тағдырға лағнет айтып, өмірдің өзін мазақ етіп, айналасын қыран-топан күлкіге

батырып өмір кешу керек-тін. Қиясбайдың сыбағасына соңғысы бұйырды. Бұйырған жоқ, уайымсыз ғұмырды өзі таңдады. «Уайым жоқ, қайғы жоқ, атадан тусаң мендей ту» дегенде бала жастан тәлкекке салған жазмышқа көрсеткен қиқарлық сезіледі. Қиясбай уайымнан қашып құлқіні тапты. Мәңгілік бала қалпында қалуының сыры да уайым мен қайғыдан бойын аулақ салғандық шығар. Тұлыбына орап өсірген Қодар атасын еш шімірікпей отқа өртеген көп туысқан енді бұған емірене қалғанына Қиясбайдың көңілі жібімесі анық. Кеше ғана атасына тас атқандардың ортасында отырып бір сәт қайғы-мұңға берілмей, үнемі езуін жимай күліп журу ісі мен сөзі қиыс Қиясбайға ғана тән болар. Қиясбайдың құлқісі басына төнген мұн-наланы қашыратын тылсым деп тапсақ қана, Абайдың «бала Қиясбайыны» дүниетанымын біле түскендей боламыз.

Демек, Қиясбай тұмысынан ақыл-есі кем, не болмаса көтеріп әкетер ауруы бар адамға ұксамайды. Ол – өз рөліне сонша берілген шебер әртіс болып, әу баста көңілі құлай таңдаған бейнесін сомдаумен өмірден өтті. Еш жаңылмай, жалықпай, тіпті ауыс-куйіс үзіліс жасап, антрактіге де бармай өмір сахнасында ақырғы демі біткенше ойын қойды. Сегіз қырлы еді. Сыбызғыда сиқырлы күй тартты, құдыққа түскен атан өгізді сұрып алар қара күштің иесі көңілі түскенде күреске шығып, балуан біткенді баудай түсірді. Атқа құлын айырбастап елдің құлқісіне ұшырап, артынан әлгі таңдаған құлыны бәйгеден келді. Келеке қылған көптің құлқісі сап тынышты, таңданды. «Лақпайы өлеңімен» (Т.Шапай) жұртты қыран-топан құлқігे батырса, тапқыр сөзімен, бала қызығымен данышпан Абайдың көңіліне жақты. Қалай десеніз де, Қиясбайдың жаны – қаралайым адамдарға шешуі қиын жұмбак. Ол жұмбактың жауабы Абайға ғана таныс. Әйтпесе, қызылды-жасылды бұл оранып, тал шыбықты ат қып мінген елірмені, шапқылап балалармен ойнап жүрген нағыз әумесерді Абай ерекше қадірлеп, жік-жапар болатыны несі? Абай Қиясбайға үйлен деп қолқа салғаннан кейін, дауылды құні ауыл-үйдің үйқы-түйқысын шығарып жатқан шақта Қия-агаң Абайды үйінен алып шығып, бұзауы жамырап кеткен сиырына ұмтылып жүрген бір шөп желкені нұқсап, менің таңдағаным осы деңгендеге Абай әлгі екеуінің бірігіп шанырак құрып кететініне күмәнін білдіріпті. Сонда анау:

– Сіз өз көзіңіздің орнына менің көзімді қойып бір қарасаңыз, ол қыз хор қызындаі көрінбесе, сіздің айтқаныңыз болсын деген екен. Міне, біз де дүниеге Қиясбайдың көзімен қарағанда ғана оның философиясына барлау жасай аламыз. Қиясбайдың

сайқымазақ тірлігінің мәнін өзінен тыңдайык. Абай орта жастаң асқанша Қиясбайдың баламен бала болып ойнауын тоқтатпақ болғанда Қиясбай оған шын ренжіп: «Сені ойда орыс, қырда қазак данышпан ақын Абай деп алдарыңдан шықпай ардақтап жүр ғой, бірақ, сен дүниенің тұрақсыз, алдамшы сырынан түк түсіне білмейді екенсің. Білсен мен өзінен бір сұрап сұрайын, соны айттып берші. Осы адам баласы анасынан туғанда жылап туда ма, күліп туда ма? – деді. Әмбет Абай:

– Күліп туду жаратылыстың заңында жоқ кой, – деп жауап қайтарады.

– Олай болса, – деді Қиясбай – дүниеге жылап келген адам баласы, күліп өлмейді. Сондыктан бұл фәнінде кейіспен келген пенденің алдамшы дүниеге аяғын шалдырмай өмірін өкінішсіз өткізіп өлген бірде-бірі жоқ. Ал мен дүниенің өзін мазақ етіп жүрген жоқтын ба? – депті (Әміренов Т. Қиясбайға қатысты хикаялар // Жұлдыз. – 1982. – №4. 204-б.). Бұл – Абайдың өз аузынан естіген Қатпа Қорамжанұлының әңгімесі. Сонда алдамшы, жалған дүниенің өзін мазақ етіп:

Осы жасқа келгенше баламын деп
Япыр-ай, неткен құмын менің өзім, –

деп секектей беретін оның жан түкпірінде белгілі бір мақсат мықтап орныққан екен ғой.

Қиясбайдың ақындығы да өзінің тірлігі сиякты тұнған сайқымазақ, лирикалық қаһарманның бет-бейнесін дәл беріп тұрган ойқы-шойқы поэзия. Естелікке бақсак Қиясбайдың ел алдына шығып айттыс ақындарын мезі қылатын:

Айдалада ак қасқыр, опақ-сопақ,
Ақ сиырдан туады жирен айғыр,
Аспанда ителгі құс пішен жейді,
Арық токты шұлғиды тоң қатқанда. –

деп шұбатыла жөнелетін мағынасыз өлеңдердің шоғырын Абай бастап Асылбек, Әділшелер шығарып берген (қараныз: Т.Әміренов. Қиясбайға қатысты хикаялар (Жұлдыз. 1982, №4). Т.Әміреновтің айтқан дерегі бойынша Қиясбай өлеңінің Абай шығарған бөлігі былайша келеді:

Сыртым аңқау, ішім кү,
Жүрген жерім бәрі ду.

Үстіме киген киімім,
Киім емес, қызыл шу,
Уайым жоқ, қайғы жоқ,
Атадан тусаң мендей ту (сонда, 201-б.).

Осы өлеңнің кейінгі төрт жолы ақынның 1940 жылы басылған өлеңдер жинағына (2-том) енді. 1961 жылғы Ә.Жиреншин құрастырган бір томдықта бұл туынды ақынның жаңадан табылған өлеңдер топтамасында жүр. «Абай» энциклопедиясында «үстіндегі киімің» деп басталатын өлеңде Абай шығармасы деп анықтама берілген. Эрине, бұл қалай, қандай жағдайда айтылса да Абай сөзін кейінгі ұрпак білсін деп, тасқа басудың жолымен жинақтарға енген сияқты. Десек те, Абайдың ойнап айтқан сөзін оның ойлы поэзиясының арасына тоғытып жіберіп, Абай өлеңі ете беруге болмас деп ойлаймын. Ел арасында «Абай айтты» деген кестелі ойлар мен канатты сөз баршылық. Соның бәрін ақынның өлеңдер жинағына енгізіп, Абай поэзиясының нәрін жоғалтып алмаймыз ба?

Кім шығарса да әлгі өлең тек Қиясбай айтса ғана жарасатын. соның табиғатына ғана сай болған соң, сөзсіз Қия-ағаңның қоржынына салынады. Ел ішінде «Қиясбайдың қозы көші» деген ән бар. Анығы – Шәкәрімнің әні де, Қия-аған бір бестіге сат деп өтінген соң, қажы тегін берген екен. Біреуден мәнсіз өлең мен ән қолқалап алғып жүрген Қиясбай күшті ақын болмағанымен, екі ауыз сөзді қыстырып қауқары болған. Ақындық өнерін сынамақ болған Абай кейде өлең шығарып, сонын Қиясбайға айтқызыса, кейде табан астында сұрып салып өлең айтуды талап еткен. Сондай ел әңгімелерінің біріне құлак түрсек, бірде Қиясбай Семейден жаяу шығып келе жатады. Мезгіл күздің кезі екен. Құшікбай кезеніне жақындаған шакта ол қатты жаурапты. Қара суық жел шыдатпай тоңып келе жатқан Қиясбайды ауылға жеткенде Абай сыртта тұрып кездестіріпті.

– Ей, Қиясбай, сиқын адам көргісіз ғой, ақын екенінді білейін. Кәне, осыныча бір ауыз өлең шығаршы. Ойланбастан айтшы, – дейді. Сонда Қиясбай:

– Е, несіне ойланам. Сен ғой дейсің бе? Айналасына жастық койып, астына көрпе жайғызып, алдына қағаз-қарындашын койғызып ойланып-баптанып жататын.

Ой, елтірінің іші сенсен, сырты тері,
Арқаны кезіп жүрген мен бір сері.
Шыдатпай өңменімнен өтіп кетті-ау

Өкірген Күшікбайдың қара желі.
Әгөй, әгөй, –

деп өзінің бұрынғы мақамына салып секіре беріпті (Абай өзілдері. – Алматы: Фылым, 1995. 42-43-бб.). Абай Қиясбайдың жауабына риза болып, үйіне енгізілті. Ақындығы әлгіндей болса, ел аузынан жеткен сөз тапқыштығы тағы бар. Басқаны қойып, дүйім жұртты аузына қаратып отырған Абайды талай жерде сөзден ұтып кеткен ғой.

Тағы бірде Абайдың үйінде жиналған игі-жақсылар Қиясбайдың келгенін элементі де, соған кеңтенген Қиясбай Абайға онаша айтатын шаруам бар деп бүкіл жұртты дүрліктіріп далаға шығартыпты. Осы тапқырлығы үшін Абай риза бол қой берсе, «Абай ағам өңгертеуді деймісің, айдатады да жібереді», – деп он шақты қойды айдан әкеткен еken. Қыс ішінде ет ал деп шошалаға кіргізсе жылқының басы, төрт сирағы, қүйрығын алып шығып, көрген елге «Абай жылқы жетектетті», – демеймін бе деп Абайды тағы ұтыпты. Әбдірахман кайтыс болып, елдің айтқан көніліне жұбанбай томырылып отырған Абайға, Қиясбай келіп: Абай аға, елдің Әбіш деген жақсы баласы өлді, көніл айтпайсың ба? – дегенде Абай басын көтеріп: Айналайын Қиясжан, – деп түрегеліп Қиясбайды қолтықтап үйге беттеген еken. Осылардан кейін Қиясбайды жынды демек түгіл қарапайымдардың қатарына да қоспай, төрден орын беретініңіз кәміл.

Қиясбай – Абайдың қасындағы сайқымазағы емес, ақынның жүрегін торлаған қалың қайғы мен мұң-зардың үлттын серпілтер құдіретті күлкі сыйлаған абзal жан. Десек те, шайқы Қиясбай мен дана Абайды жақындастырып тұрған зіл батпан ауыр қайғы мен тұла бойды кернеген күлкіден де терең дүние жатқандай. Бірі алдамшы дүниенің соңына түсіп, нәпсінің құлы болған халқының қасіретіне томырыла қайғы жұтса, екіншісі дәл соларды мазақ етті. Олардың мағынасыз тірлігін іс-әрекетімен де, сөзімен де бейнелеп көрсетті. Дүниенің тылсымын ақыл көзімен парактай білетін парасатты-шайқы Қиясбайдың бала қылғыны Абайдың ерекше бағалауы содан. Осы арада айта кеткен жөн Абайдың Қиясбайы, Шәкәрімнің қасындағы мылқау Әупіші, кейіннен М.Әуезов қатты қадірлекен, көкірегі сарай Шәукендер – табиғаты ұқсас жандарғана емес. даналар дүниетанымын тоғыстырып жаткан ерекше қастерлі есімдер.

Қиясбай сияқты Абай маңында болған Мұқамораз да құлдіргі адам болған. Тобықтыға көршілес Керей елінен шыққан Мұқамораз Абайға жиі келіп қонақ болады еken. Мұқаморазды қашан-

да сөйлетуге құмар Абай, тағы бір сәлем беріп кіріп келгенде есік аузында тұрып бір ауыз өлең айт дегенде Мұқамораз іркілмesten:

Ауру астан болғанда, дау қарындастан,
Мұқамораз атаным бала жастан.
Мұқамораз деген ат шайтан аты
Қандай молда қойды екен аямастан , –

деген екен (сонда, 45-б). Осы бір ауыз өлеңді Мұқамораздың атынан Абай айтқан деген деректер де бар. Тіпті ақынның 1940 және 1961 жылғы жинақтарына да енген. «Абай» энциклопедиясында Т. Баракұлы: «...Абайдың кейін табылған өлеңі. Ел аузынан жазып алғынған», – деген пікір айтады (Абай энциклопедиясы. –Алматы: Қазак энциклопедиясы, 1995. 101-б). Анығында, өлең Абайдікі емес, Абайдың өзі қолқалап айтқызыған Мұқамораздың шығарған өлеңі. Осындай олқылықты дер кезінде байқаган Абай шығармаларын құрастырушылар кейінгі жинақтарға бүл өлеңді қоспаған. 1977 жылғы ақын шығармаларының қос томдығына алғысөз жазушы Ы.Дүйсенбаев былай дейді: «Қайым Мұхамедханов, Әбіш Жириеншин, Әрсен Ибатов, Садық Қасиманов, Мұздыбай Бейсенбаев және басқалар әр жылдарда, дүркін-дүркін «Абайдың жаңа табылған өлеңдері» деген атпен азды-көпті материалдар жарияладап келді. Солардың ішінен тек Қайым Мұхамедханов ұсынған бір топ өлеңдер болмаса, басқалары аяқ асты қала берді. Себебі, кездейсок, женіл-желлі ұсныла салынған шығармалардың басым көпшілігі, бір жағы, көркемдігі өте нашар болса, сондай-ақ, «анадан жазылып алғынды, мынадан естіп едік», – деген жалпылама сөздер ғана арқау етілгендейтін, құдіксіз дерек ретінде пайдалануға жарамай отыр» (Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1977. – Т.1. 12-13-бб.). Орынды айтылған пікір жоғарыдағы өлеңнің табиғатына да қатысты. «Абай әзілдері» жинағында Байқекшенің Абайға айтатын бір ауыз өлеңі де сәл өзгеріспен Мұқаморазға телініп жүр. Тіпті өлеңнің шығу тарихы да бір. Ел аузынан жиналған мұраларда, осындай бір ізгіліктің болмауы заңды да. Қолжазбасы қалмаған ақынның сөзін әр рудың адамы өз ақынның теліп таратада беруі әбден ықтимал. Сондай-ақ, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуши естелік айтушы қауымнан да бір ақынның орнына екіншісін косып сойлеу әдеті кездеседі. Сондықтан да, ескіден ауызша жеткен өлең-сөздің ең алдымен шығу тарихына, содан кейін өлең стил-

іне, ақынның сөз қолданысына т.б. ерекшеліктерге назар аударған жөн. Осындай ел ішіндегі аусар мінезді, сөзі түйеден түскендей боп келетін, ерекше жаратылған жандардың сол айтқан сөздерінен Абай ерекше нәр тауып, қатты қадірлеп отырған. Абай үйінің отымен кіріп, құлімен шығып жүретін Шәукембайдың «Абай балтаны да қайрай алмайды» дегені ақынды үлкен ойға қалдыrsa, жаяу жарыстан озып келген қатынын «Абай мен Оспан естісе алып қояды» деп тығып койған ауылдастының сөзінен қатты ұялтып, Оспанға да айтып, өзі де ендігәрі елдегі жақсы ат, құмай тазыға, қыран құсқа қызығуды тоқтатамын депті. Ақылы елден асып түрганымен осындай қарапайым жандардың тауып айтқан сөздеріне тоқтап, көңіліне медеу тұтуы – Абай данаалығының тағы бір қырын аша түседі.

Жасында ұры атанип, Абайдың арқасында жаман кәсіпті тастап, атқосшысы болған Қарасақау сөзге шешен, өжет кісі екен. Тілі сәл шәлдірік болғандықтан ел Қарасақау атаған, ал шын аты – Құсайын. Абай шәкірті Кекбайға Абылай хан туралы поэма жазғызып, сонда шәкіртінің Наурызбайдың Ақауыз атын суреттегеніне көңілі толмай «Аттың сыны» деген өлеңді жазғаны аян. Эйтсе де, сол өлеңдін «Бұл шіркіннің өзі де мес болып кетті ғой», – деп Кекбай дастанына кіргіздірмеген. Қарасақау Абайдың осы өлеңіне сын айткан.

«– Абай аға, Сіздің атыңыз кекілді ғой?
– Иә.
– Кекілді болу үшін аттың мандайы дөнес болуы керек кой?
– Иә.
– Мандайы дөңес жылқыда ми көп болуы керек кой?
– Иә.
– Ендеше, миы көп жылқы шаба алмайды, сіздің атыңыз жүйрік ат емес. Сонда Абай зекіп жіберіп:

– Оттама, Қарасақау! Шокпардай кекілі бар сөзі өлен уазін үшін керек», – деген екен» (Исадаев Б. Ұлылар мекені. – Новосибирск, 2001. 408-б.). Абай жігіттік шағында Керей Сагындық дегенінің Бибі деген қызына ғашық болып, сол махаббаты кейінге дейін сұымаган көрінеді. Әділхан төренін әйелі болып, кейіннен күйеуі өлгенде Абайға ғашықтық хат та жолдаған. Арабпарсы, шағатай сөздері көп өлең-хаттың толық нұсқасы елу алты жол ел аузынан жеткен. Абайдың Еркежан қолында болған кезі. Бибінің тоқалдыққа алып, тіпті “Әділханның қорасын қыстау қыламын” деген ниеті де болған деседі. Әлгі хаттың осыған негізгі себеп екенін білген Еркежан Қарасақауға мән-жайды айттыпты. Абайдың қолындағы хатты көрген Қарасақау өлеңдегі

Абай мұрасы – қазактың ұлттық қазынасы

«Білезік ауып кетер шар салғанда» деген жолына жата кеп жа-бысып, бұл әйелге таласуыш көп, жалғыз сіз емес. Алпысқа та-қаган шағынызда әйел үшін шарға түскеніңіз абырой әпермейтін іс, – деп акынды райынан қайтарылты. Міне, әуелде ұры боп жүрген Қарасақаудың бойындағы ерекше қасиетін танып, қасына ұстаған Абай, оның баласы Қасеннің оқып білім алуына көп жәрдем жасаған. Құсайнұсов Қасен кейіннен Абай туралы құнды естелік-деректер берушілердің бірі болды.

Корыта айтқанда ел ішін құлқімен көмкеріп, небір ке-леңсізкіті ашы мысқылмен келемеж еткен жандар Абайдың қасынан табылып, оның қайғылы көңілін жадыратты. Ел ішін жайлаған мың сан індеге карсы қаламын кару еткен кеменгер акын жан-жагына қарманған шакта жанына демеу болар да осы жаны жайдары ерекше адамдар екенін ескерген жөн.

Гүлжан Орда

Абай поэзиясындағы мәңгілік категориялар

«Нені болса да орнына, заманына, тарихи жағдайларға қарай бағалау керек», – дейді қазақтың зиялды перзенттерінің бірі Қошке Кеменгерұлы. Осы түркіда қарайтын болсақ, Абай шығармалары бір ғасыр ерте жазылып кеткендегі әсер береді. Себебі, ақынның жар құлағы жастыққа тимей іздегені қандай адам? Араға ғасыр салғанда сол адамдар біздін арамызда бар ма? деген сауалдар төнірегінде сөз қозғау үшін ақын шығармаларына жүгініп көрелік.

Абай айтқан надандық, білімсіздік, зұлымдық, еріншектік, дінсіздік деп аталатын адамның қас дүшпанына айналған теріс қасиеттер Ескендірдің айналасында жұр. Мұндағы Қарақұрт – Абай айтқан болуы қажет көп достың бірі. Бірақ ол дос бола тұрып ажал да бола алады. Адамгершілікті, ғылым, білімді уағыздаған Ескендірді сорып өлтірген Қарақұрттың оны аттап кетуі – сол адамдықтан аттау белгісі еді. Қойылымда қызыл чемоданның өзіндік айттар ойы бар. Бұл – байлық, мансап, ал онын ішінен топырактың шығуы сол байлықтың, барлықтың жокка айналуы. Бұл жерде де режиссер Гүлсина Мерғалиева Абайдың “Ескендір” поэмасына жүгінеді. Ол Ескендірге қақпадан берілген жұмбақ сыйдың шешімін аныктап берген Аристотельдің:

...Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр көзіне күм құйылғанда [2,129] –

деген сөзін көркемдік астармен жеткізген.

Осы спектакльдің “Реквием” деп аталатын екінші бөлімінде де режиссер кисынсыз дүниелерді құрастырып, өзіндік идеяны алға тосады. Шымылдық ашылғанда жұмыртқадан шыққан ак уыз балапандардың (хайуанат үрпактары десе де болады) өмірге қанат қағып, талпынуы түрлі дыбыстармен, түрлі қозғалыс-әрекеттермен өрілген. Өссе келе олар зұлымдықтың, бақталас-құрбандықтың күәгеріне айналады. Өмірдің өзі күрес кім женсе төр соныкі. Бірақ сол төрге кім қалай, қандай жолдармен жеткен? Бұл сұраққа Сальери жауап береді. Екі болімнің құрылымы мұлдем екі бөлек болғанмен екінші бөлімдегі фон ретін-

Абай мұрасы – қазақтың ұлттық казынасы

де алынған Сальери мен Моцарт қақтығысы режиссердің бірінші бөлімдегі ой-идеясымен үндесіп жатыр. Г.Мерғалиева бүгінгі күндегі адам құнын, зұлымдықтың келенкесінде қалған адами қасиеттердің бағасын көрсеткен. Жалпы қойылымда (екі бөлімде де) режиссер үйреншікті драмалық немесе трагедиялық шешімдерге бармай, жаңа үлгі іздепті. Сальеридің қызғанышын тудырған, сакылдай күліп, қызыл көйлек киген кыз бейнесіндегі Моцарт “Ешқашан да қызғануды білмедім” деп “ағынан жарылған” оның құшағында өледі. “38 немесе Қарақүрттағы” күншілдіктің күншілдікті қозғайтыны жөніндегі Абай тұжырымы “Реквиемдегі” Сальери психологиясымен параллель келіпті. Алғаш сахнаға шыкканда ак уыз балапандардың барлығы нотага айналып, композитордың ми қатпарындағы түрлі саз-дыбыстардың, яғни осы ногалардың кемерінен аса шуылдауынан қайсысын ұстарын білмей дағдарған Сальеридің айғайынан ногалар шашырап кетеді. Бұл да оның қараулығын білдіретін көркемдік мизансцена.

Бос кеңістікте әрекет етегін актерлік ансамбльде Ескендір роліндегі Кенжебек Башаров декламацияны жетік менгерсе, Сальериді сомдаған Кенен Ақурпековтің бет құбылысы, әрекет-қозғалысы жер бетіндегі зұлымдық атаулыны бойына жинап алғандай әсер береді. Моцарт өзінін реквиемін қалай жазғандығы жөнінде сыр шерткенде оған сынай қараған Сальеридің ішті жегідей жеген қызғанышы актердің көзқарасынан анық байқалады. Спектакльде қолданылған неміс композиторы Карл Орфтың дүниенің дүр сілкіндірердегі күрделі шығармасы мен Моцарттың реквиемі осы екі композитордың харakterін айқындаі түсінеді. Бұл қойылымда нақты харakterге ие кейіпкерлер болмағанмен актерлік ансамбль шығарма темпераментін бір арнада ұстап тұрмай, керісінше тосын әрекеттер арқылы дамытудағы ізденистерімен ерекшеленді. Жалпы алғанда тек режиссураға негізделген “38 немесе Қарақүрт” бүгінгі сахнасындағы модерн стиліне тән бірден-бір спектакль болып шықты.

Осындай эксперименттің бірі – Абайдың қара сездерін жинактап, көркемдік жүйеге түсірген С.Мұқанов атындағы Петропавл облыстық қазақ драма театрының актері Мақсат Ақжоловтың “Абайдың қара сездері” қойылымы. Мұндағы инсценировка авторы ері режиссердің негізгі мақсаты – ұрпағына жүрек тұнғиғынан үн қатқан ақынның бес нәрсеге асық етер тұнық сездерін сахна арқылы жеткізу. Абай дәүірінің киімі мен реквизит-бутафориялары қойылымға тұтастық, көркем атмосфера берген. Театр актерінің ізденисінен туындаған бұл спектакльде

Абай үағыздаған білім мен ғылым, дін мен адамгершілік философиясы алға шыққан.

Жалпы Абай өлеңдері мен қара сөздеріндегі философиялық, гуманистік ойлар бір ұлттың ғана емес, әлемдік проблемаларды құрайды. Ақын шығармалары сонысымен де құнды, яғни Абай – мәнгілік тақырып. Мұхтар Әуезов сөзімен айтқанда: “Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алыш түр” [2,6]. Қазақ халқының рухани көсеміне айналған тұлғаның сахналық-көркемдік бейнесінің, онын өлеңдеріндегі бес нәрсеге асық етер, бес нәрседен қашық егер идеяның алдағы уақытта да әр қырынан көрінетініне сенімдіміз, бұл біз үшін, үрпак үшін өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құндақбайұлы Б. Мұхтар Әуезов және театр. – Алматы: Ғылым, 1997. 248 б.

2. Абай. Қара сөздер. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. 272 б.

Абай және Жамбыл

Атын атағанда-ақ бір халықтың көз алдына алып келетін ұлы тұлғалар санаулы ғана. Солардың қатарында былтыр 164 жылдық мерейтойын тойлаған данышпан бабамыз Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы!

Абай есімі дүние жүзіне қазақ есімін танытып қана қойған жоқ, оның тендересіз жауғар жырлары, танғажайып көркем аудармалары, данышпандық ғақиялары адамзат өркениетінде өзіндік орны бар қымбат қазына болып қалды. Оның шығармалары жер жаһандагы көптеген ұлт тілдерін тәржімеленіп, дүйім жүртшылықтың рухани асыл игілігіне жарап келеді.

Абай – кеменгер акын, данышпан ойшыл, ғұлама ұстаз, көрекен психолог – жұмбақ жан, ұлы адам деп дәріптейміз.

Абай кеменгерлік ақылымен, ерен енбегімен және табиғи таланттымен өзін ағартушы акын ретінде паш етіп, әлемдік поэзияның альштарының қатарына қосылды. Абай акын ғана емес, сонымен бірге философ, қоғамдық ойшыл, халық мұддесінің жоқтаушысы болды. Қасиетті қазақ елінің қара топырағынан дүниеге келген көп батыр, акын, шешен туған елден Абайдың тууы зандалық сияқты. Қазақ жерінің акыны көп болғанымен Абайы біреу-ақ. Абайы бар қазақ елі дүниеде қай халықпен де терезесі тен деп ойлаймын.

Күн келбетті Абай бейнесі қазақ қекірегін жылығта берсін. Абай сәулесін жылынған адам жаман болмайды. Жамашылық та көрмейді. Ол күн сәулесі мол түсетін жерде ескен жеміс ағашындај жапырақ жайып гүлдей береді. Абайы бар елдің мерейі үстем.

«Кейде маған Абайдың әкесі қазақ деген құдіретті біреу де, анасы өзіміздің кең дала сияқты болып елестейді. Өйткені Абайды құдірет қарапайым адамнан гөрі басқа да бір жақтан ғарыштан ба, алыстан ба, әйтеуір бір дүниенің көнілді бір сәтінде Ұлжан ағанын етегіне қоқтен түсे қалғандай болады да тұрады. Абай – қазақтың бар жерінде де туып, бар жерінің туын ұстап тұрған кеменгер. Абай бұрынғыдан да керегірек данышпан адам. Ол – қазағына ертең де, бүрсігүні де керек. Ауадай, күндей, жұлдыздай, өзендей, көлдей керек Абай» [1,71], – дейді академик З.Ахметов.

Сондықтан да Абай мерейі – халық мерейі бол, Абай биіктеген сайын қазақ та биіктей береді. Сол биіктен көз жазбай қалам ұстағандардың парызы да қарызы.

Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған жүздеген ерен жүйрік жырау, жыршы, ақындар бар қазақ әдебиетінде Абай орнының ерекше болуы тегін емес.

Ұлы ақынды заман туғызады. Ал ақынның өз заманымен, қоғам өмірімен қатынас-байланысы, жалпы дүние болмыстан алатын әсерлері сан алуан. Басты мәселе – Абай халықтың түбегейлі мұддесі, арман тілектерін қашшалықты терең үғып-түсініп, қандай ойшылдық деңгейде, қандай көркемдік қуаттылықпен айтып жеткізе алғандығында.

Абайдың ақындық тұлғасын, жан дүниесін, арман-мұратын ең толық, ең терең, ең дұрыс танытатын – әрине, оның поэзиясы, асқақ шабыттың қуатымен жүргегін жарып шыққан, иненін жасуындағы жасандығылығы жоқ өлеңдері, «жалын мен оттан жаралған» сездері Ақын жүргегінің түбіне терең бойлаймыз десек, оның поэзиясына бар ықыласымызбен, үлкен ілтипатпен зер салу қажет.

Тұғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денен... [2, 71].

Дүниеге сәби нәресте келді: бұлданып, жер тепкілеп жылап келді. Үнінде ырғақ бар. «Ырғақ бар жерде өлең бар» (Маяковский). Демек, жас сәби дүниеге келген жоқ, әндептің өлең айтыш келді. Ес жынып үлгермеген сәби нәрестенің өзі өлең айтқасын өзгелерге не жорық, енді естиярлар ән салып, өмір түп-түгел өлеңге айналады да кете барды: әлдилеу – ән, әлпештеу – ән, ер жеткізу – ән, қыз үзату – ән, келін түсіру – ән... Бірі бесік жыры болса, адамның өмірі ғана емес, өлімнің өзі өлең: жоқтау – ән, эпитапия – өлең...

1895 жылы жазылған «Әбдірахман өлгенде» өлеңі 1933 жылы алғаш «Құнанбайға Әбдірахман өлгенде» деген такырып-пен басылған.

Ұзак уақыт қатты ауырып жаткан Әбдірахман 1895 жылы карашада Алматы қаласында қайтыс болды. Ардакты баласы Әбіштің өлімі, жан серігі Оспан інісінің өлімі тағы бір қалың қайғыға батырады. Орны толмас қазаға өзегі өртегіп, дерттенген, мейір-бан экениң қасіреті зар-шер жырларын туғызады. Әбіш казасына арналған осы алғашкы өлеңі жоқтау сарынында жазылмаған. Өзінің «қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме» дейтін қағидасы бойынша жазылған. Арғы атасы Қажы еді, – деп бастап, өз экесі Құнанбайдың барлық жақсы қадір-касиеңтін сипаттай келіп:

Олар да тірі қалған жок,
Тірлік арты өлмек-ті.

Абай мұрасы – қазақтың ұлттық казынасы

Оны да алды бір өлім,
Сабырлық қылсан қерек-ті [2, 75], –

деп ауыр қайғыны ақылға женгізіп, өзін-өзі жұбатып, дертіне дәрмен тапқандай болады.

Олеңін бастапкы екінші жолы 1977 жылғы жинакта:

Арғы атасы қажы еді,
Бейістен татқай шәрбетті, –

деп басылған. Абай өлендерінің көбін, соның ішінде дәл осы өлеңін ертеден жатқа білетін Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов:

Абай әкессін «Бейістен татқан шәрбетті, яғни (жұмаққа) кірген деп кесіп айтпайды, бейістен шәрбет татса еken (татқай), яғни орны жұмақта болса еken деген тілегін айтады, – дейтін еді.

«Кешегі Оспан ағасы» (1895) өлеңі алғаш рет 1933 жылғы жинакта басылған (180-б). Бұл өлеңде де Әбдірахманның қайғысына толғанып, Әбдірахманы мен Оспаның есіне алады да: «Оны да алған бұл өлім, Сабырлық қылсан қерек-ті» [2, 89], – деп өзін-өзі жұбатады.

«Кешегі еткен ер Әбіш» (1895). Бұл өлеңінде енді Әбіштің өз басының адамдық қасиетін: ғылымға зеректігін, мейірімділігін, боямасыз ақ көнілін, адал азаматтығын сипаттай келіп, ақырында: «өлімнен жасқанбай» кеткен рухани ерлігін:

Тұла бойың ұят-ар едін,
Ескеріп істеп ойлаған.
Тағдырға тәбділ бола ма,
Сабырлық қылсақ қерек-ті [2, 97], –

деп тағы да өзін-өзі жұбатумен тынады.

«Әбдірахман өлгенде» өз басына ғана тән ерекше жақсы қасиетін шебер суреттейді. Адамгершілігі зор, өнерлі, оқымысты, терен ойлы баласының өмірден ерте кеткенине қатты тебіренеді:

Замана неткен тар едін,
Сол қалқамды қоймаған [2, 171] –

деп өкінішті мұнын шертіп толғанады.

«Жиырма жеті жасында Әбдірахман көз жұмды» деп басталатын өлеңінде Әбдірахманның өмірі, оның бойындағы таудай

талап, өнер, білім және зор мағынадағы адамгершілік қасиеттер толығырақ баяндалып жырланады.

Өзін «ескінің арты» ретінде бағалап, Әбдірахманды «Жаңа жылдың басшысы» [2, 175] болатын жас еді деп, өкінішті азы арманың айтып тебіренеді.

Ал, «Талаптың мініп тұлпарын, Тас кияға өрледін» деп басталатын бұдан бұрынғы жоқтау жырларында айтылмаған Әбіштің жақсы қасиеттерін қастерлеп сипаттай келіп: «Ел ішіне сау келсөң», «Тағылым айтатын ер едін», «Халқына жол көрсетіп барыш өлмедін» [2, 59] деп арман етеді.

Сөйтіп, Абайдың Әбдірахманды жоқтаған жырлары, өз басының ғана кайғысы болып калмай, казақ халқының қайғысы.

Әбдірахманның бойындағы нағыз адамгершілік қасиеттер казактың бар жас үрпағына үлгі-өнеге болады деп білген.

Бала болдың, жас болдың –
Жалғандыққа ермедін.
Төре болдың, бас болдың –
Көкірекінді кермедін [2, 175].

Сондықтан әр кезде Әбішке арнал жазған өлең-жырлары аз болмаған. Бұл өлеңінде Әбіштің тұрашылдығын, кішпейілділігін, бауырмалдылығын басқа да жақсы қасиеттерін суреттейді. Және жас жағынан орысша оқып білім алыш, көп уақыт, орыс оргасында болса да, өзінің ұлттық қасиетін, дінін таза сактаған, ұлтының ары болған азаматтығы мен адамшылығын жыр етеді.

Ғылым оқып білгенше,
Тыным, тыныштық таппаған.
Дүниені кезіп көргенше,
Рахат іздеп жатпаған [2, 189], –

деген жолдарынан ұлы Абdraхманның болашағынан үлкен үміт күткен асқақ арманының орындалмай, жұлдызының ерте өшкенін, жаны күйзелетіндігі анғарылады.

Әбдірахман өлген соң, өзіне айтқан жұбатуы «Бермеген құлға қайтесің» өлеңінде:

Өмірін берген Құдайым
Ажалын да беріпті [2, 189], –

деп Алланың жіберген ажалына амал жоктығын мойындал, тәубеге келеді. Әбіштің алдында дүниеден өткен інісін еске алып,

Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы

оның адами қасиеттерін Аплатон, Сократ, хазірет Фали тәрізді тарихтағы ұлы адамдармен салыстыра келіп:

Оспанды алған бұл өлім,
Тәубеге қылсан қерек-ті [2, 189], –

дейді. Сол сияқты әкесін де еске алып:

Ескендір, Темір, Шынғыстан
Мұсылманға атақты [2, 190], –

деп қастерлеп бағалай келіп:

Қажыны алған бұл өлім,
Сабыр қылсан қерек-ті [2, 190], –

деп өзі-өзін тәубеге шакырады.

Осындай жоктау өлеңдерін жыр алыбы Жамбыл шығармаларынан да кездестіруге болады.

Ұлылықтың қыры көп. Шын суреткерді, хас шеберді, алып талантты өзгелерден бөлектетіп тұратын белгінің бірі – тақырып аясының кендігі, ой терендігі, айтарының ауқымдылығы десек, XX ғасырдың Гомері атанған Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы да соның дәлелі бола алады.

Қай халықтың болмасын ежелден қалыптасқан салты, әдеттүрлі, дос-жоралғысы, соларға байланысты тұған өлең-жырлары бар. Дәстүрлі ауыз әдебиетіндегі қоштасу өлеңдері профессор М. Габдуллин тақырып жағынан тұған ел-жұрттымен, есіп-өнген жер-сүйемен, ата-ана, ағайын-туысымен, өткен өмірімен, жолдас болған өнерімен қоштасу» [3, 47], – деп біледі. Отан соғысы кезіндегі өлеңдерден осының бәрі де табылады. Бұған қосымша аттандыру, шығарып салу түріндегі өлеңдер де кездеседі. 1942 жылдың жаз айында Жамбылдың ұлы Алғадай эскер қатарына шақырылып, майданға аттанғанда қарт ақынның қоштасып айтқан өлең шығармалар жинағына «Аттандыру» деген атпен енген. Өлең былай басталады:

Атаңнан бата ал, балам,
Алшайып атқа мін, балам.
Ақ сақалым желбіреп,
Артыңнан қарап мен қалам [4, 71].

Аттандырудың ерекшелігі сол, «артта қалатын», шығарып салатын адамның сөзі болып есептеледі. Соңдықтан ол ақ бата-

сын беріп аманатын ак тілеуін айтады. Ақынның аманатын бір ғана Алғадайдың өзін емес, оның тағдырлас, үзенгілес, карулас, майдандас жолдастарына да арнал отырғанын ескертеді. Өйткені, Жамбыл Кенес жауынгерлерінің бәрін де өз баласындаі көреді, ақынды олар да атасындаі бауыр басып, жакын тұтады.

Саған айтқан сөзімнен,
Сабак алсын тыңдаған.
Айтылған сөз деп ұксын,
Анғарлы жан бұл маған [4, 71].

Тіпті, Жамбылдың «Атаннан бата ал, балам» деген жолдары да бүкіл кенес жауынгерлеріне арнал айтылғандай қабылданады. Осындай аксақалды қарияның, ақ шашты аナンЫҢ атынан айтылатын аттандыру, шығарып салу өлендерде игі тілек білдірген баталы сөз жиі кездеседі.

Ұлы ақын Абай өз баласы Әбішті бата беріп, алыс сапарға білім қуып, ғылым іздеуге аттандыrsa, жыр күмбезі атанған Жамбыл қарт Алғадайын елін корғауға аттандырады.

Жауынгердің қазасы қаншалықты ауыр болғанымен оны жеңілдететін бір ғана себеп бар. Ол оның касиетті Отанды корғап, жауынан кек алуы. Ақындар бұл жағдайды ескерусіз калдырымайды. Аяулы ұлының халық бакыты үшін қаза тапқаны, елдін оны ұмытпайтыны қайғылы көңілге медеу болады. Бір ол емес, басқа да көптеген жауынгерлердін Отан үшін құрбан болғаны бұл жеке адамның емес, халықтың қайғысы екені босаған көңілді қатайтады, жылаған жүректі жұбатады.

Кененнің Алғадайдың қазасына байланысты Жамбылға айтқан жұбатуы:

Миуалы бақ ішінде дарап едің,
Жел соғып бір жемісін жерге тұсті, –

деген сөзі де соғыс касіретінен болған ауыр қайғыға байланысты көңіл айта отырып жұбату ниетін анғартады. Енді бір жерінде:

Долы арыстан секілді,
Талай карттар ашынды.
Қажыта алмас қайғы да
Нар кескендей асылды.
Бәріміздің баламыз,

Майданда жүр қан кешіп,
Көтер енді басынды! [5, 71] –

деген сөздерде сабақтас сезім, мұндас көніл, басалқы ой бар. Ол жігерді жасыттай, қайғыны қайратқа, азаны ашуға жендейді. Кеудеде кек жалынын өршітеді.

1943 жылы үйінде сүйікті шәкірті, әрі үзенгілес жолдасы Кенен келіп көніл айтқанда Жамбылдың Алғадайды жоктаған өлеңі Фали Ормановтың жазып алымен шығармалар жинағына енген. Көз көрмеген жаманатқа көніл көнбесе де, кәрі жүрек шындықты сезеді, оның мәнісін түсінеді. «Алатауды айналсам Алғадайды табам ба? Сарыарқаны сандалсам, Санлағымды табам ба» деп қатты құйзеле отырып, мынадай тоқтамға келеді:

Темір өзек пенде жок,
Өлмес адам менде жок.
Орынсыз деп өлімі,
Ондай ойлау менде жок [4, 71].

«Тас тұскен жеріне ауыр», Ер өлімі қабырға қайыспас қаза емес. Бірақ сол қазаның себебін, мәнін дұрыс түсіну де көнілге медеу, сезімге сабыр бергендей. Қарт жырау осылай ұғынған.

Бұл жолдар азалы жаның ашынды сезі ғана емес, оның кекті кезенуі. Өйткені, бұл көзден кетсе де, көнілден кетпейді. Жаманатты құлак естігенімен, жүрек сенбейді. Тәтті үміт жақсылыққа жориды. «Өлдіге аузым бармайды, Қалды ма деп жаралы» деген жұбаныш тілге оралады. Отан үшін құрбан болған ердің тірі бейнесі құлазыған көнілге қуат береді.

Жоктау айтушы қайғы иессінің өзін-өзі жұбатуы ептілік, беріктік белгісі. Құйзелу, еғілу – жігерсіздік. Боркемік, көнілшек, жасық адам тез жүдейді. Қайғыны көтеру де қайраттылық.

Женістің құрбандыссыз, қан тәгіссіз аз болмайтыны санаға сабыр, көнілге медеу. Мұны азалы жан жақсы түсінеді.

Шындыққа дауа жок. Ол иландырады, жұбатады. Тірі адам тіршілік етеді, өмір сүреді. Қайғыны серік ету қатерлі. Адам тұрмыс тұртпегінде үнемі бір қалыпта болмайды. Санасы жоғары, білімді азamat бұл ақиқатты жақсы түсінеді. Сондықтан ол Жаратқанға жалбарынып, құдіреттен керемет құтпейді, о дүниеге артып алданбайды.

Ұлы ақын Абайдың Әбішін, қарт жырау Жамбылдың Алғадайдынан айырылғаны тек олардың басына тұскен ауыр қайғы емес, бүкіл қазақ халқына келген үлкен қайғы, қасіретті уайым.

Уайымның да уайымы бар. Қарекетке, әділет іс үшін күрескे бастайтын уайым – ойшыл адамға тән қасиет. Өмір соктықпала жолдарға, ала-құла қақтығыс, арпалыстарға толы. Осының бәрі – өлеңнің азығы. Осы жәйіттерді шығармаларына арқау еткен Абай, Жамбыл сынды ақындар өлеңдерінен көргө болады.

Абайдың адаптациясынан тұзғалған, орынсыз сөз сөйлем, қарекет кылмаған, жақсылығын еш адамнан аямай, тартынбаған, басына қандай іс түссе де адамшылығын, адальдығын, арын саттай, әділ айттып, тұра сөйлеген ұлының ауруына қарсы тұра алмай, айықпас дертке шалдығып, ажал аузынан алып қала алмай дәрменсіз болып, өмірден ерте кеткен Әбіштің қазасы ұлы ақынға оңай соккы емес. Абайға тиген соккы – бүкіл қазақ халқының басына келген ауыр қайғы. Жүргөті жаралы ақын заманын айыптаған сөйлегендегі:

– Ей, сорлы заман, менен аяған қай қастығын қалды... Мен ішпеген у барма!... (6.75) деп ақын жүргөті іштей зарланады, жаны күйініп, шер кеудесі қысылады.

Корыта айтқанда, көс ақын аяулы ұлдарынан қапыда айырылып, жапа шекті, көкіректері қарс айырылды. Абай ақынның Әбіші мендеген ауруына қарсы ем таба алмай қыршын кетсе, Жамбылдың Алғадайы нағыз ерлерше елі үшін қасықтай қанын киып, жанын беріп халқының қамкоршы азамат болып, туған елінің алдында міндестін абырайлы өтеп, халқының жүргегінде, келер үрпақтың сөзінде жатталып, көкейінде мәнгі қалмак.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. –Алматы, 2008.
2. Құнанбаев А. Өлеңдер жинағы. –Алматы, 1997.
3. Габдуллин М. –Алматы, 1998.
4. Ж.Жабаев Ж. Өлеңдері, толғау-жырлары. –Алматы: II-том. 1984.
5. Эзірбаев К. Өлеңдері, толғаулары, поэмалары. –Алматы, 1971.
6. Әуезов А. Абай жолы. –Алматы: 13-том, 1987.

Нұрғанат Керімбеков

Әділет пен ақылға сыйнатып көрген-білгенін...
(Абай шығармаларының 1995 жылғы жинағы туралы)

Асыл мұрамыз Абай шығармаларының қазіргі таңдағы аса маңызды басылымы – ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсанды М.О. Эуезов атындағы әдебиет және өнер институты дайындал 1995 жылы «Жазушы» баспа насынан шығарған «Шығармаларының екі томдық толық жинағы». Бұл басылымда ақын шығармалары М.Эуезов үлгісімен хронологиялық жүйемен беріліп, әр шығармаға ғылыми түсінік жазылған. Ғылыми түсініктегерден оқырман көп мағлұмат ала алады. Бұл жағынан алдыңғы толықнабайтапушы ғалымдарымыз айтуды енбек еткен.

Мұндай академиялық басылымның негізгі мақсаты әр сөзінде терен сырлар жатқан Абай шығармаларын мүмкіндігінше сауатты басылымын жасау керек еді. Өкінішке орай, шығармалар мәтінінде біраз қателіктер орын алған. Пікірдің дәлелдігі үшін бір-ер мысал келтірелік. Бірінші томның 120-бетінде:

Қор болды жаным.
Сенсізде менің күнім, –

деген жолдардағы «Сенсіздегі» «де» шылау болғандықтан бөлек жазылтуы керек. Бұл жерде «де» жатыс септік жалғауы емес, демеулік шылау. Жалғау мен шылаудың айырмашылығы – егер жалғау болса, оны алып тастасақ сөйлемдегі сөздердің байланысы бұзылады, ал шылауды алып тастағаннан сөйлемге бәлендей нұқсан келмейді. «Сенсіз менің күнім» деп айтуда да, жазуға да болады. Сондықтан бұл жерде «де» демеулік шылау, ол бөлек жазылады.

Мектепте қазақша оқыған әр қазақ баласы оқулықтан жаттап есken «Әсемпаз болма әр неге» өлеңіндегі «әрнеге» сөзі бұл жинақта «әр» «неге» болып бөлек жазылған (І т. 208-б). Бұл жерде «әрнеге» сөзі белгісіздік есімдігі, сондықтан бірге жазылады. «Әр» сөзі зат есіммен (адам, жер, күн, қала, т.б.) тіркессе, бөлек жазылады да, ал есімдіктермен (не, кім, қашан, бір, қалай, т.б.) қатар келгенде, бірге жазылады.

Жинақта көп кездесетін қателік – тыныс белгілерінен жіберілген. Әсіресе бастауыштан кейін қойылатын сызықша мен қарсылықты мәнді салаласқа байланысты қойылатын сызықша жестіспейді. Мысалы:

«Откен өмір бейне тұс» (II т. 20-б) тармағындағы «өмір» – сөзинен кейін сызықша (–) керек. Себебі, үл әйлемде «өмір» – бастауыш, «тұс» – баяндауыш, екеуі де атау тұлғалы зат есім, сондықтан бастауыштан кейін сызықша қою керек. «Өзі өнерсіз, өмірден тез сұынар» (II т. 21-б) дегендегі «өнерсіз» сөзинен кейін үтір емес, сызықша қойылтуы тиіс. Себебі «өнерсіз» – бастауыш, заттанған сын есім (адам сөзі жасырын тұр) – ал «сұынар» – есімшеден жасалған баяндауыш. Мұндай жағдайда бастауыштан кейін үтір қойылмайды.

Енді қарсылыкты салаласқа байланысты қойылатын үтір, сызықшага бір мысал.

«Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым». Үл – қарсылыкты салалас сәйлем. «Ерте ояндым, ойландым» – бірінші, «жете алмадым» – екінші жай сәйлем, «бірақ» деген қарсылыкты мәнді жалғаулық шылау мұнда тұсіріліп айттылған. Біз тұсірмей жазып көрейік:

«Ерте ояндық, ойландым, бірақ жете алмадым».

Сондықтан тұсіп қалған қарсылыкты мәнді шылаудың орнына сызықша қойылатындыктан, «Ерте ояндым, ойландым, – жете алмадым» болып жазылтуы тиіс.

Бәріміз білетін «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңде бастауыштан кейін қойылатын сызықшаны «өлең» сөзинен кейін қойып жүргіз. Сонда барлық өлең – сөздің патшасы болмақ. Абай барлық өлеңді сөздің патшасы демейді. Осы өлеңдің кейінгі шумақтарында:

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы.
Сонда да солардың бар тандамасы, –

демей ме? Одан әрі тіптен:

Қазакқа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді солар дандақ, –

деп, «көр-жерді өлең қылған» ақын өлеңдерін қатты сынаған Абай барлық өлеңді «сөз патшасы» деп айтпаса керек. Үл қисынға жүгінсек, сызықша «патшасы» дегеннен кейін қойыланы көнілге қонағы. Сонда сөз сарасы ғана өлең сөздің патшасы болмақ. Сөз сарасын «Қыыннан қыстырып ер данасы» дейді Абай. Сондықтан «Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы» болып жазылса, Абайдың өлеңге деген талабы мен талғамына сай болатыны анық.

Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы

Өкінішке орай, осы жинақта сөз тастап кеткен, Абай сөзін басқа сөзбен орынсыз ауыстырган жайлар да кездеседі. Мысалы, 38-карасөзінде: «... онын үшін махаббаттың төлеуі – махаббат» (II т. 189-б) болып басылғанда, «толады», «махаббаттың» деген сөздер мүлде түсіп қалған. Дұрысы «...онын үшін махаббатын толады, махаббаттың төлеуі – махаббат» болуы керек.

Абайдың нағызы ақындыққа бел бұған шағында (1886) жазылған «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деп басталағын өлеңін бұл жинақта «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман» деп өзгергіпті. Берілген түсініктегі: «Қайғы ойладық» деген сөзді екі рет қайталау жарасып тұрмашандықтан өлең атын осылай өзгертуді макұл көрдік» (II т. 259 –б.) деп уәж айтады. Сонда Абай сөзін «осылай өзгертуді макұл көрдік» деп өзертеп беру керек пе? Абайдың бір сөзі тұрмак бір әріпін өзгертеңіз, адам мүлде шатасады. Біздің міндетіміз – Абай сөзін жүргімізбен ұғынып, әр әріпін өз орнына қою. Абай осы жылы жазылған екі өлеңін де «Қартайдық, қайғы ойладық» деп бастап, біріншісінде «ұйқы сергек» десе, екіншісінде «ұлғайды арман» дейді. Ел тағдыры жанына батқан ақынның ұйқысы ашылып, арманы ұлғайғанын ұғынамыз. Ал, Абай «Қайрат қайтты» деп жазуы ақылға қонбайды. Шығармаларында адамның негізгі қасиетінің бірі ретінде «қайратқа» көп көніл бөліп, жан-жақты сипаттаған ақын «қайратым қайтты» деп айтпаса керек. Бұл жылдары «талаптың тұлпарын мінген» жалындаған нағыз қайратты шағы еді.

Мұндай орынсыз өзгеріс «Адамның кейбір кездері» өлеңінде де бар.

Әділет пен ақылға
Сынатып көрген-білгенін.
Білдірсе алыс-жақынға
Солардың сөйле дегенін, –

деген шумағындағы «білдірсе» сезі 1945, 1961, 2005 жылдардағы жинақтарда «білдірер» деген келер шақ есімшемен берілген. Біз «білдірер» болып жазылғанын құптаймыз. Өйткені өлеңнің алдыңғы шумағында «қолға алар», «толғанар» деген Абай «білдірерді» «білдірсе» деп, шартты райға айналдыруы көнілге қонбайды.

«Кейде есер көніл құрғырың» өлеңіндегі көп адамды ойландырып жүрген сез – «Махаббатсыз – дүние дос» (1995 жылғы басылымда «дүниедос» бол бірге жазылыпты. I т. 159-б.). Ал

1961 жылғы басылымда «Махаббатсыз – дүние бос» делінген. Қайсысы дұрыс? Екі басылымда да бұл туралы түсінік берілмеген.

Абайдың «Алланы тану» мәселесінде аса күрделі танымды берген «Алла деген сөз женіл» өлеңіндегі бір ізге түспей, абайтанушыларды қатты ойландырып жүрген сөз:

Ақыл мен хауас барлығын
Білмейдүр, жүрек сезедүр, –

дегендегі «меннің» бөлек және бірге жазылуы. Бұл жинақта бірге жазылған. Хақім шығармаларындағы күрделі танымдарға терен бойлап, терең тануды максат еткен Мекемтас Мырзахметұлы «менді» ақыл сөзімен бірге жазғанда Абайдың «Алланы тану» мәселесін біз дұрыс бағамдай аламыз дейді. Бұған сөзімнің ішкі сырын кім аңғарса, сөзім сонікі деп Абайдың өзі төрелігін жасайды.

Әйгілі «Айттым сәлем, қаламқас» өлеңіндегі «қаламқасты» қалай жазбакты? Жинақта бөлек жазылыпты. «Қиыстырып мақтайсыз» өлеңіндегі:

Тал жібектей оралып,
Гүл шыбықтай бұралып (Іт. 126-б.), –

деген жолдардағы «тал» мен «гүл» ауысып кеткен жок па екен? «Гүл жібектей», «тал шыбықтай» деген дұрыс болмас па?

Ендігі бір қалыпқа түспеген мәселе – Абай шығармаларындағы кейбір сөздердің орфографиясы. Өз басым Абайдың «қарасөзін» бірге жазу керек деп білем. Ал біз бөлек жазып журміз. Бөлек жазатын мұндағы «қара» мен «сөз» сын есім мен зат есім емес. Бұл – әдеби-философиялық жанр. Сондыктan бір жанрдың атын бөлек жазбай бірге жазсак көнілге қонбак. Сол сияқты «хакім» сөзі де «хаким» болып жазылып жүр. Бұның біреуіне тоқтауымыз керек. Және де «иманигул» деген Абай гуманизмінің аса бір ұғымы бар. Бұл сөз де көбіне бөлек жазылып жүр.

Ардақтымыз Абайдың шығармаларының сауатты басылымын жасай алмай жүргеніміз «абайтану» ілімінің зор кемшілігі. «Абайтану» ілімінің қазіргі деңгейінің қандай екенін осының өзі-ак көрсетіп тұр. 1995 жылға академиялық жинақтан еміле және тыныс белгі қателерінің көп болуының бір себебі – бұл басылымға білікті тілші ғалымдардың тартылмауынан болған.

Абай мұрасы – қазактың ұлттық қазынасы

М.О. Өуезов өзі басы-қасында болып дайындаған Абайдың 100 жылдығына орай шыққан шығармалар жинағының жауапты редакторы аса білікті тілші-ғалым Нығымет Сауранбайев болғанын еске алсақ, ендігі басылымды дайындағанда тілші-ғалымдардың корректор, редактор болуы аса қажет.

Асыл мұрамызға абай болып, әр сезін әділет пен ақылға сынатып барып, халыққа ұсынсақ Абай мен халық алдындағы парызымыз адал өтелмек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. –Алматы, 1995.
2. Абай. Толық шығармалар жинағы. –Алматы, 1945.
3. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. –Алматы, 1961.
4. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. – Алматы, 2005.

Әлімбай Найзабаев

Жамандық күнде жарымсың...

Абай «Көнілдің күй тағы да» (1900) дейтін лирикалық өлеңін М.Ю.Лермонтовтың «Измаил-Бей» [1,229-6] поэмасындағы кіріспенің он екі жолын аудару арқылы жазып, өз жанынан:

Жанымның жарық жұлдызы,
Жамандық күнде жарымсың.
Сөз болсын ескі ер сөзі,
Кейінгіге қалынсын [2,52-6], –

деп төрт жолды тағы бір шумақ қосқаны туралы ғылыми еңбек-терден билетінбіз. «1900 жылы екі-үш өлең жазған. Ал, «Көнілдің күй тағы да» деген шығармасы Лермонтовтың өлеңімен тығыз байланысты» [3,98-6], – деп, ең алғаш осы шығарманың Лермонтов өлеңімен байланысы бар екендігі туралы қысқаша ой-пікір айтқан М.О. Эуезов болды. Осы өлеңнің соңғы бір шумағы жайлыш Зәки Ахметов: «Өлеңнің соңғы шумағы түпнұсқада жоқ, Абай өзі қосқан сияқты» [4,288-6], – деп пікір білдірсе, Жұмагали Ысмағұлов 1909 жылғы жинақ пен Мұрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдарды салыстыра отырып: «М.Ю.Лермонтовтың «Измаил-Бей» поэмасынан аударма. Абай соның кіріспесінен 12 жол алып аударған да, өз жанынан төрт жолды тағы бір шумақ қосқан» [2,233-6], – деп З.Ахметовтың жоғарыдағы пікірін нақтылай түседі.

З.Ахметовтың пайымдауынша: «Лермонтов осы сезімін Измаилдың жақсы көрген, бірақ қолынан шығарып алған Черкес қызы Бараны (Зараны. – Ә.Н.) сағынуын бейнелеу арқылы аңғартады. Абай өлеңіндегі «жарымсың» деген сөз Лермонтовтың бұрынғы махаббатын сағынған сезімін білдірген сөздерге сәйкес келеді емес пе?..» [4,288-6], – деп ой түйеді. Демек, З.Ахметов осы бір шумақ өленде Лермонтовтың өміріне қатысты өмірбаяндық дерек бар сияқты деген ойын ортаға салып отырган тәрізді. «Жарымсың» деген сөзге екпін түсіре отырып, Лермонтовтың бұрынғы махаббатын (Наталья Феодровна Иванованы. – Ә.Н.) сағынуын Абай бейнелеу арқылы аңғартады деген байламға келеді.

Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайлышы әдеби-сын зерттеу еңбек жазған Тәкен Әлімқұлов та осы бір шумақ өлеңге ерекше көніл бөліп, пікір білдірген. Ол: «Бұл – Абайдың көкіре-

гінде көлтен үлаған көкейкесті сөзі. Соның орайын тауып, осы өлеңнің төртінші шумағына қыстырып жіберіп отырғаны да тегін емес. Жеке туындылардың тарихы автордың өміrbаянын арши түсуге көмектеседі. Бұлтарптас дәлелдін бодауына жүреді. Мәдениетті ақындардың із калдырған жерін өлеңмен таңбалап кетуінде осындай да сыр бар. Ұзын сөздін қысқасы, Абайдың соңғы жылдарында жұмбак бар. Бұл ұлы қайраткердің тағдырына тән жұмбак» [5,28-б], – деп, Абайдың жұмбак өмірінің соңғы жылдарына терең бойлауды мақсат еткені байқалады. Бұл жерде зерттеуші 1903 жылы патша полицейлері ақын ауылын қоршауға алып, Жидебайдағы үйінде жүргізілген тінтуді, 1904 жылы қайтыс болған ұлы Абайдың жұмбак өлімінің себебін терең зерттеп-зerdeлеу керектігін аңғартқандай болады. Бір сөзben айтканда, саяси астары бар өлең шумағы деген ойды меңзеп тұрған сияқты.

Осы жерден оймызды түйіндесек, жоғарыдағы Абайдың өз жанынан косқан бір шумакта автобиографиялық (өміrbаяндық) факті бар деген ортақ пікірді З. Ахметов, Ж.. Ысмағұлов, Т.Әлімқұлов та жокқа шығармайды.

М.О. Әуезов Абайдың ақындық жолына өлеңдерінің туу, жазылу себебтерін ашуға көп назар аударып отырған. Көп жағдайда Абай өмірінің кей тұстарын бейнелейтін өлеңдерінің сырын ашуды, кейінгі зерттеушілерге ой салу үшін қысқа ғана бір ауыз сөзben із тастап қана кеткен.

Жоғарыдағы бір шумак өлеңнің екінші жолындағы «жарымсың» деген сөзде терең мән бар сияқты. Абай «жар» деген ұғыммен «Алланы», «өлеңді» немесе «әйелді» айтып отырған болтуы да мүмкін. Осы үш ұғымның ішінен «жарымсың» – деп Абай «әйелді» айтып отырған сияқты. Абайдың 1900 жылы жанында болған әйелі – Еркежан. Сондыктan «Жамандық күнде жарымсың» – деп Еркежанды айтып отырған тәрізді. Себебі, бүгінгі күнге жеткен естелік қолжазбалар, М.О. Әуезовтің зерттеу еңбектерінде Еркежан жайлы деректі-мағұлматтар осылай болжам жасауға жетелейді.

Абайдың Эйгеріммен туған баласы Тұрағұл «Әкем Абай тұралы» деген естелік қолжазбасында: «Үлкен үйдегі келінін алып, үлкен үйге кірген соң, өзге үйіне оқта-текте келетін болып, дәүлесті мол жерде, ел оргасында үлкен үйге отыратын болды...» [6,19-б], – деп келіні Еркежанды алған соң, екі әйелі Ділдә мен Эйгерім аулына экесінің «оқта-текте» ғана барып, өмірінің соңғы жылдарында Еркежанмен тұрғаны жайлы сенімді мағлұмат береді.

М.О. Эуезов «Абайдың туысы мен өмірі» атты Абай өміrbаянының алғашқы нұсқасында: «Бұл екі арада Абай өмірінде болған үлкен өзгеріс 1982 жылы Оспанның үлкен үйіндегі (бұл Құнанбайдың үлкен үйі болады) Еркежан деген келінін алады» [7,146-б], – деп Еркежанды алған жылын анықтағандай болады. Бірақ Абай өміrbаянының үшінші нұсқасында: «Осыдан кейін Оспан өлгенине 5 жыл толғанда, 1896 жылы Абай Еркежанды алады.»[7,325-б], – деп, Еркежанды нақты 1896 жылы алғандығын нақтыладап, анықтал алады да: «Еркежанды Абай өле-өлгенше жақсы көрүмен кеткен. Мұны алған сон, өзге екі әйелінен, әсіреле соңғы кездे көnlі қалған Эйгерімнен алыстап кетеді. Ділдә өрге қартайып, балаларының анасы болған қалпында жай ғана сыйлас досы бол қалады. Ендігі әйелі өзге екеуді емес, жалғыз Еркежан ғана болғанға ұқсайды» [7,326-б], – деп, Абай өмірінің соңғы жылдарында өзге екі әйелі емес, жалғыз Еркежанмен ғана тұрган болуы керек деген байламға келген тәрізді.

Сонымен Абай «жарымсын» деп Еркежанды айттып отырғанға ұқсайды. 1891 жылы Оспан қайтыс болған сон, Еркежанды Ырғызбай әuletі әменгерлік жолмен Абайға қосқан. Еркежан – Абайдың соңғы қайғылы өміріндегі сырлас досы, адал жары. Ол – ағайын арасындағы татулыкты сактаған, күндестік ойламай, Абай балаларының бәрін бауырына тартып, улғи-өнеге көрсеткен үлкен ақыл иесі. Ал «жамандық күнде» деп зарлануы да тегін емес. 1891 жылы інісі Оспан, 1895 жылы баласы Әбіштің мезгілсіз өлімін аза тұтып журген Абайдың өзіне жасалған 1897 жылғы қастандық сияқты азалы да, азапты күндерін мензеп отырған тәрізді. Абай осындай «жамандық күнде» (1897 жылғы) жанынан табылған Еркежанды «Жанымның жарық жұлдызы» деп, осындай адап жарын кейінгілер білсін, өнеге алсын: «Сөз болын ескі ер сөзі, кейінгіге қалынсын», – десе, дегендей-ақ.

Қорыта айтқанда Абай М.Ю.Лермонтовтың өлеңінен өз жанынан бір шумақ қосу арқылы өмірінің кей тұстарын жұмбактап, астарлап, мензеу арқылы анғартады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Лермонтов М.Ю. Сочинения в 4-х томах. – Т.2. – Москва: Правда, 1986. – 512 стр.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі том-дүйкә толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005. – 336 б.

Абай мұрасы – казактың ұлттық қазынасы

3. Әуезов М.О. Абайтану дәрістері. – Алматы: Рауан, 1994. – 160 б.
4. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының, Атамұра: – 1995. – 720 б.
5. Әлімқұлов Т. Жұмбак жан: Әдеби-сын зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1993.
6. Құнанбаев Т. Экем Абай туралы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 56 б.
7. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – Алматы: Санат, 1997. – 416 б.

Авторлар туралы мәліметтер

Қасқабасов Сейіт Асқарұлы – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, КР ҰҒА академигі, филол.ф.д., профессор.

Ысмағұлов Жұмағали – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Әдебиет тарихы секторының жоба жетекшісі, филол.ф.д., профессор.

Мырзахметов Мекемтас – М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті Б.Момышұлы атындағы орталықтың директоры, филол.ф.д., профессор.

Корабай Серікқазы – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Әдебиет тарихы секторының модераторы, филол.ф.к.

Қайшыбаева Раушан – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Әуезовтану секторының аға ғылыми қызметкері, филол.ф.к.

Әлібек Токтар Қесімұлы – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Әдебиет тарихы секторының жетекші ғылыми қызметкері, филол.ф.к.

Мұқан Аманкелді Оразбайұлы – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Өнертану секторының модераторы, өнертану кандидаты.

Сарисев Шемішбай Нагашыбайұлы – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Әдебиет тарихы секторының аға ғылыми қызметкері, филол.ф.к.

Ердембеков Бауыржан – Семей мемлекеттік педагогикалық институтының педагогика-психология факультетінің деканы, филол.ф.д.

Ақыш Нұрдаulet Бабиханұлы – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Әдебиет тарихы секторының жоба жетекшісі, филол.ф.к.

Орда Гүлжанан Жұмабердікызы – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Әдебиет тарихы секторының аға ғылыми қызметкері, филол.ф.к.

Машакова Айнур Қасымжанқызы – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қазіргі әдебиет (тәуелсіздік дәүірі) және әлем әдебисті секторының ғылыми қызметкері, филол.ф.к.

Акашева Салима Салимовна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Исламбаева Зухра Усманбекқызы – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Өнертану секторының кіші ғылыми қызметкері, театртанушы.

Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы

Сабырова Айжан Сауханқызы – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Әдебиет тарихы секторының кішіғылыми қызметкері.

Керімбаев Нұрғанат – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Абайтану» ғылыми-зерттеу оргалығының жетекші ғылыми қызметкері.

Найзабаев Әлімбай – Тараз Мемлекеттік педагогикалық институтының аспиранты.

МАЗМУНЫ

1. Қасқабасов С. Кіріспе сөз	3
2. Үсмагұлов Ж. Қазақтың рухын оятқан басылым (Абайдың алғашқы жинағы туралы)	7
3. Мырзахметов М. Ғасыр жүгін арқалаған ақын	13
4. Қорабай С. Абайдың тұнғыш кітабын бастырушылар	18
5. Қайышбаева Р. Некоторые проблемы перевода прозы Абая на русский язык	24
6. Әлібек Т. Абайдың тұнғыш (1909) және соңғы (1995) жинақтарындағы кейбір мәтіндік ерекшеліктер	32
7. Мұқан А. М.О.Әуезовтың «Абайы» классика ма? (Немесе, аталмыш шығарманың театр сахнасына қойылу тарихынан)	40
8. Сариев Ш. Абай дәстүрі және тәуелсіздік кезеңдегі қазақ лирикасы.	55
9. Ақыш Н. Абай қара сөздеріндегі ұлттық идея	70
10. Ердембеков Б. Құдайым жаратуын қасқа қылыш	75
11. Орда Г. Абай поэзиясындағы мәнгілік категориилар	84
12. Машакова А. Абай в восточных научных исследованиях	88
13. Акашева С. Некоторые вопросы риторики в «книге слов» Абая	95
14. Исламбаева З. Абай шығармаларының сахналық көрінісі	100
15. Сабырова А. Абай және Жамбыл	107
16. Қерімбаев Н. Әділет пен ақылға сынатып көрген-білгенін... (Абай шығармаларының 1995 жылғы жинағы туралы)	115
17. Найзабаев Ә. Жамандық күнде жарымсың	120
18. Авторлар туралы мәліметтер	124

Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы (Респубикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары)

Компьютерде беттеген: Б.Қосдаулетов
Суретші: Д.Тасболатов

Теруге 15.08.2009 берілді.
Басуға 26.08.2009 қол қойылды.
Офсеттік басылым. Пішімі 85x116 1/16
Шартты баспа табағы 10,0.
Есептік баспа табағы 8,0.
Таралымы 100 дана.

«КИЕ» лингвоелтану
инновациялық орталығы» ЖШС
Алматы қаласы,
Төле би көшесі, 27.
Тел.факс: 291 35 63
E-mail: KIE_ORTALYGY@mail.ru